

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ
ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**
**Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік
университеті**

Жуынтаева З.Н., Тұрсынова М.А.

ҚАЗАҚ ТІЛІ ТАРИХЫН ДӘУІРЛЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Оқу-әдістемелік құрал

ҚАРАҒАНДЫ
2016

Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ Ғылыми-әдістемелік кеңесі ұсынған

Құрастырғандар: Жуынтаева З.Н., Тұрсынова М.А.

Қазақ тілі тарихын дәуірлеу мәселелері: Оқу-әдістемелік құрал. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2016. – 101 б.

ISBN

Оқу-әдістемелік құралда қазақ тілі тарихын дәуірлеудің негізгі сипаттары қарастырылған. Алтай, ғұн, көне, орта және жаңа түркі кезеңдерінің қазақ тілі тарихымен байланысы сөз болады. Әрбір дәуірдің өзіне тән ерекшеліктері, тіліміздің даму тарихында болған жай-күйлер айтылып, семинар сабақтарына қатысты тапсырмалар, бақылау, өздік жұмыстарының тақырыптары, білімін бақылау үшін тест берілген.

Филология факультеттерінің «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Қазақ тілінде оқытылмайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті», «Филология» мамандықтарында оқитын күндізгі және сыртқы бөлім студенттеріне, магистранттарға арналған.

ББК

Пікір жазғандар:

филология ғылымдарының докторы, проф.

Ш.Ш.Жалмаханов,

филология ғылымдарының докторы А.С.Әділова,

филология ғылымдарының кандидаты С.А.Кенжеғалиев

ISBN Жуынтаева З.Н., Тұрсынова М.А., 2016
Қарағанды мемлекеттік университеті, 2016

Алғысөз

Қазақ тілінің тарихы тереңнен бастау алады. Тілдің тарихы халықтың тарихымен тығыз байланысты. Тіліміздің тарихын зерделеуге Елбасымыздың «Мәдени мұра» бағдарламасында да ерекше көңіл бөлінеді. Халық тарихы, шежіресі көне, орта түркі жазбаларында көрініс тапқан. Елбасының 2014 жылғы халыққа Жолдауында көрсетілген «Мәңгілік Ел» идеясы жарқын болашаққа бастар жол екендігі анық. Өйткені қазіргі жаһандық жағдайда елдікті сақтап, ұлт ретінде жасау үшін тұтастық, береке мен бірлік керек. Яғни өткен тарихта сабақтастық пен ұрпақтардың жалғастығы бар екендігіне күмән жоқ. Сондай-ақ тіліміздің байлығын сақтап қалу, қазақ тілінің даму тарихын қарастыру да маңызды болып табылады.

Тіл тарихы екі салаға бөлінеді: тарихи грамматика және әдеби тілдің тарихы. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы нормалардың жүйеге түспеген күнделікті сөйлеу тілінен бастап халық тілінің бүкіл салалармен бірге барлық көрінісін тұтас алып қарастырады. Әдеби тілдің тарихы нормалық қалыпқа, жүйеге түскен тілді, тілдің сондай салаларын қарастырады. Тарихи грамматика бүкіл тіл жүйесіндегі тарихи өзгерістерді қарастырады. Қазақ тілінің тарихы өзінің зерттеу объектісін жүйеленген әдеби тіл ескерткіштері негізінде айтады, сондықтан бұл екі пән бір-бірімен өте тығыз байланысты. Тарихи грамматика бүгінгі тілдің фонетикалық, грамматикалық құрылымының осы күнге жету жолын, эволюциясын тарихи-салыстырмалы әдіс негізінде түсіндіруді міндет етеді. Әдеби тілдің тарихы әдеби тілдің қалыптасу, даму жолдарын өткен дәуірге қатысты мұралар тілін зерттеуден бастап, әр дәуірдегі сөйлеу мен жазу нормаларының құрамында болған өзгерістер мен жаңалықтарды, олардың нормалану үдерістерін, тілдің

қоғамдық қызметінің дамуын хронологиялық ретпен зерттеп анықтайды.

Әдеби тілдің тарихы сол тілдің арғы генезисі қандай, сол тілде сөйлейтін халықтардың түпкі этногендік құрамы қай сипатта еді, ол тілдің бүгінгі сипатының алғашқы энтогенездік негізбен байланысы қандай дейтін мәселелерді мақсат етіп қоймайды. Өйткені әдеби тіл дайын үлгіге – халық тіліне сүйеніп жасалады. Ал тарихи грамматика халықтың этногенезі қандай еді, халық тілі қандай этникалық топтар тілдерінің негізінде жасалды, ол негіз тілдің бүгінгі тіл құрамындағы іздері қай сипатта еді дейтін мәселелерді зерттеп айқындауды өзінің басты міндеттерінің бірі деп санайды. Сонымен, әдеби тіл тарихы мен тарихи грамматика бір-бірімен байланыста болғанмен, екі түрлі мақсаты мен міндеті бар, әрқайсысының қалыптасқан зерттеу, түсіндіру әдістері мен тәсілдері бар пәндер болып саналады. Тіл тарихын дәуірлеуде бұл екі пәннің де қызметі бірдей. Адам баласының сөйлеу тілінен бастап бүгінгі тіліміздің жай-күйлерін қарастыруда тіл тарихының маңызы зор.

Біз оқу-әдістемелік құралда қазақ тілін дәуірлеуді түркі тілдерінің дәуірлеу кезеңдерімен байланыстыра қараймыз. Себебі қазақ тілі түркі тілдерінің қыпшақ тобының батыс тармағына жатады. Оған қарақалпақ, қарашай-балқар, башқұрт, қырым татары, қырғыз тілдері кіреді. Қазақ тілі қыпшақ тобындағы тілдердің бірі делінетін тұжырым сол көне дәуір мұраларын салыстыра зерттеуге сүйенеді.

Тіліміздің тарихын кезеңдерге бөлу алтай, ғұн дәуірінен басталады. Бұл кезеңдер жайында ғалымдар арасында талас тудырып келе жатқан мәселе көп. Дегенмен түркілер сол кезеңде өмір сүргендіктен, оның сөйлеу тілін қарастырудың да маңызы зор. Көне дәуір мұраларының фактілері тарихи грамматикалық зерттеулерде екі түрлі мақсатта пайдаланылады: көне мұра фактісі тілдің құрылымында болған өзгерістер жүйесінің түпкі негізін көрсетеді. Қысқасы,

көне мұралар – тарихи грамматика сүйенетін ең басты көздердің бірі. Ал тарихи грамматикалық зерттеулер көне дәуірден бізге жеткен ескерткіштерді ескермей қала алмайды. Көне дәуір мұраларының фактілері тілдің құрылымында болған өзгерістер жүйесінің түпкі негізін көрсетеді, сондай-ақ сол фактілердің негізінде тіл құрылысында болған өзгерістер жүйесі айқындалады. Сол көне мұраларға сүйене отырып, фонетикалық және грамматикалық құрылыстың құрамында болған өзгерістерді айқындайды.

Тіліміздің тарихында орта кезеңнің алатын орны ерекше. Себебі бұл дәуірде түркі тайпалары мәдениетінде жаңа бетбұрыс болды. IX-XI ғасырларда бұл өлкеде (Сыр, Жетісу) араб-иран мәдениетінің ықпалы күшті еді. Түркі халқының екі ұлы перзенті М.Қашқари мен Ж.Баласағұнның еңбектері осындай жағдайда туды. М.Қашқаридің «Диуани лұғат ат-түрк» (Түркі тілдерінің сөздігі) және Ж.Баласағұнның «Құдатғу біліг» (Құтты біліг) еңбектері осы кезеңде жазылды.

Жаңа дәуірдің ХУ-ХҮІ ғасырларында біртұтас қазақ тілі жайында айтуға мүмкіндік туды. Бұл заманда қазақтың бай ауыз әдебиеті туды, авторлық әдебиет – жазба әдебиет пайда бола бастады. Қазақ тілінің негізгі құрамдық белгілері де осы замандарда қалыптасты. ХІХ ғасырда қазақтың ұлттық тілі қалыптасты. Қазақтың жазба әдеби тілінің негізін салған А.Құнанбаев пен Ы.Алтынсарин осы дәуірде өздерінің атакты шығармаларын жазды. ХІХ ғасырда жазба әдебиет қалыптасты, қазақ баспасөзі туды. Шын мәнінде, ұлттық әдеби тіл жасалды, қазақ тілі мемлекеттік тіл дәрежесіне көтерілді.

Біздің мақсатымыз – тіл тарихын кезеңдерге бөлудің теориялық негізін қарастыру, тіліміздің тарихында болған жайларды сипаттау, әрбір кезеңнің өзіне тән ерекшеліктерін түсіндіру.

Оқу-әдістемелік құралда студенттерге қажетті бақылау жұмыс тақырыптары, әр тақырыптарға қатысты жаттығу жұмыстары енгізілді. Жаттығу жұмыстарындағы мысалдар Ғ.Айдаровтың «Күлтегін» ескерткішінен, М.Қашқаридің «Түрік сөздігінен», Қожа Ахмет Иассауидің «Ақыл кітабынан», Жүсіп Баласағұнның «Құтты білігінен» алынды.

Оқу-әдістемелік құралы 5В011700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті», 5В020500 – «Филология» мамандықтарының күндізгі және сырттай оқитын студенттері үшін «Қазақ тілінің тарихи грамматикасы», «Түркітануға кіріспе», «Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы» және 6М011700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығында оқитын магистранттар үшін «Тіл тарихын дәуірлеудің теориялық негіздері», «Түркітану мәселелері» атты пәндері үшін қосымша құрал болары сөзсіз.

Тіл тарихын дәуірлеу мәселесі

Тіліміздің тарихын кезеңдерге бөліп қарастыруға байланысты түрлі көзқарастар айтылып жүр. Қазіргі таңда қазақ тілінің тарихын түркітануға қатысты еңбектерде алтай дәуірінен бастап жүр. «Қазақ тілінің тарихын түркі тілдерінің даму тарихында алтай дәуірінен де әрі шумер дәуірі болғандығы жайлы деректермен өзектей отырып, шумер тілі мен түркі тілдерінің, соның ішінде қазақ тілінің арасында көптеген ортақ тілдік құбылыстардың бар екендігін, сонымен бірге шумер таңбаларының көне түркі әліпбиіндегі таңбалармен ұқсастығын тілдік деректермен дәлелдей отырып, қазақ тілінің даму кезеңдерін түркітануда бұрыннан белгілі болған алты дәуірге қоса, шумер дәуірімен толықтыру қажеттігі туындайды» [1].

Түркі халықтарының, олардың тілдерінің тарихын зерттеген ғалымдар (М.Н.Кастрен, В.Бартольд, В.Радлов, П.Мелиоранский, С.Малов, В.Владимирцев, Г.Рамстедт, В.Котвич, Н.Баскаков т.б.) түркілердің ру-тайпа болып даму тарихын алты кезеңге бөліп қарайды. Олар: 1.Алтай дәуірі; 2.Ғұн дәуірі; 3.Көне түркі дәуірі; 4.Орта түркі дәуірі; 5.Жаңа түркі дәуірі; 6.Кенес дәуірі [2,9].

Тіліміздің тарихын қарастыру үшін, оның басынан кешкен кезеңдеріне ерекше назар аударуымыз керек. Олай болса, қазақ тілінің тарихы түркі тілдерінің даму, қалыптасу кезеңдерімен тығыз байланысты екендігі белгілі. Тіл тарихын дәуірлеуге байланысты ғалымдардың арасында түрлі көзқарастар бар. Мысалы: Н.А.Баскаков зертеулерінде түркі тілдерінің даму кезеңдерін 6-ға бөліп қарастырады: 1) Алтай дәуірі; 2) Ғұн дәуірі (Ү ғасырға дейін); 3) Көне түркі дәуірі (Ү-Х ғасырлар); 4) Орта түркі дәуірі немесе негізгі түркі тайпаларының дамуы мен қалыптасуы дәуірі (Х-ХҮ ғасырлар); 5) Жаңа түркі дәуірі немесе түркі халықтарының қалыптасуы мен даму дәуірі (ХҮ-XX ғасырлар); 6) Ең жаңа

дәуір немесе түркі тілдерінің Қазан социалистік төңкерісінен кейінгі даму дәуірі [3, 15].

Қ.Өмірәлиев «Қазақ әдеби тілінің тарихи кезеңдері» мақаласында: «Ертедегі Түрік қағанатында жазба әдеби тіл де болды. Ертедегі түріктер YI-YII ғасырларда өзінің оңтүстік батыс көршісі соғдылардан алфавит қабылдады. Осы алфавит негізінде түрік тілінің дыбыс жүйесіне лайықтап өз алфавитін жасады» [4, 216] дей келе, орта дәуірде жазылған еңбектерге, XY-XVIII ғасырларда жазылған еңбектерге, XIX ғасырлардағы шығармаларға қысқаша тоқталып, бұлардың бәрін қазақ әдеби тілінің тарихи кезеңдері ретінде қарастыруды жөн санайды.

Қазақ халқы YIII-X ғасырларда-ақ халық болып қалыптаса бастау жолына түсті. Бірақ қазақ халқының қалыптаса бастауы біртұтас халықтықты көрсетпейді. Өйткені ол халық болып біржола қалыптасқанға дейінгі аралықтың өзінде көп тарихи өзгерістерді басынан кешірді. Олай болса, оның тілі туралы да осыны айту керек. Халық болып қалыптасқанға дейінгі халық өміріндегі өзгеріс – тілдегі өзгеріс. Қазақтың халық тілі YIII-X ғасыр мен XY-XVI ғасыр арасындағы осы тілдік өзгерістер негізінде келіп шықты [4,155].

«Қазақ әдеби тілінің даму барысын дәуірлерге бөлу мәселесінде орныққан бірыңғай пікір жоқ» дей отырып, ғалым қазақ әдеби тілінің басталар тұсы жайындағы көзқарастарды беске бөліп топтастыруға болады дейді:

1) Қазақ әдеби тілінің тарихын ертеден, көне түркі дәуірінен, хундар мемлекеті кезінен бастайды (Ғ.Мұсабаев II ғасырдан, Ә.Марғұлан, Б.Кенжебаев Y ғасырдан т.б.).

2) Қазақ әдеби тілінің тарихы XYIII ғасырдан басталады (Қ.Жұмалиев, М.Балақаев т.б.).

3) XIX ғасырдың II жартысынан басталады (Қ.Жұбанов, Н.Сауранбаев, С.Аманжолов, Ш.Кеңесбаев). Бұл концепцияны ұстанушылар XIX ғасырдың II жартысына

дейін де қазақта әдеби тілді танытатын үлгілер болды дегенді қоса айтады. Сірә, бұл жердегі пікір қазақтың ұлттық әдеби тілін көздей айтылған болу керек.

4) Қазақ әдеби тілі Октябрь Революциясынан кейін басталады (Т.Қордабаев).

5) Қазақтың төл әдеби тілі ауызша дамыған авторлы поэзия түрінде оның халық болып құралған кезеңінен, ХҮ-ХҮІ ғасырлардан басталады, ал ескі жазба әдеби тілі ХҮІ-ХҮІІ ғасырлардан, жаңа ұлттық жазба әдеби тілі ХІХ ғасырдың ІІ жартысынан басталады (Р.Сыздықова, Қ.Өмірәлиев, Б.Әбілқасымов, А.Ысқақов, Ә.Құрышжанов т.б.) [4, 17-18].

Р.Сыздықова қазақ әдеби тілінің даму тарихын ең алдымен басты-басты екі дәуірге бөледі:

I. Қазақ халқының ұлттық кезеңге дейінгі әдеби тілі.

II. Қазақ халқының ұлт болып қалыптасқан кезеңіндегі әдеби тіл.

1-кезеңі Қазақ хандықтарының құрылуы мен қалыптасу тұсы, бұл ХҮ-ХҮІІІ ғасырдың бірінші жартысын қамтиды, мұны қазақ хандықтарының кезіндегі әдеби тіл деп те атап жүр.

2-кезеңді де күні бүгінге дейін бел алып келген дағды бойынша ХҮІІІ ғасырдың ІІ жартысынан ХІХ ғасырдың ІІ жартысына дейінгі тұсқа шамалауға болады. Бұл тұста қазақ хандығы жойылды [5,21].

Ә.Құрышжанов 1986 жылы «Ескі түркі жазба ескерткіштері» (ХІ-ХҮ) курсының бағдарламасын жасады. Онда автор былай дейді: «Ескі түркі жазба ескерткіштері» деген осы программа Қазақстан топырағында бірінші рет жасалып отыр. Қазіргі таңда ескерткіштер тілінің ерекшеліктерін екшеуден бұрын, сол жазбалардың өздері туралы нақтылы мәліметтер алу бәрінен де қажетті мәселеге айналып отыр» [6, 3] дей келе, ескі түркі жазба ескерткіштеріне орта түркі дәуірі ескерткіштерін жатқызуды

жөн санайды. Жоғарыда айтылған ескерткіштерді топтастыру, жүйелеу, классификациялау және олардың принциптерін айқындауды осы бағдарламаның басты мақсаты санайды.

Тіл тарихын дәуірлеуге байланысты осы тәрізді түрлі көзқарастар айтылғанымен, түркітанудағы тіл тарихының даму кезеңдеріне сай біз де қазақ тілінің тарихын сол ізбен қарастыруды жөн көрдік.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Шарахымбай Б. Алтай, түпкі түрк, үндістер немесе шығыс ностра ақиқаты хақында /Әдебиет айдыны. №15, 10 сәуір, 2008.

2. Қордабаев Т. Түркология және қазақ тіл білімі. – Қарағанды, 1992. – 137 б.

3. Қайдар Ә., М.Оразов. Түркітануға кіріспе. – Алматы: Арыс, 2004. – 360 б.

4. Өмірәлиев Қ. Ата тарих айғақтары. – Алматы, 2001. – 225 б.

5. Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы (ХҮ-ХІХ ғасырлар). – Алматы: Ана тілі, 1993. - 320 б.

6. Құрышжанов Ә. Ескі түркі жазба ескерткіштері (ХІ-ХҮ) курсының программасы. – Қарағанды: ҚарМУ, 1986. - 43 б.

Бақылау сұрақтары:

1. Тіл тарихының негізгі нысаны.
2. Тілдің тарихын дәуірлеуге қатысты көзқарастар.
3. Түркі тілдерінің қалыптасу кезеңдері.
4. Көне түркі жазуының зерттелу кезеңдері.
5. Қазақ тілінің тарихи дамуы.
6. Түркі тілдерінің бүгінгі таңдағы зерттелуі.

Тапсырмалар:

1-тапсырма. А.Байтұрсынұлы қолданған лингвистикалық терминдерді қазіргі қазақ тіл біліміндегі терминдермен салыстырып, ерекшеліктерін анықтаңыз.

2-тапсырма. «Шет елдегі түркі халықтары» деген тақырыпта конспект жазыңыз.

3-тапсырма. «Түркі халықтарының орналасу территориясы» деген тақырыпта конспект жазыңыз.

4-тапсырма. Түркі тілдерін Н.А.Баскаковтың классификациясы бойынша топтап жазыңыз.

Қарақалпақ, ұйғыр, чуваш, якут, алтай, түрік, ноғай, гагауз, татар, трухмен, хакас, қарашай-балқар, башқұрт.

5-тапсырма. Төмендегі кестені Н.А.Баскаковтың классификациясы бойынша толтырыңыз.

Бұлғар тобы	
Оғыз-түрікмен топшасы	
Қыпшақ-ноғай топшасы	
Ұйғыр-оғыз тобы	
Қарлұқ тобы	
Оғыз-селжүк топшасы	
Қыпшақ-половец топшасы	

6-тапсырма. Түркі тілдерінің дамуы мен қалыптасу кезеңдерінің көрсетілген мерзімдерінің дұрыс жасауларын қойыңыз.

Алтай дәуірі – 2-3 ғасыр

Ғұн дәуірі – 12-13 ғасыр

Көне түркі дәуірі – 17-18 ғасыр

Орта түркі дәуірі – 3-5 ғасыр

Жаңа түркі дәуірі – 10-12 ғасыр

Ең жаңа түркі дәуірі – 8-10 ғасыр

7-тапсырма. Түркі халықтарының демографиялық жағдайына қатысты соңғы деректерді пайдаланып, баяндама жасаңыз (ғылыми еңбектер, БАҚ, интернет).

8-тапсырма. Қазақ халқының дамуына соңғы 10 жылғы мәліметті пайдаланып, сараптама жасаңыз.

Шумер жазуы мен көне түркі жазуының арасындағы сабақтастық

Қазіргі ғылыми деректер бойынша, Шумер жазуы дүние жүзіндегі ең ежелгі жазу болып саналады.

Ә.К.Шашаев өзінің мақаласында шумерлер туралы мынадай мәлімет келтіреді: Ежелгі адамдардың алғашқы қонысы Африка болса, алғашқы өркениет ошағы Шумер мемлекеті болып табылады. Ең алғашқы дегеннің барлығы: мемлекеттік құрылым, жазу-сызу, білім-ғылым, мәдениет-өнер – осының бәрі Шумерде бастау алып, өркендеген. Міне, осы жерде ең қызықтысы, Шумер мемлекетін құрғандардың этникалық негізі, олардың жазу-сызуының тілдік негізі, наным-сенімдерінің түбірі, батыстық зерттеулер үшін әлі күнге құпиясын ашпай келеді. Евфрат (шумерлер Буранун (Дала деген мағына беретін) деп атаған) жазығына алғаш егіншілер шамамен б.д.д. 7000 жылы келіп қоныстана бастаған, ағашы, тау-тасы жоқ бұл жазықты қамыс-қоғаның көптігіне орай, олар «Қамыс-ши иелігіндегі жер» деп атаған. Шамамен б.д.д. 3500 жылы Қос өзеннің оңтүстігінде шумерлер пайда болды. Зерттеуші ғалымдардың айтуы бойынша, олар Евфрат жазығына солтүстік-шығыстан түскен және олардың тілі айналасындағылардың ешбіріне ұқсамайтын [1]. Ірі шумертанушы А.Фалькенштейннің пікірі бойынша, шумерлер бұл жерге тіпті тас дәуірінде келген. Ал белгілі тарихшы И.М.Дьяконов шумерлердің қайдан келгендігі әлі күнге құпия болып келеді дейді [2]. Сонымен қатар ол антропологтардың еңбектеріне сүйене отырып, оларды европидтық үлкен нәсілдер қатарына жатқызады [2, 92]. Шумерлер тілі мен көне түркі тілінің ұқсастығы туралы ғалымдар арасында көптеген пікір айтылған болатын.

Шумер тілін зерттеген О.Сүлейменов былай дейді: «И.М.Дьяконовтың сөзін сәл ғана толықтыра түселік. «Бір жағынан, аккад, көне еврей және арамей тілдерінің, екінші

жағынан, хуррит және урарт тілдерінің, үшінші жағынан, шумер және көне түркі тілдерінің жақындығы сондай, салыстыратын материал көлемі шағын болғанда да, ол жақындық айқын сезіледі, өйткені бұл тілдердің арасында пәлендей үлкен фонетикалық айырма бітіп үлгермеген». Бірақ шумер түркі лексикалық материалдарының жақындығы сөздіктері жақын осы екі тілдің тектік туыстығын дәлелдей алмайды, қайталап айтамыз, бұл олардың мәдени туыстығының ғана айғағы деп қабылдаймыз [3, 240]. Ғалым өз ойын былайша білдіреді: «Менің пайымдауымша, түркі тілдері шумер және монғол тілдерімен мәдени туыстыққа ең көне заманда түсті, ал түркі тілдерінің мәдени туыстығы кейінгі дәуірлерде қалыптасты. О.Сүлейменов осы еңбегінде шумер лексикасын түркі лексикасымен салыстырудың қысқаша кестесін ұсынады. Сонда мынадай ұқсастықтарды байқауға болады: ада/ата (ада), ту/еб (үй), ру/уру (тұрғызу, салу, құру), ме/мен, бен, бин, ман, бан, ане/ана, анау, кир/ кір, балшық, йир, йер, жер)» [3, 222-230].

Ә.К.Шашаев шумер жазуы туралы зерттеу жүргізген түрік ғалымы Осман Недим Тунның көне түркі тілімен түбірлес 168 шумер сөзіне тарихи-салыстырмалық зерттеу жүргізіп, екі тілдің фонетикалық, грамматикалық ерекшеліктерін талдағанын айтады. Нәтижесінде ғалым шумер және түркі тілінің генетикалық туыстығы бар деуге дәлелдердің аздығын алға тарта отырып, осыған дейін табылған материалдар екі тілдің бір-біріне өте қатты ықпал етіп отырғанын атап өтеді [1].

Шумер атауының шығу тегіне көп көңіл аударғандардың бірі – Олжас Сүлейменов. Шумер сөзінің этимологиясы жөнінде ғалым мынадай пікір берген: «Күлтегін ескерткішінде (біздің эраның YIII ғасыры) елеңмен жазылған мынадай тіркес бар: турк ыдук иер-субы». Мұның сөзбе-сөз мәні: «Қасиетті түркі иер-суы», поэтикалық нұсқасы:

қасиетті түрік елі». Мен «Иер-суб» тіркесіне жүз мәрте назар аудардым. Бірде осы қос сөздің орнын ауыстырып көріп едім, «Суб-йер» болып жарқырап шыға келді. Енді түсінгендей болдым. Бағзы замандағы субер атанған ел есімінің лексикалық молекуласы осы бір атомдардан түзілмеді ме екен-ау? Немесе, тым болмаса, кейінірек түркі жұрты мекендеген аймақтар – Сібірде, Моңғолияда – осындай тіркес мәшһүр болмады ма екен? Моңғол аңыздарында қос өрнекті Субер (Сумер, Субер) тау атаулары туралы мағлұмат кездеседі. Әлемді топан су басқан заманда осынау заңғар таудың басы ғана көріп тұрыпты-мыс. Моңғолдардың жерұйық идеясы қос өркешті таумен байланыстырылатыны осыдан. Сонымен, егер шумерлер өздерінің кур-кір (тау-жер) йероглифін «ел» мағынасында қолданған болса, бағзы түркілер бұл таңбаны өзгертіп, «ел» мағынасында «Суб-йер» (су-жер) деп атады деп ойлаймын. Сөйтіп, ол бүкіл елдің белгісіне, жалпыхалықтық таңбаға айналды» [3, 246-246].

Шумер атауына қатысты мынадай да пікір бар: «Менің жорамалым бойынша, бұл сөздің мәнін Ши-жер, «Шилі жер» дегеннен іздеген жөн шығар, өйткені «GI» – ши Шумер тілінде «қамыс, ши» (gi «қурай, қамыс» (тростник) – ежелгі түркілік i «өсімдік; қоға) деген мағына береді. Қызылорда облысындағы Шиелі елді мекенінің атауы (сонымен қатар: Шу өзені және Шілікті, Қоғалы, Шулы-Нулы); аңыздардағы Геракл (шумерлерде «Dau» немесе «Azan» деп аталған) – Шығыста «Шулен» деген жерде туған, сол жақтан келген делінеді) халықтың жадында жатталған атаудың тамыры тереңдігін көрсетеді. Бұның себебі, Шумерлер бастапқы қоныстарын қамыстан салған, кейіннен саз балшықтарға сабан араластырып кірпіш құйып, күнге кептірген, негізгі құрылыс заты кірпіш болғанымен, қамыс-ши ғимараттар төбесін жабатын материал болды, олардың қайықтары, ыдыстары, жиһаздары да осы қамыс-шиден тоқылды. Қамыс-шидің қаптап өскен елі ретінде танымал болуы және оның

тұрмыстық өмірдегі маңызына орай бағаланғандығы себепті – Ши-елі, Ши-жері (Шумер, Шимер, Шижер) деп аталуы да шындыққа жанасымды болар. Ал Шумерлерде ағаш пен тастың табылмайтыны себепті оны қиыр солтүстіктен азаптанып, қауіп-қатерге толы су жолымен әкелген және ол тек ауқаттылардың ғана үлесіне тиетін [1]. Бұл пікірлерге қарағанда, Шумер ши жер, су жер деген мағынаны білдіріп тұр. Әрине, шидің де сулы жерде өсетіндігі белгілі. Сондықтан осы көзқарасты құптауға болатын сияқты.

Зерттеуші Ә.Шашаев И.М.Дьяконовтың шумерлер мен түркілер тілінің туыстығын байқамағандығын көрсете отырып, Олжас Сүлейменов оның кітабындағы түркі тіліне ұқсас 60 шумерлік сөзді атап көрсетті: ада – отец (ата), ама – мать (ана), ту – родить (ту, туу), ере – муж (ер, еркек), рядовой воин (өрен), угу – стрела (оқ), таг – прицепи (тақ), заг – сторона (жак), бильга – мудрый (білгір), предок, ме – я (мен), зе – ты (сен), ане – вот (эне), гаш – птица (құс), кир – грязь (кір), земля (жер), уш – три (үш), у – десять (он), кен – широкий (кең), узук – длинный (ұзын), туш – спуститься (түс), уд – огонь (от), удун – дерево (отын), дрова, дингир – бог (тәңір), небо, тенгир – бог, небо және т.б. Түрік ғалымдары, әсіресе З.В.Тоган әл-Масуди мен М.Қашқаридің деректеріне сүйене отырып, Хазарды Сібір немесе Сувармен теңестіреді. Алтай өлкесінде өмір сүрген қауымдарды, жалпы осы Субар атауымен атағанды жөн көреді. Ол шумерлер атауына қатысы бар деген Субар және Субари атауларын суб - ер, суб - ері, яғни Сүй - ер, Сүй - ері деп түсіндіреді. Сібір атауы Субардың бір түрі деген пікірді Макварт да қостайды [1].

К.Ахановтың шумер жазуы жайында мынадай көзқарасы бар: «Ертедегі буын таңбалары біздің заманымызға дейінгі үш мың жылдықтың бас кезінде шумер жазуында бір буынды сөздерді таңбалаған логограммалардан пайда болған. Шумер жазуында біздің заманымызға дейінгі үшмыңжылдықтың

бірінші жартысында буын таңбалары кең түрде тарайды да, бұл жазу біздің заманымызға дейінгі үшмыңжылдықтың ортасында логографиялық буын жазуына айналады.

Шумер буын жазуын ассириялықтар мен вавилондықтар қабылдайды. Бұл жазу эламиттер мен хеттерге және урарттарға да тарайды» [4, 415-416].

Шумерлердің қатты дамыған өркениеті болғаны бүгінгі халықты да таңғалдыруда. XX ғасырдың ортасында жүргізілген археологиялық қазбалар, сол жерлерден табылған ғалымдар олжасы, жәдігерлер, зерттеулер нәтижесі әлемді бір таңғалдырып еді. Қазіргі Ирак жеріндегі Ніл мен Евфрат өзендерінің жағалауын мекендеген шумерлердің жылнамасы болған. Жылнама жер астынан қазба кезінде табылған Ура қаласының орнынан қазып алынған. Жылнама балшық тақтаға жазылған. Тақтаға құпия таңбалар қашалып жазылған. Бұл таңбалардың құпиясы белгілі болғанда адамзат баласы таңданғаннан естен тана жаздады. Себебі осы тақта-жылнамада шумерлердің биік өркениетке қалай қол жеткізгенінің сыры, тарихы баяндалған екен. Шумерлер мекендеген жерлерді зерттеген археологтар өз қазбаларының нәтижесі арқылы жер бетінде шумер деген халықтың болғанын дәлелдеп берді. Қазба жұмыстарының кезінде жер астынан аспан әлемін зерттейтін астрономиялық аспаптар, медициналық ота жасайтын құралдар, көне шахта орындары табылған. Мұндай деректер шумерлердің аса сауатты, білімді және мәдениетті адамдар болғанын дәлелдейді. XIX ғасырдың 70-жылдары архитектор де Севеланжаның жол көрсетуімен француз археологі Эрнест де Сарзек кираған қорғандар мен үйілген төбешіктерге қазба жұмыстарын жүргізіп, балшықтан жасалған сына жазуы бар бұйымдарды табады. Бұл жазулар шумер тілінің болғандығын дәлелдеді, – дейді Э.Муктарова [5].

Э.С.Абдукамалова мақаласында қазіргі кезде тіл тарихын алты дәуірге бөліп қарастырып жүрсек, түркі

халықтарының арғы тарихын шумер кезеңімен байланыстыру жөнінде пікір білдіреді [6, 32]. Себебі шумерлер мен түркілердің жақындығын білдіретін көне заманнан сақталып келе жатқан жер-су, қала атауларының кездесетіндігін айтады.

Түркі тілі жөніндегі ең алғашқы мәлімет Месопатамияның оңтүстігінен (Шумерден) табылғандығын, оны біздің дәуірімізге дейінгі ІҮ-ІІІ мыңжылдықтарды мегзейтін идеографиялық жазба ескерткіштері дәлелдейтіндігін, мұнда, яғни алғашқы шумер тілінің ескерткіштерінде, көне түркі тіліне тән көптеген лексикалық сәйкестіктер ұшырасатындығын Алтай Аманжолов өз зерттеулерінде айта келіп, шумер тілі мен көне түркі тілінің және қазіргі түркі тілдерінің арасындағы лексикалық сәйкестіктерді көрсетеді. Шумерлердің атасын қаңғар, кеңгерлермен байланыстырған [7, 15].

Ә.Қайдар: «Орта Азия мен Қазақстан жерін сонау көне дәуірлерден (б.д.д. ІҮ-ІІІ мыңжылдықтардан) бері иран тілдес тайпалардан бұрын жайлаған түркі өркениетінің бастауы болған шумерлердің табиғи жалғасын қаңлылар мәдениеті, тілі, салт-дәстүрі деп таныған жөн. Қаңқа-Хорезм мәдени мұрасын зерттеген С.П.Толстов та, О.Сүлейменов те осы идеяны дәлелдеуге тырысады» [8], - деген пікір білдіреді.

Осыдай көзқарастарға қарағанда, көне түркі тілі мен шумер тілінің арасында байланыс, сабақтастық бар екендігін көруге болады. Шумер тілінің түркілік түбірі тіпті қазіргі қазақ тілімен жай ғана салыстырғанның өзінде анық байқалады. Сондықтан бұл пікірді дәлелдеу үшін төмендегі кестеге назар аударып көрейік.

(Кесте О.Сүлейменовтен алынған)

Шумер тілінде	Қазақ тіліндегі баламасы	Мағынасы
---------------	--------------------------	----------

а-руа	аруак	Ғұрыпқа байланысты құрбандық беру рәсімі
аба-уру	ата ру	Ру ақсақалы
аға-уш	аға күш	Жауынгерлер мен күзетшілердің бас басшысы, қолбасшы
Уру	ру	Қауым
Ур, урук	ұрық	Тек, орда, қала
Дингир	Тәңір	Құдай
энгар	егінші	Егу жұмысын басқарушы
калам	ғалам	Тарап, бағыт
Кен	кеңес	Кенесу, жиналыс
Ун кен	Үлкен кеңес	Халық жиналысы, кеңесі
Ген	Кел,кет	Жүру бағыты, жүрген, келген
Уру-рим, уру-ген	Рудан өру,үрку	Рудан немесе қаладан (ордадан) кету, үрку, босып кету
Нун-кур-гу	Нукер	Билеушінің қол астындағы көмекші қызметшісі
гуруш	құрыш	Еркек, жас мықты жігіт, жұмыскер
Эрен	ерен	Әскери топқа біріккендер, жауынгерлер тобы, сарбаздар
Нгешту(г)	естілік	Құлақ немесе даналық дегенді білдіреді.
Иги ку(г)	Игі көз	Тұнық көз немесе құлақ пен көз, даналық көзі дегенді білдіреді.
Уту	От	Күн құдайы
Ишкур	Ұшқыр	Найзағай құдайы

Шумерлердің жылнама ескерткіштеріндегі құпия жазу таңбалардың болуы біздің мәдени мұрамыз – «Күлтегін», «Білге қаған», «Орхон-Енисей» және Талас, Шу жағалауларынан табылған балбал тастардағы құпия сына жазуларға ұқсастығы шумерлер мен түркілердің туыстық байланысын аңғартатын деректер тәрізді көрінеді. Шумер тарихы ғалымдардың пікірінше, шамамен біздің заманымыздан бұрын 3400 жылы қалыптасқан [9].

В.А.Истрин шумер жазуының ескі жазу екендігін және шумер логограммалары египет, қытай, крит жазуына ұқсас екендігін айтады [10, 76]. Осы пікірлерге қарағанда, шумер жазуы дүние жүзіндегі алғашқы жазу деп айтуға болады. Оны жоғарыда келтірілген пікірлерден де байқауға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Шашаев Ә.К. Шумерлер мен түркілер параллелі // <https://kk.wikipedia.org/wiki>.

2. История Древнего Востока. Зарождение древнейших классовых обществ и первые очаги рабовладельческой цивилизации. Ч.1. Месопотамия/ Под ред. И.М. Дьяконова. Гл. ред. Восточной литературы. – М., 1983. – 534 с.

3. Сүлейменов О. АЗ и Я. – Алматы: Жазушы, 1992, – 395 б.

4. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. – Алматы: Мектеп, 1978, – 493 б.

5. Муктарова Э., А.Бикадамова. Шумер мәдениетінің тарихы // Қазақстан ұстазы, 02.06.2014.

6. Абдукамалова Э.С. Түркі тілдері тарихының ілкі бастаулары // Түркітанудағы ортақ рухани мұралардың зерттелуі: кешегісі, бүгіні, болашағы атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. 3-4 қазан 2014.

7. Аманжолов А. Түркі филологиясы және жазу тарихы. – Алматы: 1996.
8. Қайдар Ә. Қаңлы. – Алматы, 2004.
9. Қосымова Г. Тілдің тарихын дәуірлеудің теориялық негіздері: Шумерология және түркі (қазақ) таным мәселелері. – Алматы, 2012. – 240 б.
10. Истрин В.А. Возникновение и развитие письма. – М: Наука, 1965. – 598 с.

Бақылау сұрақтары:

- 1.Шумерлердің пайда болуы.
- 2.Шумер жазуы туралы пікірлер.
- 3.Шумер жазуы мен көне түркі жазуының арасындағы сабақтастық.

Тапсырмалар:

1-тапсырма. *О.Сүлейменовтің «АЗ и Я» кітабының шумерлерге қатысты 199-205-беттерін конспектілеңіздер.*

2-тапсырма. *О.Сүлейменовтің «АЗ и Я» кітабының 222-270-беттерін оқи отырып, көне түркі сөздеріне жасаған талдауларына тезис дайындаңыз.*

3-тапсырма. *«Шумер жазуы мен көне түркі жазуының арасындағы сабақтастық» деген тақырып бойынша ғылыми еңбектер мен ғаламтор материалын пайдалана отырып баяндама дайындаңыз.*

4-тапсырма. *Ғылыми-әдістемелік еңбектерді пайдалана отырып шумер тілі мен қазіргі қазақ тіліндегі ортақ сөздерге мысал келтіріңіз.*

Қазақ тілі тарихының дамуындағы Алтай дәуірі

Қазіргі кезде тіліміздің тарихын алтай дәуірінен бастап жүргені белгілі. Бұл – ғылымда айқындалып жетпеген, өмір сүрген дәуірі де нақты емес, өте көне дәуір. Бұл атауды қолданушылар біздің заманымыздан көп бұрынғы көне заманда түркі тұқымдары моңғол, тұңғыс-маньчжур, жапон, корей халықтарымен бірлікте болған, бұлардың тілдері де өзара туыстас, төркіндес тілдер. Бұл халықтардың ертедегі отаны Алтай өңірі болған дейді де, бұл мезгілді Алтай дәуірі деп атайды. Алтай дәуірінде аталған халықтар және олардың тілдері бір-бірінен жекеленбей бірлікте өмір сүрген деп есептеледі.

Қазіргі тұрғыдан алғанда, Алтай ТМД мен Моңғол Халық Республикасы және Қытай жеріндегі Азияның ірі таулар жүйесі. Ол – солтүстік батыстан Оңтүстік Шығысқа қарай, Батыс Сібірден Гоби жазығына дейінгі әртүрлі бағытта созылып жатқан қыраттар мен жоталар [1, 9].

Бір топ ғалымдар түркі тілдері өз алдына бөлініп шыққанға дейін алтай тілдері семьясында болған деген топшылау айтады. Олар алтай тілдері семьясынан: түркі-моңғол, тұңғыс-маньчжур, жапон-корей тілдері бөлініп шықты дейді. Ал кей ғалымдар тіпті алтай тіл бірлестігінен де арыға барып, орал-алтай тіл бірлестігі теориясын ұсынады.

Орал-Алтай теориясын қолдаушылар Ф.И.Табберт-Страленберг, М.А.Кастрен, О.Бетлинг, Г.Винкор, О.Доннер сияқты зерттеушілердің пікірінше, түркі тілдері басқа алтай тілдерімен, сондай-ақ угро-фин тілдерімен бірге орал-алтай тілдері семьясына жатады. Бұл жоба бойынша: уақыт кезеңі анықталмаған дәуірде орал тілдері мен алтай тілдері генеологиялық жағынан туыстас болған. Тайпалар одағының ыдырауы негізінде орал тілдері алтай тілдерінен бөлініп шыққан. Өз ретінде, уақыттың өтуіне байланысты орал

тілдері екі топқа (угро-фин және самоди) ыдыраған. Ал алтай тілдері үш тармаққа бөлінген (тұңғыс-манчжур, жапон-корей, түркі-моңғол).

Түркітануда Алтай дәуірі «алтай теориясы» деген атаумен өткен ғасырдың орта кезінен бастап қалыптасты. Оны қалыптастырушылар неміс ғалымдары В.Шотт және М.Кастрен. Бірақ бұл екеуінің теориясына түрткі болған тұжырым әріпектен, ХҮІІІ ғасырдан басталады. І Петр заманында болған швед соғысында тұтқындалып, ұзақ жылдар болған Сібір өлкесінде швед армиясының офицері Табберт Страленберг 1730 жылы Стокгольмде «Европа мен Азияның солтүстік және шығыс бөлігі» атты еңбек жариялады. Осы еңбегінде ол түркі-моңғол, тұңғыс-манжур тілдері о баста бір негізден тараған туыстас, төркіндес тілдер дейді де, оларды «Алтай тілдері» деген атаумен атайды. Жоғарыда аталған неміс ғалымдары Страленбергтің осы пікірін теориялық жақтан тереңдете түсіп және аталған тілдер құрамына угро-фин, самоди тілдерін қосып, оларға «Орал-Алтай тілдері» деген ат береді [1,10].

Түркі тілдері тарихының маманы Н.А.Баскаковтың пікірінше, түркі тілдері моңғол, тұңғыс-маньчжур тілдерімен туыстас, бұлар арасында тек типологиялық қана емес, туыстастық, төркіндестікті білдіретін белгілер олардың фонетика жүйесінен де, негізгі сөздік қорынан да мол кездеседі [2, 96]. Ал түркітанушы А.Н.Кононов түркі, моңғол, тұңғыс-манжур тілдері арасында лексикалық та, фонетика-грамматикалық та ұқсастықтың барлығы даусыз, бірақ ол жақындықтың себебі нақтылы емес, – дейді [3]. Алтай дәуірі жайындағы пікірлер тыңғылықты шешілген теория емес, ғылыми болжам ғана. Алтай дәуірінің тілдік сипатынан мәлімет берерлік дерек жоқ, ол заманнан ешқандай жазба нұсқа біздің заманымызға жетпеген. Бұл дәуірде қазіргі түркі, моңғол тілдерінің бір негізден тарағаны жайында ғылыми-болжам пікірлер қалыптасты.

Осы дәуір жайында Ғ.Мұсабаев: «Бұл тілдер – тарихи тұрғыдан әрі сан қилы, әрі алыс сонарға соғатын шытырман. Соның өзінде түркі-моңғол тілдері мен угро-фин тілдерін салыстырсақ, тікелей қайталамаса да, алыстан аңғарын көрсетіп қалатын жайттары бар. Олай болатыны, ол тілдер бір-бірінен ажырап, әрқайсысы өз алдына бөлек тіл болып кеткеніне кем дегенде, бес-алты мың жылдар болған шығар. Көне заман туралы үздік-создық, болмашы мәліметтер бұл тілдердің жай-күйі, мән-мағынасы туралы ешбір дерек бере алмайды» [4, 5] дегенді айтады. Алтай дәуірінде қолданыс тапқан кейбір тілдік қолданыстардың қазір тілімізде кездесетіндігін ғалымдар дәлелдеуге тырысады. Мәселен, Ғ.Мұсабаев: «Уақыттың өткеніне, жағдайлардың құбылғанына қарамай-ақ тәуелдік категориясының Орал-Алтай тілдерінде сақталу фактісінің өзі тамаша. Сонымен қатар негізінен алғанда, I жақ тәуелдік жалғауында -м элементінің сақталуы, III жақтағы -сы угро-фин тілдері мен түркі-моңғол тілдерінің туыстық субстратының қалдығы екенін көрсетеді. Көпше түрі де түркі тілдері фактісінен аулақтамаған. Тәуелдіктің I жақ көпшесінде түркі тілдерінде жекешенің форманты үстіне көне көптік жалғау -сыз (біз) қосылса, мордва тілінде ең алдымен көпше –н морфемасын қабылдайды да, оның үстіне III жақ көрсеткіші -сы қосылады, з/с дыбыстары алмаса беретін дыбыстар болғандықтан, негізгі формасы -сы деп отырмыз» [4,6], – деген пікірден осыны байқауымызға болады.

Ғ.Мұсабаев «Түркі тілдері мен моңғол тілдері – ерте заманнан бір тілден өрбіген туыс тіл. Нақты тарихи жағдайға, қоныстың шалғайлығына байланысты әрқайсысы өзіне лайық даму жолын тауып, алшақтана келе жекеленіп, екі басқа тіл болып қалыптасқан» деген Г.Д.Санжеевтің көзқарасын дұрыс деп санайды [4,13]. Ғалым осы еңбегінде моңғол тілі мен түркі тілдерінің арасында ұқсастықтың бар екендігін мысалдар арқылы дәлелдеп көрсетеді. Бұл

тілдердің лексика мен морфология саласында ортақтықтың көп екендігін, ал оны алшақтатып тұрған фонетика саласы деп қарастырады.

«Қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы» оқулығының авторлары да тілімізде түркі-моңғол тілдеріне ортақ сөздердің бар екендігін көрсетеді. Ә.Болғанбайұлы мен Ғ.Қалиұлы өздерінің еңбектерінде «Түркі-моңғол тілдерін салыстырмалы түрде зерттеп жүрген Б.Базылханның пікірінше, «Моңғолша-қазақша сөздікке» енген 40000 сөздің 1500 түбірден тараған, яғни 60%-ы екі халыққа ортақ желілес туынды сөздер болып табылады» [5,147] деген ой білдіреді.

«Моңғол тілдері мен түркі тілдерінің үйлестігі негізгі сөздік қордағы сөздермен қатар, олардың грамматикалық құрылысынан да айқын көрінеді. Түркі тілдері сияқты моңғол тілдері де жалғамалы тілдердің қатарына жатады. Осындай ұқсастықтарға қарап, кейбір ғалымдар (Б.Я.Владимирцов, Н.Ф.Катанов, Г.Д.Санжеев т.б.) бұл тілдерді түптің түбінде негізі бір тілдердің қатарына жатқызуды қолдайды. Тарихи тұрғыдан қарағанда, ол жақындықтың тегі біздің заманымыздан көп бұрын Алтай заманындағы түркі-моңғол бірлестігінде жатыр» [5,147] деген пікір де бұл тілдердің генетикалық туыстығын дәлелдейтін сияқты.

Б.Базылхан өзінің «Қазақ және моңғол тілдерінің салыстырмалы-тарихи грамматикасы (фонетика)» атты оқу құралында Орал-Алтай тілдері мен Алтай төркіндес тілдердің ортақтығы, Алтай төркіндес тілдердің даму сатысын көрсетеді.

Алтай төркіндес тілдер эволюциялық дамудың үш кезеңін өткізді деп және оларды «ымтіл дәуірі», «келте сөз дәуірі», «күрделі сөз дәуірі» ретінде атап көрсетеді.

Автор «Ымтіл дәуірі» 950 мың жылға созылған деп жорамалдап, ең басты табиғи сипатын көрсетеді. Арғы ата тегіміз бір біріне «V», «CV» тұлғалы дауыс шығарып қатынасты. Бұл дауысқа қол, аяғының ымын ұштастырып,

«бас изеу, қол бұлғау» секілді дене қозғалысын сәйкестіріп, сөйлеу мүшелері арқылы «жуан, жіңішке», «қатты бәсең» дауыс шығарып, өзара тіл қатысып отырған. «Ымтіл дәуірінде» сөздік қордың түбір сөздері қалыптаспаған.

Ал «Келте сөз дәуірі» 760 мың жылға созылған деп жорамалданып, алтайлық тектітілмен сөйлескен арғы ата-тегіміздің қатынасында келте сөз дәуірінің бастапқы жартысы кезінде «V», «CV» тұлғалы дыбыс ымының саны қосыла түскен. Дыбыс ымына қол, аяқтың қозғалысты ымын үйлестіруі, бас изеу, қол бұлғау секілді қимыл ымы азая бастады. Ым қимылының бұлайша азая бастауы – екі, үш, төрт дыбысты («V», «CV», «VCV», «VCC», «CVCV», «CVCC») алғашқы түбір сөздер туындай бастауына байланысты.

Алтайлық тектітілдің «күрделі сөз дәуірі» біздің жыл санауымыздан бұрынғы 40 мың жылдан он мың жылға дейін немесе 30 мың жылға созылып, бұл дәуірде де «V», «CV» типті түбір морфема ұласып сақталды. Осы екі типті түбір морфемадан «VC», «VCV», «VCC», «VCYC», «CVC», «CVCY», «CVCC», «CVCVC», «CVCVCV» типті көптеген түбір сөздер туындап, сөздік қор «келте сөз дәуірінен» гөрі бірқатар көбейе түсті. Адамдар өзара қатынасқанда бір сөзді де, екі және үш сөзді де сөйлем деңгейінде қатынас құралы ретінде қолданды [6,22-24].

Б.Базылхан аталған еңбегінде қазақ және моңғол тілдерінің фонетикалық құрылысына тоқталады және дауысты, дауыссыз дыбыстар жүйесіне кең түрде талдау жасап, ортақтықтарын деректермен көрсетеді. Осыған байланысты зерттеуші талдау жасау барысында көптеген сөздің ортақтығын көрсетеді:

Айақ (аяқ) – адақ, атан – атан, жара – йара, маңдай – магнай, таңдай – тагнай, бел – бэл, сергек – сэргэг, көмей – хөөмий, тоқым – тохом, соқыр – сохор, дөнен – дөнен, шідер – чідер, бөле – бүле, нөсер – нүсэр, мың – мянга, шырай –

царай, барымта – баримт, інген – ингэн, теңіз – тэнгис, жиен – зээн, жирен – зээрэн, бидай – буудай, күйе – хөө, салқын – салхи, сұңқар – шонхор, нағашы – нағац т.б.

Орал-алтай тіл бірлестігі жайындағы пікірлерге негіз болатын бұл тілдерде ұқсастық бар. Мысалы: дауысты дыбыстардың үндесуі, дауыстылардың ассимиляциясы, түбірдегі үнді дыбыстардың біршама ұқсастығы, жалғамалылық белгісі, жалпылық мағыналы түбірдің жекеше формасы арқылы беру мүмкіндігі, атау септігінің, тәуелдік жалғауының болуы, анықтауыш, пысықтауыш, толықтауыштардың өздері қатысты сөздердің алдында тұруы, сандық сәйкестіктің болмауы, құрмалас сөйлемдердің көсемше, есімше формаларымен құрмаласуы, т.б. Бұл сияқты ұқсастықтар қаншалықты қызықты болғанымен, типологиялық ұқсастықтан асып түсе алмайды. Себебі бұл тілдер аралығында дыбыстық немесе формалық сәйкестік жоқ [7,108].

Алтай тілдерінің туыстығы туралы пікірді жинақтап екі топқа бөлуге болады. Бір топ ғалымдар Г.И.Рамстедттің пікіріне қосылып, алтай тобына енетін тілдердің (түркі-моңғол, тұнғұс-мәншәжүр, кәріс-жапон) қандық туыстастығын мойындайды. Олар алтай тілдері бір негізден тараған, сондықтан да ортақ негізді мойындауға мүмкіндік береді десе, екінші бір топ ғалымдар В.А.Котвичтің пікіріне сүйеніп, о бастағы өзара көрші орналасқан тілдер генеологиялық жағынан туыстығы болмаса да, талай ғасыр бойы араласу негізінде жаңа қасиетке ие болған дейді [7,111].

Сондай-ақ осы тәріздес пікірді О.Бүркіт зерттеулерінен де кездестіруге болады. «А.М.Щербак, Дж.Клоусон, Г.Санжеев сияқты белгілі ғалымдар алтай тілдері арасындағы (түркі тілдері мен монғол тілдері) ұқсастық олардың генетикалық туыстығының белгісі емес, осы тілдерде сөйлеген халықтың ұзаққа созылған қарым-қатынасының

негізінде пайда болған ерекшелік деп есептейді» [8,52], – деген.

Х.Винклер, С.Широкогоров, Б.Колиндер, Д.Шинор сияқты ғалымдар Алтай тілдерін үш тармаққа бөледі:

1. Түркі-моңғол тілдері
2. Тұңғыс-маньчжур тілдері
3. Жапон-корей тілдері.

Салыстырмалы-тарихи зерттеулер алтай тілдерінің деректерінде көптеген ұқсас келетін тілдік материалдардың барлығын анықтады. Жалпы, алтай тілдері бірлігінің құрамына енген тілдерде дыбыс үндестігі, екпіннің тұрақтылығы, жалғамалы тіл болуы, сөз алдынан келетін көмекші сөздердің болмауы, жыныс категориясының болмауы т.б. Көпшілік тілшілер алтай тіл бірлігін анықтауда дыбыстық сәйкестікке көбірек көңіл бөледі. Г.И.Рамstedт сияқты ғалымдар алтай тілдерінің барлық саласы бойынша зерттеу жүргізіп, олардың басқа да туыстық белгісін ашқан. Бір топ алтайтанушылар алтай тілдерін тегі бір туыс тілдер деп санама, екінші бір алтайтанушылар алтай тілдеріндегі ұқсастық типологиялық ұқсастық деп санайды. Кеңес ғалымдары ішінен алтай теориясына өз үлестерін қосып, түрліше пікір айтып келе жатқандар: Н.Баскаков, Г.Санжиев, Дж.Киекбаев, Ш.Сарыбаев, О.Суник, Д.Насилов т.б. Сөйтіп, алтай тілдерінің туыстығы туралы пікірді жинақтап, екі топқа бөлуге болады. Бір топ ғалымдар Г.И.Рамstedтің пікіріне қосылып, алтай тобына енетін тілдердің (түркі-моңғол, тұңғыс-маньчжур, кәріс-жапон) қандық туыстығын мойындайды. Олар алтай тілдері бір негізден тараған, сондықтан да ортақ негізді мойындауға олар мүмкіндік береді десе, екінші бір топ ғалымдар В.Котвичтің пікіріне сүйене отырып, о баста өзара көрші орналасқан тілдер генеологиялық жағынан туыстығы болмаса да, талай ғасыр бойы араласу негізінде жаңа қасиетке ие болған дейді [7,111].

Алтай тілдерінің туыстығын дәлелдейтін фактілерді ғалымдар лексика, фонетика, грамматика салаларынан келтіреді.

«Нағашы» мағынасында түркі тілдерінде нағашы, таға, дайы (тайы) сөздері бар. Л.А.Покровская қазақ тіліндегі нағашы сөзін монғол тілінің нагалы сөзінің варианты, яғни кірме сөз деп қарайды. Таға сөзі қырғыз, өзбек, ұйғыр тілдерінде кездеседі. Ал қырғыз тіліндегі тай сөзін К.К.Юдахин «ана жағынан туыс» (нағашы) деп түсіндіреді. «Қырғызша-орысша» сөздікте таға сөзін оңтүстік Тянь-Шань говорына тән деп көрсетеді. Біздіңше, таға сөзі тай және аға сөздерінің кірігуі негізінде пайда болған. Нақ осындай жолмен қырғыз тілінде таяке («нағашы әке» мағынасында) сөзі жасалған. Басқа түркі тілдерінде тай, дайн сөздері «нағашы» мағынасын береді. Бурят-моңғол тілінде нағашы мағынасында таабай сөзі қолданылады. Сонымен қатар түркі тілдерінің ішінде алтай (таай), тува (даай), якут (таай) тілдерінде де түбір сөз құрамында созылыңқы дауысты дыбыс бар.

Шырай сөзі қазақ тілінде «адамның көркі», «бет ажары», «жүзі» мағынасын білдіреді. Бұл сөз басқа түркі тілдерінде де кездеседі. Мысалы, қарапайым тілінде чирай нұсқалары: жырай, чарай, чирэй, чырай, чэрай. Өзбек тілінде чирой сөзі – «бет», «жүз», «көркі», «жалпы көрініс» «көңіл күйі» мағынасын білдіреді. Моңғол тілінде де царай «бет», «түр-тұлға», «пішін», «жүз», «кескін», «кейіп», т.б. мағыналарды білдіреді.

Түйе сөзі өзбек тілінде туя, ұйғыр тілінде төгә, хақас тілінде тибе, қырғыз тілінде төө, түркімен тілінде дүз, көне түркі тілінде тебе/теве түрінде қолданылған болса, түйе ұғымында монғол тілінде тэмээ(н) сөзі қолданылады.

Моңғол тіліндегі э(е) дыбысы сөздің барлық позициясында қолданылады және оған қазақ тіліндегі і

сәйкес келеді. Мысалы: өңгэр – өңір, зээ – жиен, бэлтрэг – бөлтірік, бүргэд – бүркіт, бүтэн – бүтін, т.б.

Моңғол тіліндегі у, ү дыбыстары да буын талғамайды. Қазақ тілінде бұларға ы, ө дыбыстары сәйкес келеді: цулбуур – шылбыр, хухэ – көк, бүлэг – бөлек, бүл – бөле, сувай – сыбай.

Атау септігінің бұл тілдер де грамматикалық көрсеткіші жоқ, ол түбір сөз тұлғасына сәйкес. Ал ілік септігінің түркі тілдерінде қосымшасы –ның/нің, –дың/-дің, –тың/-тің, –нұң/-түн, –дүң/-дүн, т.б. болса, моңғол тілінде –ны/-ни, –ну/-нү. Н.А.Баскаковтың пікірінше, көне моңғол тілінде –ны/-ни қосымшасының толық формасы –ның/-нің болған. Дегенмен кейбір моңғол тілдерінің диалектісінде ілік септігінің –ын/-ин формасы да кездеседі. Мысалы, бурят-моңғол тілінің алар диалектісінде диалектісінде ілік септігінің –ын/-ин формасы қолданылады: аха(аға)>ахатн (ағанын), шоно (бөрі)>шонотн (бөрінің).

Барыс септігі, негізінен, амал-әрекеттің бағытын, беталысын білдіреді де, түркі тілдерінде –ға/-ге, –қа/-ке, –на/-не, моңғол тілдерінде –ра/-ре, –а/-е қосымшалары арқылы беріледі. Оның –ра/-ре нұскасы көне түркі тілдерінде қолданылғанымен, қазіргі түркі тілдерінде кездеспейді. Түркі тілдерінде табыс септігінің қосымшасы –ды/-ді, –ты/-ті, –ны/-ні, –ын/-ін болса, моңғол тілдерінде –ы/-ны/-не.

Түркі-моңғол тіл фактілерінен мұндай лексикалық, фонетикалық, морфологиялық ұқсастықтарды көптеп кездестіруге болады. Егер морфологиялық тұлғалардың бір тілден екінші тілге ауыса бермейтін категория екенін ескерсек, онда бұл фактілер алтай дәуіріндегі біз қарастырған түркі және моңғол тілдерінің туыстығынан дерек беретін сияқты [7,112-115].

Зерттеушілердің басым бөлігі бұл тілдер әуелі «бір негіз тілден» салаланып дамыған деген теориясы тұжырымды дәлелді деп, тарихи-салыстырмалы тәсілдің оң нәтиже

беретіндігін, аса мол тілдік деректердің сәйкестігін алға тартады. Осы тілдердің фонетикалық, лексикалық, морфологиялық, синтаксистік құрылысынан көптеген салыстырмалы деректер жарияланып келеді. Алтай тілдерінің мынадай ортақ белгілері анықталған: дыбыс үндестігі заңы, дауыстылар мен дауыссыздар үндестігі, түбір морфема (немесе түбір сөз) тұрақтылығы, оған жалғанатын қосымша морфемалардың жалғамалы жүйесі, тәуелдік жалғаулары, төл сөздік қордағы кейбір тұрақты атаулар, сұрау шылаулары т.б. тіл заңдылықтарының, құбылыстарының болатындығы.

«Алтайлық тектілдің ыдырау процесінің қазіргі алтай тілдеріндегі реликт белгілері қатарында – дауысты *и* дыбысынан кейін келетін тұңғыс тіліндегі *t*, маньчжур тіліндегі *s* дауыссыздарының түркі-моңғол тілдеріндегі *c=s* дауыссыздарын сәйкес келуі; якут тілінде, хакас тілінің сағай және белтир диалектілерінде, башқұрт тілінде тұңғыс-маньжур тілдеріндегі *s=t* сәйкестігінің *s* тұлғалы вариантының сақталуы...» тәрізді ерекшеліктер чуваш тілін моңғол тілдеріне, басқа түркі тілдерін тұңғыс тілдеріне жақындататындығын айтады [9,55].

М.Ескеева ғұндар туралы ғалымдардың мынадай пікірлерін келтіреді: А.Н.Бернштам, Л.Лигети, В.В.Бартольд, Н.А.Аристов тәрізді белгілі ғалымдар хундар – түркі тайпаларының ата-тегі, олар түркі тілінде сөйлеген деген пікірді қолдаса, Г.Рамстедт ғұн тілі түркілер мен моңғолдардың ата-бабаларына ортақ тіл болған деген пікір айтады. Көне түркілер тарихын зерттеуші белгілі ғалым Л.Н.Гумилев ғұндардың тілі туралы айтылған барлық пікірлерді жинақтай отырып, ғұндардың түркітілділігі жайлы бағытқа күдікпен қараудың негізсіздігін көрсетеді [9,57]. Осы пікірлерге қарағанда, ғұндардың өмір сүрген дәуірін түркі тілдерінің бір кезеңі ретінде толық қарастыруға болады деп санаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Қордабаев Т.Түркология және қазақ тіл білімі. – Қарағанды, 1992. – 136 б.
- 2 Баскаков Н.А. Введение в изучение тюркских языков. – М., 1969. – 304 с.
- 3 Кононов А.Н. Тюркская филология в СССР 1917-1969. – М., 1968. – 126 с.
- 4 Мұсабаев Ғ. Қазақ тілі тарихынан. – Алматы: Мектеп, 1983. – 136 б.
- 5 Болғанбайұлы Ә., Қалиұлы Ғ. Қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы: Санат, 1997. – 256 б.
- 6 Базылхан Б. Қазақ және моңғол тілдерінің салыстырмалы-тарихи грамматикасы (фонетика). – Алматы, 1999. – 165 б.
- 7 Қайдар Ә., Оразов М. Түркітануға кіріспе. – Алматы: Мектеп, 2004, -360 б.
- 8 Бүркіт О. Түркітану. – Алматы: Арыс, 2003, - 140 б.
- 9 Ескеева М.Қ. Түркі тілдері жүйесіндегі қазақ тілінің тарихи орны. – Астана: Кантана Пресс, 2011. – 420 б.

Бақылау сұрақтары:

1. Алтай дәуіріне қатысты болжамдар.
2. Алтай тілдері теориясы және оған жататын тілдер
3. Орал-Алтай тілдеріне қатысты көзқарастар.
4. Түркі-моңғол тілдеріндегі ұқсастықтар.

Тапсырмалар:

1-тапсырма. *Географиялық атласты қолдана отырып түркі, моңғол, корей, жапон халықтары таралуының географиялық аумағын анықтаңыз.*

2-тапсырма. *Қазақ және моңғол халықтарының тарихи қарым-қатынасына сипаттама жасаңыз.*

3-тапсырма. *Берілген тілдерді қолдана отырып кестені толтырыңыз.*

Түркі тілдері, угро-фин тілдері, корей тілі, жапон тілі, самоди тілі, тұңғыс тілі, маньчжур тілі, моңғол тілдері.

Алтай тілдері:

Орал тілдері:

4-тапсырма. *Қазақ-моңғол тілдеріне ортақ лексикалардан мысалдар жазыңыз, тұлғалық ерекшеліктерін көрсетіңіз.*

А) туыстық қатысты білдіретін сөздер:

Ә) төрт түлік малға қатысты сөздер:

Б) еліктеуіш негізді сөздер:

5-тапсырма. *Түркі тілдерінің зерттелуін 3 түрлі кезеңге бөліп жазыңыз.*

6-тапсырма. *Түркі тілдерінің дамуындағы Алтай дәуіріне сипаттама жасаңыз. Төмендегі мәселелерді қамтыңыз.*

1. Қай мерзімді қамтиды?

2. Алтай тілдеріне қандай тілдер жатады?

3. Орал-Алтай тілдеріне қандай тілдер жатады?

4. Алтай тілдерінің ортақтығын көрсететін мәліметтер.

7-тапсырма. *Алтай дәуірінің басқа дәуірлерден ерекшелігіне байланысты тезис дайындаңыз.*

8-тапсырма. *«Түркі-моңғол тілдеріне ортақтауыстық атаулар» тақырыбына ассоциограмма дайындаңыз.*

Қазақ тілі тарихының дамуындағы Ғұн дәуірі

Ғұн дәуірі алтай дәуірімен ұштасып, байланысып жатады да, біздің заманымызға дейінгі III ғасыр мен V ғасыр аралығын қамтиды. Егер Алтай дәуіріндегі тайпалар туралы бізде ешқандай тарихи мәлімет, жазба деректер болмай келсе, Ғұн дәуірі жайлы аз болса да, деректер бар. Мәселен, біздің заманымызға дейінгі кезең мен біздің заманымыздың басында Орталық Азия мен Оңтүстік Сібір өлкелерінде жасаған түркі, моңғол және тұңғұс-маньчжур тайпаларының басын біріктіріп тұрған Хунну империясы болған. Ол өз кезінде Қытай империясымен тайталасып, тарихта белгілі рөл атқарған. Хунну империясы туралы аз болса да мәліметтер қытай жазба деректерінде сақталған. Бірақ бұл деректер ғұндардың этникалық құрамын анықтауда, тілдік ерекшеліктерін белгілеуде жеткіліксіз. Сондықтан да ғұндардың тілі, әдет-ғұрпы, әлеуметтік құрылысы туралы даулы пікірлер баршылық [1,127].

Б.з.б. I ғасырдың аяқ кезінде Ғұн мемлекеті өз ішіндегі алауыздықтың нәтижесінде батыс ғұн және шығыс ғұн болып екіге бөлінеді. Батыс ғұн құрамына бұлғар, оғыз, қыпшақ, қарлұқ деп аталатын тайпалар енген. Батыс түркі қағандығының орталығы Шу өзені бойында Суяб қаласы болған. Ертедегі үйсін, қаңлы тайпалары да бірлестік құрамына енген. Шығыс ғұн құрамына ұйғыр-оғыз, қырғыз-қыпшақ деп аталатын 2 тайпа одағы және олардың тілдері енген. Тарихшылар ғұн дәуірінде бұрын бірлікте болып келген түркілер мен моңғолдар бір-бірінен бөлініп, жеке-жеке халықтар болып қалыптасқан, соның негізінде олардың тілдері де жекеленген дегенді айтады.

Ғұндар б.з.д. III ғасырда түркіше сөйлеген және олар қаңлы, үйсін, қырғыз т.б. жиырмадан астам түркі тайпаларымен бірге өмір сүрген.

Түркі тайпаларының көпшілік бөлігі ертеде Алтайды мекендегенін түркі халқының аңыздары, тайпа, өзен, көл, тау аттары айғақтайды. Түркі халқының шығуы туралы ешқандай нақты дерек болмағанымен, ғұн империясы ежелгі түркі мемлекеті болып саналады [2, 34].

Ғұн мемлекеті тарихын зерттеуші Л.Гумилев ғұндарда жазу болған, Орхон-Енисей ескерткіштері сол жазудың жалғасы дегенді айтады. Бұл шын да болар. Кейбір ғалымдар қытай жазбаларында ғұндардың сөздері кездеседі дегенді айтады. Бірақ ондай бірді-екілі сөздерге қарап ғұндардың тілі мынадай болған деу қиын. Нақтылы және жеткілікті тілдік фактілер болмағандықтан, ғұндардың тілін ғалымдар тек жорамалға негіздеп қана сөз етіп жүр [3,13].

Ғұндардың этникалық шығу тегі туралы XX ғасырға дейін төрт түрлі болжам пайда болды, олардың бір тобы бұлардың шығу тегі түркі тілдес (А.Ремюзае, Ю.Клапрот, Ф.Мюллер, В.Радлов, В.Бартольдт, Ш.Уәлиханов, Ә.Марғұлан), екінші тобы моңғол тілдес (П.Паллас, Ф.Бергман, И.Шмидт, И.Бэр, Н.Бичурин, К.Нейман, Х.Хоргус) болуы мүмкін деген болжам айтты. Ғұндардың алғашқы ордасы болған жер Еділ мен Жайық, яғни Орал өңірі болғандықтан және сол аймақты ертеден фин-угор тайпалары мекендеген себепті кейбір ғалымдар (М.Кастрен, Костинен, Вивьен де Сен-Мартен, П.К.Услар) батыс хундардың шыққан тегі, яғни тілі фин-угор болуы керек деп болжам жасады. Ғұндардың шыққан тегі славяндар болуы мүмкін дегендер (Д.Венелин, А.Вельтман, А.Погодин, Д.Иловайский) саны аз болды [2,35-36].

Ғұндар үш бөлікке бөлінген. Біріншісінің ішінде сюннулар болды, олар б.з.б. I мыңжылдықтың ортасынан бастап Хуанхэ өзенінің орта тұсы мен төменгі ағысындағы қазіргі Қытай жерін және Орта, Орталық Азияның көп бөлігін қамтып, Шығыс Түркістанның Оңтүстік Манчжурияға дейінгі аумақты алып жатты.

Екіншісі – б.з.б. I мыңжылдықта сыртқы Моңғолияда, солтүстік Манчжурияда түркі-моңғол тілінде аралас сөйлеген сәнбилер. Кейіннен сәнбилер солтүстік Вэй әулетін құрған.

Үшіншісі – түркі тілінде сөйлеген тайпалар қоныстанған орта мұнда Ішкі Моңғолияда, Байкалда, Ордостан, Алтай, Тарбағатай, Жетісуға дейінгі жерлерді мекендеген хун тайпалары қалыптаса бастайды. Бұл тайпаларда түркі тілінде сөйлеушілер көбірек болған, ал бұлар бұрынғы сақ тайпаларының ұрпақтарымен көрші тұрған [2,45].

Сақ (скиф), ғұн, түркі нәсілдерінің бір тектен тарайтындығын академик Ә.Марғұлан былайша жазады: «Қытай тарихының суреттеуінше, ғұндардың арғы тегі қола дәуірінің соңғы кезі, Қытайдың Шан-ин, ескі Чжау заманында жасаған елдер, сақтардың (скифтердің) бір үлкен ұлысы. Олардың ерте кезде мекендеген жері теріскей күнгеі өлкесі. Бергі кезде олардан түркі тайпалары тарап, тегісімен байтақ сахарда өсіп-өнеді» [4].

Ғалым осы еңбегінде ғұндардың басшыларының айға табынғандығын айта келіп, қазіргі кезде де қазақтардың жаңа ай туғанда оған амандасатындығы, басқа кейбір салт-дәстүрлерінің ұқсастығы солардан қалған қасиет болу керек дейді.

Ғұндардың өз жазуы, әліпбиі де болған. «Тап осындай ашық пікірді VII ғасырдың 30 жылдары Жетісуды аралап шыққан саяхатшы Сюань -Цян да айтады. Ол кісінің байқауынша, Жетісудың мәдениетінің өркендеуі биік сатыға көтеріліп, халқының жартысы суармалы егін салып, өзгесі сауда істейді. Жазу түсіретін алфавиті бар, тарихи шежірелерді баяндайтын шығармалары бар (Бартольд)» [5].

Белгілі түркітанушы ғалым Қаржаубай Сартқожаұлы ғұн жазуына байланысты мынадай деректерді алға тартады: «1982 жылы Моңғол археологтары Бұлғын аймағындағы Бабалы (Өвгөнт) бөктеріне жерленген Хунну моласынан

қыруар олжа тапты. Олардың ішінде алтынмен аптап, күміспен күптеген ат әбзелдері, сом алтыннан құйылған 39 қапсырма сияқты мүліктерге қоса, дөңгелек үстіндегі алтыннан шеніп жасаған пеңгей (пеңгей – медальон, қаңғай – медаль) де бар еді. Дүние жүзі ғалымдарының зарыға күткені де осы пеңгей сияқты деректі айғақ болатын» – дей келіп, диаметрі 3,5 см болатын деңгейдің ортасында қауметті қоба сақалы, қияқ мұрты бар адамның бейнесі шекілгенін, бейненің екі жағына көне руниканың 9 әрпінен тұратын 4 сөз жазылғанын айтады. Жазудың транскрипциясында «Ой – Сеңгір». «Елші ынты» деген сөздер бар екен. Қазақша аудармасы:

1.Ой – Сеңгір. 2.Елшінің найзасы болып шыққан. Осы жазулардан ғалымдар мынадай тұжырымдама жасайды:

1. Хуннулар дыбыс бейнелейтін алфавиттік жазу қолданған.

2. Бұл жазулар хуннулардан бері ұрпақтан-ұрпаққа үзілмей жалғасып, X ғасырға дейін қолданылады.

3. Моңғолия мен Тува, Қазақстан мен Қырғызстан жерлерінен ұшырасатын жүздеген руникалық айғақты бұдан былай тек VII –IX ғасырдағы түркілерге ғана тән деп емес, енді хунның, Тоба, Вей, Сяньби, Жуан – жуан қағанатына да қатысты мұра деп қарастыруға болады.

4. Хуннулар байырғы түркі (баба түркі) тілінде сөйлеген және мемлекеттік тілі түркі тілі болған.

5. Хуннулар тілінің бірден -бір мұрагері қазіргі түркі халықтары екені де дау тудырмақ емес» [6,455-456]. Бұл деректер ғұндардың өзіне тән жазуы болғандығын ғылыми тұрғыдан дәлелдей түседі [4].

Н.А.Баскаков Ғұн дәуіріндегі түркі тілдерін екіге, батыс ғұн және шығыс ғұн тілдері деп бөледі. Батыс тобы – бұлғар (р/л) және оғыз-қарлұқ, қыпшақ (з/ш, д/т) тілдерінен, шығыс тобы – ұйғыр-оғыз (з/ш, д/т) және қырғыз-қыпшақ тілдерінен тұрады [7,12].

Ғұн дәуірінде моңғол, тұңғыс-маньчжур тілдерінен түгелдей ажырап болған түркі тілдері өз ішінен шығыс түркі және батыс түркі тілдері, яғни шығыс ғұн және батыс ғұн тілдері болып, екі үлкен салаға бөліне бастаған. Қазақ тарихындағы алғашқы тайпалық одақтар (үйсін, қаңлы, алан б.б.з.шейінгі III ғасыр) осы Ғұн дәуірінен белгілі. Олардың қоғамдық құрылысы, мәдениеті, тілі жайында кейбір деректер: ру-тайпа, ұлыс атаулары, жер-су, кісі аттары көне грек, қытай, парсы нұсқаларында сақталған [8,9].

Қорыта келгенде, бұл кезеңде оғыз-қарлық-қыпшақ тілі бірлестігі қалыптасты. Бұл бірлестік қазақтың халық тілінің басты арналарының біріне айналса, қыпшақ, қаңлы, үйсін тайпа тілдері қазақтың халық тілінің құрамына енгендер.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 Қайдар Ә., Оразов М. Түркітануға кіріспе. – Алматы: Мектеп, 2004, -360 б.

2 Аманжолов К.Р. Түркі халықтарының тарихы. – Алматы: Білім, 2005. – 304 б.

3 Қордабаев Т.Түркология және қазақ тіл білімі. – Қарағанды, 1992. – 136 б.

4 Марғұлан Ә.Х. Ежелгі жыр, аңыздар. – Алматы, 1985

5 Өтениязов С. Ғұндар мұрасы. //«Жалын» журналы №8, 2004.

6 Сартқожаұлы Қ. Хунну жазуы. //Әлем. Альманах. Алматы, 1991.

7 Баскаков Н.А. Введение в изучение тюркских языков. – М., 1984. – 304 с.

8 Болғанбайұлы Ә., Қалиұлы Ғ. Қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы: Санат, 1997. – 256 б.

Бақылау сұрақтары:

1. Ғұн дәуірінің өзіне тән белгілері.

2. Батыс және Шығыс ғұн тілдері.
3. Ғұндар туралы тарихи деректер.

Тапсырмалар:

1-тапсырма. Б.Базылханның «Қазақ және моңғол тілдерінің салыстырмалы грамматикасы» деген еңбегінен (Алматы, 2000.) дауысты, дауыссыз дыбыстардың ортақтығына қатысты конспект жазыңыз.

2-тапсырма. Ә.Қайдаров, М.Оразовтың «Түркітануға кіріспе» еңбегінен түркі-моңғол тілдеріндегі грамматикадағы ортақтықтарға конспект жазыңыз.

3-тапсырма. Түркі халықтарының тарихына қатысты мәліметтерді пайдалана отырып ғұн тайпаларының тарихына сипаттама жасаңыз.

4-тапсырма. Қытай жылнамаларында сақталған ғұн тілінің деректерін қазақ тілінің деректерімен таныстырып, тұлғалық ерекшеліктерін көрсетіңіздер.

5-тапсырма. Берілген көне тілдерді қолдана отырып, кестені толығыңыз.

Бұлғар, авар, оғыз, қыпшақ, қарлұқ, хазар.

Р-Л тілдері:

З-Ш тілдері:

6-тапсырма. Ғұн дәуіріндегі түркі тілінің жіктелу нышандарына (З-Ш, Р-Л тілдері) түсінік беріп, мысал келтіріңіз.

Қазақ тілі тарихының дамуындағы Көне түркі дәуірі

Көне түркі жазба ескерткіштері – ұрпақ қазынасы. Ұрпақтан-ұрпаққа мұра болған руникалық жазба ескерткіштер (V-VIII ғасыр) қазақ және өзге түркі халықтарының көне дәуірде мәдени деңгейінің өте жоғары болғандығын дәлелдейтін баға жетпес асыл қазына. Бүкіл әлемге танылған түркі руникалық жазбалары атақты Египет перғауындарының қорғандарынан табылған шумер жазуларымен дәуірлес болып келеді [1].

Алфавиттік жазудың пайда болу тарихы, шығу тегі өте күрделі де, шешілмеген жұмбақтарға толы. Өйткені алфавиттік жазу – дүниежүзі мәдениетінің қол жеткен табысы болса, бұл мәдени мұраға біздің ата-бабаларымыз да өзіндік үлес қосып, келер ұрпаққа мирас еткен. Алғашқы әріп жазуының бір тармағы руникалық көне түркі алфавиті болып табылады. Бұл алфавитпен жазылған ескерткіштер – көне түркі тайпаларының жоғары тіл мәдениеті мен білім өресінің ауыз толтырып айтарлықтай көрсеткіші.

Осы ескерткіштердің бүгінде мәлім болған аймақтары: Сібірдегі Енисей, Лена өзендерінің аңғарлары, Моңғолиядағы Орхон, Онгин, Селенга өзендерінің алқабы, Орта Азия мен Қазақстандағы Талас пен Сыр бойы, Ертіс пен Іле қойнауы екені айқындалып отыр. Мұндағы жазу таңбаларын ғалымдар алғашқы табылған жерден өзен аттарымен «Орхон-Енисей жазуы» немесе сыртқы нұсқалық көрінісі жағынан Скандинавия руналарына біршама ұқсас болғандықтан, оның «күпия» таңбаларына балап «руникалық» деп атап кетті [2, 39].

Орхон-Енисей жазуының жұмбақ сырын шешуге ұмтылушылар түрлі-түрлі болжамдар айтқанымен, оны шешудің кілті 1893 жылдың аяғында ғана белгілі болды.

Көне түркі тіліндегі руникалық жазулар тек тастарға қашау әдісімен ғана емес, үй жиһаздары, түрлі бұйымдарға

да ойып жазылғандығы айқындала түсті. Саз балшықтан ыдыс-аяқтар мен құмыраларға кескінделген руникалық бірнеше жазулар Ферғанада және Дон өзенінің құйылысынан табылды. Алтай мен Хакасиядағы ескі мола-қорымдарды қазғанда, археологтар алтын, күміс қапсырмаға ойылған руникалық жазулардың куәсі болды.

Кең тараған руникалық жазудың Шығыс Түркістаннан YIII-IX ғасырда қағазға жазылған нұсқаларын XX ғасырдың бас кезінде ұйымдастырылған археологиялық экспедициялар айқындады десек, Алатаудың оңтүстік өңіріндегі Талас алқабынан ағаш таяқшаға ойып жазылған нұсқасы табылды [2,40].

Көне түркі дәуірінен, оның ішінде Y-X ғасырлардан бізге мынадай жадыгерліктер жеткені мәлім.

1.Y ғасырға жататын руна (сына) жазулы Талас-Енисей ескерткіштері, құлпытастағы эпитафиялар, олар – 1-2 сөйлемнен 5-6 сөйлем көлемінде айтылған тарих.

2.YIII ғасырға жататын руна жазулы Орхон ескерткіштері, құлпытасқа қашалып жазылған түркі тайпаларының сол дәуірдегі атақты қағандары мен батырлары, Білге қаған, Елтеріс қаған, Күлтегін, Тонықұқтар туралы тарихи шежірелер.

3.YIII-X ғасырлардағы ұйғыр жазулы түс жору, аян айту, діни аңыз түріндегі ескерткіштер [3, 41-42].

Басын YI-YIII ғасырлардан көп бұрын алған сына жазулы Орхон-Енисей-Талас жадыгерліктерінің тілі Y-YIII ғасырларда Жетісу, Алтай, Орта Азияда өмір сүрген оғыз, қыпшақ, ұйғыр, қарлұқ тайпаларының ортақ жазба тілі болды. Бұл ескерткіштердің тілі бірнеше дәуірлік тарихы бар жасанды жазба тіл деген де (Э.Тенишев), ауызекі баяндау стиліне жуықтайтын жылнамалық (шежіре іспеттес) эпостар тілі деген де (Ө.Қоңыратбаев), эпитафиялық проза тілдерінің үлгісі деген де (П.М.Мелиоранский, Қ.Өмірәлиев, Е.Жұбанов), YI-YIII

ғасырлардағы түркі поэзиясының үлгісі деген де (Ф.Корш, И.В.Стеблева) пікірлер жарыса орын алып келеді. Қайткен күнде де Орхон және Енисей жазбалары – әдеби тілдік дүниелер, өйткені бұлардың тілінде белгілі бір нормалар, дәстүрлі үрдістер бары даусыз [3, 42]. Түркі тілдерінің жазу дәстүрі «руникалық» көне түркі алфавитінен басталған. Бұл көне алфавит графикалық жүйелілігі жағынан аса бай және жетілген жазу болған.

Көне түркі дәуірінде Ғұн империясынан ыдыраған, әлі тайпалық одақтарға толық бірікпеген шағын түркі тайпалары үшін өте ауыр кезең болып саналады. Көне түркі дәуірінде моңғол тілдері мен түркі тілдері бір-бірінен толық бөлініп шықты. Моңғол тілдері Шығыс Ғұн тайпасы тілдерімен, ал түркі тілдері Батыс Ғұн тайпасы тілдерімен тығыз байланыста дами бастайды.

Түркі тілдерінің дамуындағы көне түркі дәуірін ол кездегі түркі тілінің қолданылу барысына қарай әдетте тіл мамандары үш кезеңге бөліп қарайды: а) түркі тілі қолданылған дәуір – Түкію кезеңі немесе Түрік қағанаты (V-VIII ғ.); ә) көне ұйғыр тілі қолданылған дәуір – Көне ұйғыр кезеңі (VIII-IX ғ.); б) көне қырғыз тілі қолданылған дәуір – Көне қырғыз кезеңі (IX-X ғ.).

А) Түкію кезеңі немесе Түрік қағанаты. Көне түркі дәуірі өз бастауын Ғұн империясының іргетасы ыдырай бастаған кезеңінен алды. Ғұндар мемлекеті екіге ыдырап, олардың бір тобы Батыс Европаға жылжи бастады. Тарихта «Ұлы көш» атауына ие болған осы процестің нәтижесінде бүгінгі түркі халықтарының негізі қалыптасқан. Батыс ғұндықтар өзінің жолындағы түркі тайпаларын жеңе отырып, IV ғасырда Батыс Европаға жетеді. Сол жерді мекендеген бұлғарлар мен хазарлардың құрамына кіреді.

VI ғасырға дейінгі түркі халықтары тілінен мәлімет бере алатын тарихи деректер мен ескерткіштер жоқтың қасы, ал Түкію тайпалық одағының құрамына кірген түркі тайпалары

тілінен мол мәліметтер бере алатын жазба ескерткіштер бар. Олар – Орхон-Енисей ескерткіштері. Олардың қатарына мына ескерткіштер жатады:

1. Онгин тасы – өте көне жазумен жазылған, Гудулу ханның құрметіне қойылған ескерткіш;

2. Күлтегін мен Могилян ханға (Білге қаған) қойылған ескерткіштер.

3. Тоныкөкке арналған ескерткіш.

4. Білге Құлышарға арналған ескерткіш.

Ә) Көне ұйғыр кезеңі. 741 жылы Шығыс түрік қағанатын Селенга өзенінің солтүстігін мекендеген ұйғырлар басып алады. Ұйғырлардың қол астына Түкію империясының шығыс бөлігінің тайпалары енді. Олар Түрік қағанатын 100 жылдай биледі. Алайда Батыс Түрік қағанатының ұйғырлар мемлекетінің құрамына кірмеуі ұйғырлардың әлсіреуіне әкеліп соқтырды. Соның нәтижесінде 840 жылы Енисей бойын мекендеген қырғыздар басып алды. Ұйғыр тайпаларының басым көпшілігі өздерінің бірлігін бұзбастан Шығыс Түркістанға қоныс аударды. Олар Жоңғарияда өздерінің жаңа мемлекетін құрады. Оларды «тоғыз ұйғырлар» деп атайды.

Көне түркі дәуірінің II кезеңінің өкілдері – ұйғырлардың кейінгі ұрпаққа қалдырған жазба ескерткіштерді екі топқа бөлуге болды:

1. Тасқа рун жазумен ойып жазылған ескерткіштер:

Селенга тасы – Түрік қағанатының құлау дәуірінде жазылған;

Суджи тасы – Көне ұйғыр мемлекетінің құлау дәуірінде жазылған;

2. Соғди жазуымен (тік жазу) жазылған манихей және будда діни-философиялық жазбалары және ұйғырлардың ресми іс қағаздарының үлгілері.

Ұйғырлар түркі өркениетінің дамуына ерекше әсерін тигізді. Олардың тілі мен жазуы Қараханид дәуіріндегі түркі

тілінің (X-XII ғғ.), оғыз-қыпшақ әдеби тілінің (XII-XIII ғғ.), шағатай әдеби тілінің (XIII-XIX ғғ.), Алтын Орда әдеби тілінің (XIII-XIV ғғ.), ескі өзбек әдеби тілінің (XV-XIX ғғ.) қалыптасуына игілікті әсерін тигізді.

Б) Көне қырғыз кезеңі. Ұйғырлар мемлекетін басып алған қырғыздар түркі халықтарының ішіндегі ең көнесі болып саналады. Көне Қытай жылнамаларында б.з.д. 201 жылдары қырғыздар Енисей өзенінің жоғарғы және ортаңғы ағысын мекендегендігі айтылды. Ал көне түркі дәуіріндегі қырғыздар туралы қытай, араб, парсы, орхон жазбаларында мәліметтер беріледі [4, 65-66].

Көне түркі жазба ескерткіштерінің маңызы жайында мынадай пікір білдіреді: «Қазіргі түркі тілдерінің тарихи орнын межеленудің негізгі арқауы ретінде көне түркі жазба ескерткіштері – Орхон, Енисей және Талас мұраларының тілі алынууда. Ескерткіштер тілі түркі жазба тілінің бізге жеткен ең көне нұсқасы болғандықтан, орта ғасыр түркі тілдері мен қазіргі түркі тілдерін түркілік тектілігімен (протоязык), бабатілмен (праязык) жалғастыратын бірден-бір фактологиялық материалдар қоры және қазіргі түркі тілдеріне тән басты фонетикалық, грамматикалық заңдылықтардың бағыт-бағдарын, өткен кезеңдердегі қалып-күйін, ортақ лексикалық жүйенің дамуын айқындауға мүмкіндік беретін дереккөзі [5,9]. Олай болса, бұл ескерткіштердің тілі көне түркі дәуірінің сипатын анықтауға мол мүмкіндік береді.

С.Г.Кляшторный мен А.Н.Кононов көне түркі жазу ескерткіштерін 7 топқа бөліп қарайды:

1. Батыс түрік қағанатына тән ескерткіштер. Бұлар негізінен Орхон ескерткіштері деп аталады да, оған: 1) Орхон өзенінің бойынан табылған ескерткіштер; 2) Алтай тауының айналасынан табылған ескерткіштер енеді. Ғалымдар бұл ескерткіштерді VII-VIII ғасырларда жазылған деп шамалайды.

2. Қырғыз қағанатына тән Енисей жазу ескерткіштері. Енисей жазу ескерткіштерін С.Е.Малов V-VI ғасыр түркілер тіліне, В.Томсен мен П.М.Мелиоранский VI-VII ғасыр түркілер тіліне, В.В.Радлов VII-VIII ғасыр түркілер тіліне тән деп көрсетеді. Енисей жазу ескерткіштері Орхон жазу ескерткіштеріндей көлемі жағынан үлкен емес.

3. VIII-X ғасырларда жазылып, Лена-Байкал өңірінен табылған ескерткіштер. Бұл ескерткіштер Құрыхан тайпалар одағына тиісті.

4. Талас пен Ферғанадан табылған руникалық ескерткіштер. Бұл оғыз ескерткіштері батыс түркі тайпаларының ұрпақтарына тән, VI-VIII ғасырлар аралығында жазылған.

5. VIII ғасырдың II жартысы мен IX ғасырларда жазылған Моңғолиядағы ұйғыр қағанатына тиісті болған Семиги және Қараболғасун ескерткіші.

6. Шығыс Түркістандағы ұйғыр мемлекетіне (IX-X ғғ.) тән ескерткіштер мен турфан жазулары.

7. Хазар қағанаты мен Печенек тайпаларына тиісті Шығыс Европада табылған ескерткіштер [6].

Қ.Р.Аманжолов көне түркі жазба жадыгерліктерін зерттеп білу процесін шартты түрде 6 кезеңге бөледі: (біз бұл жерде ғалымның осы пікірін толық беруді жөн көрдік)

1-кезең – руникалық мәтіндер зерттеле бастаған XV-XVIII ғасырлар. 1692 жылы Амстердам бургомистрі Николай Витзен «Верхотурьеге тақау тұста жартаста әріптермен қашалған бірнеше сурет пен жазулар табылғанын...» хабарлайды. 1896-1897 жылдары В.Каллаур мен Гейкель қазіргі Қырғызстанның Дмитриевка селосының маңайында Талас өзенінің жоғары сағасынан сына жазу мәтіндері бар тастарды тапқан. 1719-1722 жылдарда I Петрдің тапсырмасы бойынша неміс натуралисі Д.Г.Мессершмидтің Сібір мен Манчжурияға экспедициясы жүзеге асырылды. Оның күнделік жазбаларында да көне түркі жазбаларының кейбір

үлгілері туралы деректер келтірілген. 1793 жылы Т.Байер мен П.С.Палластың экспедициялары жолға шықты. 1793 жылы П.С.Паллас көне түркі жазба нұсқаларының кейбір үлгілерін жариялайды. Табберт Страленберг те 1730 жылы руникалық мәтіндер туралы мәліметтер берген. Оның 1730 жылы Стокгольм қаласында неміс тілінде басылып шыққан «Европа мен Азияның солтүстік және шығыс бөліктері» атты еңбегінде көне ескерткіштер туралы мағлұмат береді.

2-кезең – руникалық жазулардың оқылуын ашу үшін материалдар жинау қолға алынған XIX ғасырдың басынан бергі уақыт. 1818 жылы Г.Спасский «Записки о сибирских древностях» деген еңбегінде бұл жазуларды оқи алған жағдайда «өте маңызды тарихи және философиялық мәселелердің басы ашылуы мүмкін» деген пікір айтқан. А.Ремюза бұл жазу усунь (үйсін) тайпасының жазуы деп санаған, оған қарсы дау айтқан Спаский жазудың тегі моңғолдарға немесе қалмақтарға тиесілі деп санайтынын білдірген, 1857 жылы бұл жазуды енді славян халықтарының жазуы дейді. Мұның өзі руникалық жазуларды ғылыми тұрғыда зерттеуге арналған тұңғыш пікірталас болатын. Орхон-Енисей нұсқаларын Т.Байер кельт жазуы; Н.Попов гот жазуы; Роммель скиф немесе грек жазуы; Ю.Клапрот грек жазуы деген тәрізді сан алуан пікірлер айтылды. ал. В.Томсен мен О.Доннер Орхон-Енисей алфавиті түркі тіліне икемделіп, арамей алфавитінен өңделген және қосымша таңбалармен толықтырылған деген пікірге келеді.

3-кезең руникалық жазулардың оқылуын ашу кезеңі. 1889 жылы Н.М.Ядринцев Уланбатордың сол жақ бетіндегі Цай-дам көліне тақау тұста Күлтегін мен Білге қаған ескерткіштерін тауып, бүкіл дүниені дүбірлетті. Н.М.Ядринцев Күлтегін ескерткіштерінің артқы бетінің қытайша иероглифпен жазылғандығын байқайды. Бұл жаңалық дүниежүзі ғалымдарының назарын аударды. Осы жинақталған материалдар құпия жазудың сырын ашуды

тездете түсті. Дания ғалымы В.Томсен көп ізденіп, 1893 жылы екі ғасырдан артық жұмбақ болып келген құпия жазудың фонетикалық заңдылықтарының сырын ашады. Алдымен ескерткіштегі «түрк, тәңрі» деген сөздердің басын құрап, одан кейін Орхон-Енисей жазбаларының түгелдей құпия сырын ашты: 1893 жылы 15 желтоқсанда В.Томсен Дания Ғылым академиясының мәжілісінде В.Радлов пен Г.Гейкель экспедициясы ашқан, Орхон бойынан табылған ескерткіштерді оқудың сырын ашқандығын хабарлады. В.Томсен бұл жазу түркі халықтарының тілінде жазылды деп мәлімдеді. Көп кешікпей Томсеннің үлгісімен 1894 жылы 19 қаңтарда В.Радлов Күлтегін ескерткішін аударып шығады.

Көне түркі жазуын зерттеудің 4-кезеңі 1909 жылдан басталды. Осының алдында В.В.Радлов 1896 жылы Қазақстан территориясындағы Талас өзенінің аңғарынан В.А.Каллаур тапқан тастағы сына жазуының оқылуын ашқан болатын. Сол тұста П.Мелиоранский әр жерден табылған үй тұрмысының заттарындағы руникалық жазуларды зерттеген. 1913 жылы Рамстедт экспедициясы 1909 жылы ашқан Суджи мен Селенга тастарының сына мәтіндері жарияланды. 1913-1914 жылдары В.Томсеннің толық шығармалар жинағы шығып, оған Орхон мәтіндерінің жаңа аудармалары қосылды.

Көне түркі жазуын зерттеудің 5-кезеңі Кеңес одағында соғысқа дейінгі уақытта басталды. 20-жылдардың аяғында С.Е.Маловтың монографиясы жарыққа шығып, көне түркі мәтіндерінің хрестоматиясын дайындады, В.Томсеннің соңғы аудармасы бойынша Тоныкөк мәтініндегі 29 жолға жаңадан транскрипция жасалған. В.Владимирцев моңғол тілінде орхон мәтіндерінен ауысқан түркі сөздерін талдаған, С.Киселев тастар мен тұрмыс заттарындағы жазуларды зерттеген мақалалар жариялады.

6-кезең соғыстан кейінгі уақыттан басталады. Бұл жылдары көне түркі жазуларын зерттеу жалғаса түсті және де

осы проблеманы аймақтық тұрғыда қарастырған еңбектер дүниеге келді [6,75-77].

Ү-ҮІ ғасырдың аралығында көне түркі кең түрде пайдаланған алфавиттік (әріптік) жазу бір ғана руникалық алфавитпен шектелмеген. Мысалы, соғды жазуының негізінде пайда болған көне ұйғыр алфавиті, Сирияның «Экстрангело» інжіл жазуынан пайда болған манихей алфавиті [7,123].

Көне ұйғыр жазуы жоғарыдан төмен қарай жазылады. Онда небәрі 23 таңба бар. Мұнда әрбір таңба сөз ішінде келетін орнына қарай сөз басында бір түрлі болса, сөз ортасында екінші және сөз соңында үшінші түрлі болып өзгереді. Көне ұйғыр жазуының 23 таңбасы 28 әріптің орнына жүреді. Біздің заманның ҮІІ ғасырындағы ұйғыр қағанатының басын біріктірген тайпалардың тіліне сәйкес, жаңа соғды алфавитінің негізінде «ұйғыр жазуы» деп аталып жүрген әріптік жазу пайда болды. Бұл жазу ҮІІІ-ХІІІ ғасырда кеңінен пайдаланылды. ХІҮ-ХҮ ғасырларда ұйғыр жазуын Ақсақ Темір мен оның мирасқорлары және Алтын Орда хандарының сарай маңындағы бекзадалары пайдаланды. Мәселен, 1391 жылы Токтамыс ханға қарсы жорыққа атанған Ақсақ Темір өзінің жорық сапары жөнінде ұйғыр әрпімен «шағатай» тілінде тасқа қашатқан жазу қалдырды. Бұл ескерткішті 1927 жылы академик Қ.И.Сәтбаев Ұлытау шоқыларынан тауып, ғылым дүниесіне паш етті [7, 125].

Орхон-Енисей жазба белгілері бар тастар ең алғаш рет ХҮІІ ғасырдың аяқ кезінен бастап Сібірді зерттеушілердің көзіне түсті. Атақты орыс ғалымы Н.М.Ядринцев 1889 жылы Моңғолиядағы Орхон өзенінің құйылысынан ерекше үлкен төрт қырлы, биіктігі үш метрдей екі құлпытас тапты. Бұл ескерткіштің төрт қырына қашалған жазу таңбалары түп нұсқа жағынан осыдан әлдеқайда бұрын, ХҮІІ ғасырдан бастап Енисей өзенінен табылған құпия жазуларға, сыры жұмбақ болып

келген таңба алуандас жазуларға ұқсас болып шықты. Ал осы екі ескерткіштің төртінші қырына қытай иероглифтерімен қашалған жазуды оқып көргенде, бұл ескерткіштің біреуі 732 жылы түркі ханының інісіне орнатылғаны анықталды.

Орыс ғалымдары В.В.Радловтың жетекшілігімен бұл құпия жазуды зерттеу бағытындағы жұмысты тоқтатпастан арнаулы ғылыми экспедициялар ұйымдастырылды. Осы бір кезде фин ғалымдары да жұмбақ жазудың сырын ашу үшін зерттеу жүргізді. Осылардың нәтижесінде жұмбақ жазулардың Оңтүстік Сібір мен Моңғолиядағы ескерткіш нұсқалары жинақталып, жарияланған атластары жарық көрді. Мұнда жазу таңбалары тұңғыш рет табылған жердегі өзен атымен аталатын көне түркі тіліндегі руникалық жазулардың нұскалық суреті көрсетілді. Руникалық жұмбақ жазуларды шешуге бағытталған орыс ғалымдарының зерттеулеріне көз сала келіп, дат ғалымы профессор Вильгельм Томсен оны шешудің кілті жөніндегі өздерінің қисындары мен жорамалын 1983 жылдың декабрінде атақты түрколог В.Радловқа жолдады. В.Радлов бұған дейінгі зерттеулерін және замандас ғалымдардың жорамал қисындарын ой таразысына салып, ізденудің нәтижесінде 1894 жылы түркі тілінде жазылған Күлтегін ескерткішіндегі руникалық жазудың тұңғыш аудармасын берді. Сөйтіп, Н.М.Ядринцев тапқан жоғарыдағы бұл ескерткіштің біреуі – Білге қағанға (735), екіншісі – оның інісі Күлтегінге (732) қойылғаны мәлім болып, мазмұны толық анықталды. Ғылым саласында ашылған бұл жаңалық тіл білімінің тарихи-салыстырмалы бағытын белгілеп, түркология ғылымын жүйеге келтіруде мықты қазық болды. Осыдан бастап түркология ғылымының негізі қаланып, оның өріс алуына жаңа кезең басталды [7,7-8].

Көне түркі тіліндегі руникалық жазулар тек тастарға қашаумен тынбағандығы ол үй жиһаздары, түрлі бұйымдарға ойылып жазылғандығы да айқындала түсті. Саз балшықтан жасалған ыдыс аяқтар мен құмыраларға кескінделген руниалық бірнеше жазулар Ферғанадан және Дон өзенінің құйылысынан ұшырады.

Алтай мен Хакасиядағы ескі мола қорғандарын қазғанда, археологтар алтын, күміс табақтар мен құмыра тостағаншаларға және күміс қапсыра жазылған руникалық жазуларды тапты. Ал 1799 жылы Венгриядан алтын бұйымдар қоймасы табылып, жұртшылық оны «Аттила қазынасы» деп атап кетті. Таңқаларлық бір қызығы 6 бұл алтын бұйымдарға ойылған жазулар Талас, Енисей бойынан табылған руникалық жазулармен біртектес, соларға үйлес. Профессор Ю.Немет бұл жазуларды түркіше оқып байқады да, бұларды X ғасырдағы түркі тайпаларының бірі қазіргі қарақалпақ халқының қалыптасуына ұйытқы болыпты деп саналатын печенег тайпаларына жатқызады.

Кең тараған руникалық жазудың Шығыс Түркістан шамандық, манихейлік, буддалық дін және заң мазмұнында VIII-IX ғасырларда қағазға жазылған нұсқаларын XX ғасырдың бас кезінде ұйымдастырылған археологиялық экспедициялар айқындады, ал Алатаудың оңтүстік өңіріндегі Талас алқабынан табылған ағаш таяқшаға жазылған нұсқасы табылды.

Руникалық жазу тараған географиялық алқапқа барлау жасап, көз салсақ, ол Моңғолия мен Сібірден бері қарай басталып, Жетісуды көктей өтіп, Венгрияға дейінгі жалпақ жатқан аймақтың әр жерінен ұшырасып қалып отырады. Түркі тайпаларының тұңғыш әріптік жазуы болған руникалық алфавиттің шығу тегі әлі күнге дейін шешілмеген жұмбақ. 1893 жылы осы жазудың кілтін тапқан профессор В.Томсен көне түркі руникалық

алфавиті арамей (парсы-арамей) әріптік жазуының әсерімен шықты деген жорамал ұсынып еді. Түркологтардың біразы осы пікірге қосылады. Ал екінші бір ғалымдар бұл ешбір бөгде алфавиттің ықпалынсыз-ақ өздігінен жасалып, түркі таңбалары негізінде туған төл жазу деп есептейді. Академик Ю.Клапроттың бір жарым ғасыр бұрын айтқан руникалық алфавит көне грек жазуымен негіздес деген пікірі де бар.

Осылардың бәрін тексере келе, көне түркі жазуы қашан, қай кезде пайда болды, бұл жазу дәстүрінің өмір жасының ұзақтығы қаншалық деген сауалға тірелеміз. Шындығында, соңғы кезге дейін айтылып келген түркі алфавитінің пайда болуы V ғасыр деген жорамал дұрыс па? Ертіс өзенінің оң қанатындағы көне қорым сырын паш етпек болған археологтардың бірі Ф.Х.Арсланова 1960 жылы қазба жұмысына кіріскен еді. Павлодар облысы Бобровое селосы тұсындағы қорымның барлық белгілері мен сипаттарын зерттеп келгенде, археологтардың бәрі де бір ауыздан сөз етіп отырған моланы біздің жыл санауымызға дейінгі IV ғасырларға, сақ дәуіріне жатқызады. Замана сырын ішке бүккен бұйымдар, батырдың мәйіті мен тұлпары, қару-жарағы және жүгенге тағылған күміс сүйек тұмар табылды.

Сүйек тұмар бұғы (марал) пішіндес етіп ойылған. Сүйек тұмардың бір бетіне руналық көне түркі таңбалары ойылған. Оны «Ақ марал» деп оңнан солға қарай оқыған.

Тұмардағы руналық жазу ертедегі түркі тілдес көшпелі тайпалардың арғы аталары сақтардың алфавиттік жазуы болғандығын көрсетеді. Бұл жазу Оңтүстік Сібір мен Қазақстандағы көшпелі тайпаларда руникалық алфавит тек V ғасырда ғана пайда болды деген бұрынғы болжамның күмәнді екенін, алфавиттік жазу одан мың жыл бұрын қолданылғанын дәлелдейді [8, 10].

Көне түркі руникалық таңбаларының шығу тегі басқа көне алфавиттердің шығу тарихымен тамырлас. Руникалық жазудың о бастағы түпкі негізі біздің заманымызға дейінгі III-II мың жылдықтағы беймәлім идеографиялық немесе алфавиттік жазу болуы ықтимал, ал басқа көне алфавиттермен ішінара ұқсастықтар олардың арғы тегіндегі бастауы бір екендігін көрсетеді [7, 34].

Зерттеушілер байырғы түрік бітіг жазуының шығу тегін төмендегі үш түрлі тұжырымда қарастырады. Онда:

1. Арамей жазуынан бас алған.
2. Соғды жазуынан шыққан.
3. Көшпенділердің төл туындысы [9,19].

Қ.Сартқожаұлы өз зерттеуінде арамей болжамының негізін салушы В.Томсен екендігін айтады. Ол арамей жазуының кескіндерін Енисей, Орхон бітіктерінің кескіндеріне ұқсата қарастыра отырып, біраз белгілер арамейлік емес екенін хабарлайды. Сөйтіп, арамей әліпбиін жаңғырта жасап, байырғы түрік тілінің дыбыстық құрылымына бейімдеп пайдаланған деген тұжырымға келген [8,19]. Ал бұл пікірге Қ.Сартқожаұлы келіспейді. Р.Готью байырғы түркі бітіг жазуы «көне соғды жазуынан» пайда болған деген тұжырымға келген [9, 20], – дейді.

Байырғы түркі халықтарының малдың жағына немесе санына басатын таңбалардан түрік бітіг жазуы шыққан болуы керек деген ұсыныспен қатар, түрік бітіг графикасының түп төркіні көшпелілердің өздері жасап кеткен пиктографиялық және идеографиялық жазулар деген ұсыныстар болды [9, 25]. Ғалым қытай деректерін қарастыра отырып, түркілердің ағаш, сүйекке таңбалап жазғаны жайында мысалдар береді.

Көне түркі дәуірінің тілдік ерекшеліктеріне назар аударып көрейік.

Көне түркі тілінде сегіз дауысты дыбыс болған: а, е, ы, і, о, у, ө, ү. Бұлардан басқа Енисей ескерткіштерінде бірен-саран сөздерде жабық қысаң дыбысталатын е дыбысы

қолданылған деп есептейді. Бұл дыбыс, В.Томсеннің түсіндіруінше, е ашық дауыстысының әлдеқайда қысаң айтылатын варианты. Сонымен, көне түркі тілінде сегіз дауысты дыбыс болған деген қорытынды өзгермей қала береді [10, 35].

Көне түркі тілінде 16 дауыссыз фонема болған. Жазудың дауыссыздарды белгілейтін таңбалары үш түрлі топқа бөлінеді: жуан (б, д, ғ, қ, л, н, р, с, т, й); жіңішке (б, д, г, к, л, н, п, с, т, й); әрі жуан, әрі жіңішке (м, н, ң, п, ш, ч, з);

Қ-к, ғ-г дыбыстары дербес фонемалық қызмет атқармаған, қ жуан дауыстылармен айтылса, к жіңішке дауыстылармен айтылатын к дыбысының ұяң варианты ретінде қолданылған. Төрт дыбыс екі дауыссыз фонеманың көрінісі болған.

Орхон-Енисей, Талас алфавиті төмендегідей топтарға бөлінеді:

1. Дауысты дыбыстарды көрсететін таңбалар.
2. Қос дауыссыздарды (жуан және жіңішке дауыссыздарды) көрсететін таңбалар.
3. Дара дауыссыздарды көрсететін таңбалар.
4. Дыбыс тіркестерін көрсететін таңбалар.
5. Сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемдерді бөлетін таңба.

Орхон-Енисей, Талас жазуларындағы 4 таңба түркі тілдеріндегі 8 дыбыстың орнына қолданылады (а, е, ы, і, о, ө, ү).

Текстердегі дауыссыздар 3 топқа бөлінеді:

1. Жалаң дауыссыздар (з, м, н, п, ч, ш)
2. Қос дауыссыздар (б, ғ, д, й, қ, л, н, р, с, т).
3. Дыбыс тіркестері (лт, нт, нч) [7, 15-16].

Зерттеуші Ә.Құрышжанов пен М.Томанов Орхон-Енисей ескерткіштері тіліндегі қазіргі қазақ тілінен тұлғалық, әрі мағыналық жағынан ұқсастығы айқын, ешқандай айырмашылығы жоқ сөздер деп 130 сөзді, ал

қазіргі қазақ тілімен салыстырғанда кейбір фонетикалық ерекшелігі бар сөздер деп 397 сөзді, тұлғалық та, мағыналық жағынан ұқсастық таппайтын сөздер 311 сөзді тізіп көрсетеді [11, 57].

Лексикаға қатысты Ш.Ш.Жалмаханов: «Енисей ескерткіштерінен қазақ тілінде сақталған сөздер саны – 198, яғни 54,4%» – деп көрсете келіп, дыбыстық өзгеріске түскен 106, дыбыстық өзгеріске түспеген 88 сөз бар екендігін айтады [12,71].

Көне жазба ескерткіштер тілінде жаңадан сөз тудыру тәсілдері әр түрлі. Мысалы, бір ұғым беретін кейбір сөз оралымдары: ісі-күчін (ісін-күшін), йір-суб (жер-су), өлү-йіту (өлім-жітім) сияқты болып екі сөздің қосарланып келуі арқылы жасалса, енді бір топ сөздер еблік (үйлік), елчі (елші), ачлық (аштық), кечіг (өткел) т.б. жұрнақтар жалғану арқылы жасалған. Осы іспеттес Тоныкөк, Ілгеріс, Қапаған, күнтүз сияқты біріккен сөздер де кездеседі. Сондай-ақ кейде екі сөз тіркесіп келіп, мағынасы жағынан тұтасып кетеді де, бір заттың атын білдіретін тіркесті түбір сөздерге айналады: Күл-тегін, Алмаш-тутук, Ер-қамыш т.б. сияқты адам және жер-су аттарына байланысты сөздер жиі кездеседі [13,43].

Түркі қағанаты ірге көтерген VI ғасыр ортасында олар жазуды ұсынды. Арғы тегі арамей жазуына баратын бұл руна жазуының алфавиттік жүйесі мен емле жүйесін Ертедегі Түркілердің өздері жасады. Жазу сияқты мәдениеттің ұлы қазынасын жаратты. Жазуды олар «бітіг» деп атады. Бұл «бітігпен» Ертедегі Түркілер әуелі елшілік хаттар, хан жарлықтарын, қаған шежірелерін жазды. Олардың бәрін «саб» деп атады. Кейін Ертедегі Түркілерде мола басына қойылған тасқа да жазу жазатын салт туды. Бұл жазулы тастарды олар «бітіг таш» деп атады. «Бітіг таштар» екі стильде болды: бірі – өлген кісінің атынан айтылды, бұл «бітіг» сөздер өте қысқа болып келді; екіншісі – өлген кісінің ерлік істері артындағы кісілердің атынан баяндалды. Атақты

батырлар мен қағандарға арнап жазылған соңғы стильдегі жазулар тарихты баяндаған тұтас бір шежіреге айналып отыр [14,10]. Қ.Өмірәлиев бұл жазуды «алғашқы жазба әдебиет» деп атайды.

Ғалым Р.Сыздықова «Орхон-Енисей ескерткішінің тілі – қазақтың ауызша және жазба әдеби тілдерінің бір арнасы» [3, 41] деп айтуы бекер емес.

Жалпы алғанда, көне түркі дәуіріндегі тіліміздің лексика-грамматикалық ерекшеліктерінде қаншалықты өзгеріс болғандығы байқалды. Дегенмен, қазіргі тіліміздің тарихы бастауын осы көне жазбалардан алады десек, қателеспейміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Табулденова Т.Б. Көне түркі тіл мәдениет құндылықтарының ерекшеліктері// <http://freeref.ru/wievjob>.
2. Аманжолов А. Түркі филологиясы және жазу тарихы. – Алматы: Санат, 1996. – 128 б.
3. Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1993, – 320 б.
4. Бүркіт О. Түркітану. – Алматы: Арыс, 2003. – 140 б.
5. Ескеева М.Қ. Түркі тілдері жүйесіндегі қазақ тілінің тарихи орны. – Астана: Кантана Пресс, 2011. – 420 б.
6. Аманжолов К.Р. Түркі халықтарының тарихы. – Алматы: Білім, 2005. – 304 б.
7. Айдаров Ғ. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. – Алматы: Мектеп, 1986, -173 б.
8. Аманжолов А. Көне түркі, араб, латын графикасы курсының программасы. – Алматы, 1989. -34 б.
9. Сартқожаұлы Қ. Байырғы түрік жазуының генезисі. – Алматы: Арыс, 2007. – 304 б.
10. Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. – Алматы: Мектеп, 1988. – 264 б.

11. Айдаров Ғ., Құрышжанов Ә., Томанов М. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. Алматы, 1971. – 272 б.

12. Жалмаханов Ш.Ш. Қазақ лексикасының семантикалық деривациясы. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2003. – 2012 б.

13. Жуынтаева З., Тұрсынова М. Көне түркі тілі. – Қарағанды: ЖШС «Санат-Полиграфия», 2009. – 135 б.

14. Өмірәлиев Қ. Ата тарих айғақтары. – Алматы, 2001, - 225 б.

Бақылау сұрақтары:

1 Көне түркі кезеңінің өзіне тән ерекшеліктері.

2 Көне жазба ескерткіштердің зерттелуі.

3 Көне түркі алфавиті.

4 Көне түркі тілінің фонетикалық сипаты.

5 Көне түркі тілінің лексикалық сипаты.

6 Көне түркі тілінің морфологиялық сипаты.

7 Көне ұйғыр алфавиті.

Тапсырмалар:

1-тапсырма. *Көне ұйғыр жазу ескерткіштерінен берілген төмендегі сөйлемдерге фонетикалық талдау жасаңыз.*

1.Сіні алғалы ытды (Сені алғалы жіберді). 2.Мен білмез ертім (Мен оны білмейтін едім). 3.Теңрі йарылқады (Тәңірі жарылқады). 4.Ол бітігні бегіме бердім (Ол хатты, жазуды бегіме бердім). 5.Бу барс негу йійүр? (Бұл барыс не жейді?). 6.Ашадықы ашы негу ол? (Жейтін асы не ол?). 7.Сөзлері йорымасун (Сөздері кетпесін). 8.Тәңірімнің бітігін біз ешіделім (Тәңірімнің жазған хатын біз естиік). 9.Мен емті сізлерге тірілміш (Мен енді сіздерге түсіндіремін). 10.Бу ікігү келті (Бұл екеуі келді).

2-тапсырма. *Көне ұйғыр жазу ескерткіштерінен қазақ тілімен салыстырғанда фонетикалық айырмашылығы бар сөздерді теріп жазыңыз.*

3-тапсырма. *Қазіргі қазақ тілі тұрғысынан дыбыстық айырмашылығы бар сөздерді салыстырыңыз.*

1. Тоқуз оғуз беглері, будуны, бу сабымын едгүті есід, қатығды тыңда! – Тоғыз оғыз бектері, халқы, бұ сөзімді жақсы есіт, қатты тыңда! 2. Алтун, күмүш, ісігті, қутай буңсыз анча бірүр табғач будун сабы сүчіг, ағысы йумчақ ерміс. – Алтын, күміс, өнімді, жібекті сонша шексіз беріп жатқан табғаш халқы сөзі тәтті, қазынасы асыл еді. 3. Ол емті анық йоқ. – Ол енді кексіз. 4. Мен беңгү таш тоқытдым. – Мен мәңгі тас орнаттым. 5. Оғлы та қаған болмыс ерінч. – Ұлы да қаған болды. 6. Қырық артуқы йіті йолы сүлеміс, йегірімі сүңүс сүңүсміс. – Қырық жеті реттен артық аттанып, жиырма соғыс жасаған. 7. Ілгерү Қадырқан йашығ аша будунығ анча контурдымыз, анча ітдіміз. – Ілгері Қадырқан қойнауынан аса халықты осынша қондырдық, осында еттік.

4-тапсырма. *Көне түркі тіліндегі жалғаулардың қолданылу ерекшеліктерін көрсетіңіз.*

1. Табғач будун сабы сүчіг, ағысы йумчақ ерміс. – Табғаш халқы сөзі тәтті, қымбаттысы (дүниесі) жұмсақ еді. 2. Олурыпан түрк будуның ілін, төрүсін тута бірміс, іті бірміс. – Отырып түркі халқының елін, заңын ұстай берген, иелік еткен. 3. Көрү Темір қапығқа тегі контурмыс. – Кері Темір қақпаға дейін қондырған. 4. Мағы қорған қышлап, йазыңа оғызғару сү ташықдымыз. – Мағы қорған қыстап, жазына оғызға қарай әскер жинадық. 5. Аны йанып, Түргі йарғун көлте буздымыз. – Оны сиретіп, Түргі йарғун көлде бұздық. 6. Чығай будуның бай қылтым, аз будуның үкүш қылтым. – Жарлық халықты бай қылдым, аз халықты көп қылдым. 7. Күлтегін йадағын оплайу тегді. – Күлтегін жаяуымен шабуылға шықты. 8. Оғланларым... барыңдар... – Ұлдарым... барындар. 9. Менің сабым симады. – Менің

сөзімді бұзбады. 10. Азу бу сабымда ігід барғу? – Бұл сөзімде өтірік барма?

5-тапсырма. *Көне түркі дәуірінің ғұн дәуірінен айырмашылығын, Көне түркі дәуірінің негізгі ерекшелігіне түсінік беріңіз.*

6-тапсырма. *Түркі қағанатының тарихымен танысып, сипаттама жасаңыз.*

7-тапсырма. *Көне түркі жазба ескерткіштерінің таралу аймағын анықтаңыз.*

8-тапсырма. *«Күлтегін» ескерткіші тіліндегі есімдіктерді мысалдарымен көшіріп жазып, қазіргі қазақ тіліндегі есімдіктермен салыстырыңыздар, ерекшеліктерін көрсетіңіздер.*

10-тапсырма. *«Күлтегін» ескерткіші тіліндегі септік формаларын қазақ тіліндегі септік жалғауларымен салыстырыңыз.*

11-тапсырма. *Көне түркі тіліндегі үндестік заңына назар аударып, қазіргі қазақ тілі нормасымен салыстырыңыз.*

1. Неңнен сабым ерсер, беңгү ташқа уртым. – Айтар сөзім болса, тасқа жаздым. 2. Аңар көрү білің, түрк емгі будун беглер! – Бұған қарап білің, түркінің ендігі халқының бектері! 3. Бедке көрүгме беглер, гү йаңылтачысіз. - Таққа құмар бектер, сіздер жаңылысасыздар ғой. 4. Анта кісре інісі қаған болмыс ерінч. – Содан соң інісі қаған болды. 5. Ілгерү күн тоғсықда Беклі қағанға тегі сүлейү бірміс - Ілгері күн шығыста Бекілі қағанға дейін соғысты. 6. Қурығару Темір қапығқа тегі сүлейү бірміс. – Кері Темір қақпаға дейін соғысты. 7. Иағы болып, ітіну йаратуну умадук, йаны ічікміс. – Жау болып, қолдарынан түк келмей және бағынды. 8. Көргүңін үчүн ігідміс білге қағаныңа ерміс, бармыс, едгү іліңе кентү йаңылтығ, йаблақ кігіртіг. – Бағынғаның үшін (сені) асқақтатқан білгіш қағаныңа ерген, ілескен жақсы еліңнің алдында өзің жаңылдың, жамандық әкелдің. 9.

Башлайу қырқ аз қағанығ балбал тіктім. – Қырық аз қағанынан бастатып балбал қойдым. 10. Інім Күлтегін бірле сөзлешдіміз. – Інім Күлтегінмен сөйлестік.

Қазақ тілі тарихының дамуындағы Орта түркі дәуірі

Орта түркі заманы немесе түркі тайпаларының тілдерінің даму, қалыптасу заманы деп аталады. Бұл дәуір Отандық түркологияның ғылыми тарихы ХҮІІ ғасырдың ІІ жартысынан басталады. «Халифат» деген атпен ХІІ ғасырдан бастап қалыптасқан арабтардың орта ғасырлық феодалдық мемлекеті – өз дәуіріндегі мейілінше жауынгер мемлекет болған.

Орта түркі заманы қараханид дәуірі (Х-ХІІ ғ.) және монғол дәуірі (ХІІІ-ХҮ) болып бөлінеді. Х ғасырда Қарлұқ тайпалық одағы күшейіп, Жетісуда түркі қараханид династиясының билеуімен қуатты мемлекетін құрады. Мұның астанасы әуелде Баласағұн, кейін Қашқар болды.

Орта ғасырларда жазба тілдер дамыды. Қараханид мемлекетінің территориясында қалыптасып, бүкіл Орта Азияға тараған жазба тілде көп жанрлы көркем әдебиет дамыды. Кейін бұл тілдің негізінде шағатай әдеби тілі, оның негізінде Хорезм әдеби тілі, кейінгі замандарда Алтын Орда әдеби тілі, т.б. жазба тілдер қалыптасып, бүкіл түркі әлемін қамтиды.

Х-ХҮІ ғасырларда қазақ тілінің рулық, тайпалық тілдер негізінде қалыптасу процесі жүрді. Алғашқы кезеңде рулық тілдердің өзара жіктелу, бір-бірінен ажырауы болса, кейін тайпалық одақтар шығып, қыпшақ тілі бірлестігінің қазақтың халық тіліне ұласуы, дамуы басталды [1, 12].

«Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі» зерттеуінде Орхон, Енисей, Талас ескерткіштерінің зерттелуі, табылған жерлері туралы мәлімет берген. Көне түркі руникалық ескерткіштерінің ішіндегі ең көлемдісі де, тілдік материалы тұрғысынан ең байы да Орхон ескерткіштері [2, 93]. Мұндағы Білге қаған, Күлтегін, Тоныкөк, Мойын-шор, Құтлығ қаған ескерткіштеріне ғалым талдау жасайды. Бұл ескерткіштің

алфавиті туралы түрлі көзқарастар айтылғаны белгілі. Ә.Құрышжанов көне жазудың пайда болуы туралы «өздігінен жасалып, түркі таңбалары негізінде туған төл жазу» деп санайды. Ғалым «Орта ғасыр ескерткіштері» деп аталатын тарауда «Қараханид түріктерінің тілінде жазылған ескерткіштер» тақырыбында былай дейді: Қараханидтер династиясының кезінде жазу-сызу өнері қатты дамыған, ел мәдениеті көтеріліп, әдеби туындылар көбейген, ғылыми шығармалар жазыла бастаған. Сол кезде жарыққа шыққан әдеби, ғылыми және діни шығармалардың басты-бастылары деп мыналарды атап өтуге болады [2, 17] деп көрсетеді. Ә.Құрышжановтың сол еңбектері жайында айтқан пікір-көзқарастарына тоқталып өтейік.

«Құтадғу біліг» (Құтаю білімі) шығармасы 1069-1070 жылдары жазылған. Қолжазбаның авторы Юсуф жайында қолжазба кіріспесінің 3-бетінде былай делінген: «Бұл кітап, бұл өлеңді жазған кісі Баласағұнда туған. Ол бұл кітапты Қашқар елінде жазып, атышулы Күншығыс иесінің сарайына әкеледі. Тыбғач Буғра Хан әмір оны мақтап жазушыға «Хас-Хаджиб» («құпия министр») деген атақ берді. Осыдан барып жазушының «Юсуф Хас-Хаджиб» деген атағы жер жүзіне тарап кетті дегенді айтады.

Кітаптың өлең ұйқасы туралы В.Томсен үлкен зерттеу жұмысын жүргізіп, 1897 жылы шығыс зерттеушілерінің Парижде болған XI халықаралық съезінде сол жайында баяндама жасады. Еңбектің негізгі мазмұны – дидактикалық сарында жазылған өлеңдер [2, 19]. Еңбекте ғалым шығарманың тілдік ерекшеліктері туралы ештеңе айтпаған.

«Диуани лұғат ит-түрк» (Түркі тілдерінің сөздігі) 1072 жылдың қаңтарынан бастап 1074 жылдың 10 ақпанына дейінгі аралықта жазылған. Еңбектің түпнұсқасының бізге жетпегендігін айтады. Ғалым автор туралы біраз мәлімет келтіреді. Еңбек М.Қашқари заманындағы түркі тілдес халықтардың қоғамдық өмірі мен рухани дүниесінің алуан

саласын қамтитын материалдарға толы. Онда тарихи-әлеуметтік жағдайларға, этнография мен әдеби мұраларға, мәдениет пен тіл ерекшеліктеріне, халық медицинасы мен материалдық ескерткіштерге, географиялық суреттеулер мен астрономиялық атауларға, ғылыми зерттеулерге, тағы басқа толып жатқан мәселелерге байланысты аса бай мәліметтер мен нақтылы мысал-фактілер келтірілген. Еңбектен грамматикалық ережелерді, халық ауыз әдебиетінің үлгілерін, өлеңдер мен жырларды, термелер мен жұмбақтарды т.б. толып жатқан тарихи құнды материалдарды кездестіруге болады [2, 23].

М.Қашқари сөздігіндегі деректерге қарағанда, қазіргі оғыз және қыпшақ тілдерінің негізгі ерекшеліктері сол кездерде-ақ қалыптасқан [3, 68].

«Ғибатул хақайық» («Ақиқат сыйы») – XII ғасырда жазылған дидактикалық дастан. XII ғасырдың ұлы ақыны, ойшылы Ахмет Йүгнекидің «Ақиқат сыйы» шығармасының түпнұсқасы сақталмаған, XIV-XV ғасырларда жасалған үш түрлі көшірмесі және үш түрлі үзінділері бар. Бұл шығарма сол кездегі түркі халықтарна ортақ жазба әдеби тілде жазылған.

«Алтын йаруқ» (Алтын жарық) – X ғасыр шамасында будда дінін уағыздау үшін қытай тілінде жазылған кітаптың ХҮІІ ғасырдың аяғында (1678) жасалған аудармасы.

«Хуастуанифт» («Кешірім сұрап дұға оқу») – түркі халықтарының арасына манихей дінін тарату үшін жасалған аударма. Аударылған жері мен жылы белгісіз. Радлов V ғасырда жазылған болу керек деп шамалайды, Малов оны Орта Азияда (Өзбекстан не Қазақстан жерінде) жазылған деген болжам айтады [2, 24].

«Хиқмет» («Парасаттылық»), оның «Диуани Хиқмет» деген де аты бар. Авторы – Қожа Ахмет Яссауи. «Хиқмет» – өлеңдер жинағы. Түпнұсқасы XII ғасырдың бірінші жартысында жазылған. Еңбек белгілі бір нормаға түсіп,

екшелген әдеби тілде емес, халықтың қарапайым сөйлеу тілінде жазылған.

Қожа Ахмет Яссауидің «Диуани Хикмет» деп аталатын шығармасы да XI ғасырда жазылған. «Диуани Хикметті» сол кезде кең тараған шағатай тілінде жазып таратады. Мұндағы ойы: түсініксіз араб, парсы тілінде жазылған құран мен мұсылман діні қағидаларын түркі тектес халықтарға кеңінен насихаттап түсіндіру еді. Сол талапқа орай ол көшпелі елдің өмірінде елеулі орын алатын айшықты өлеңмен жазуды міндет санайды. Бұны Шығыс елінде кең тараған әдебиеттегі араб, парсы дәстүрінен жергілікті түрік тілінде жазудың алғашқы бастамаларының бірі болуымен қатар, ислам дін-шариғат жолдарын дидактикалық мазмұнда поэзия тілімен бейнелеудің тартымды үлгісі болды [2, 25].

Орта дәуірде жазылған еңбектердің бірі – «Қиссасул анбия» («Әулиелер тарихы»), авторы – Насыр ад-Дин бин Бурхан ад-Дин ар-Рабғузы. Ол 1310 жылы жазылып, Насыреддин Тоқ Буға князге тарту етілген. Парсы тілінен түркі тіліне аударылған көшірме еңбек. Оның тілі, С.Е.Маловтың айтуына қарағанда, шығыс түріктерінің XI ғасырдағы қараханидтер дәуірінде қолданған тіліне, оның Қашқар диалектісіне ұқсас келетін сияқты [2, 34].

«Хұсрау уа Шырын». Авторы – Кутб. Қолжазба жалғыз дана, Париждің ұлттық кітапханасында сақтаулы. Еңбек Орта Азия түріктерінің тілінде, Жошы ұлысы мен Алтын Орда уәләйатының әдеби тілінде жазылған (А.Н.Самойлович).

«Мухаббатнама» («Махаббат жыры») 1353 жылы жазылған. Авторы – Хорезм Раванди. «Мухаббатнаманың» ұйғыр жазуымен жазылған варианты үлкен бір қолжазбаның ішінен табылған. Қолжазба әр алуан шығармалардың жинағы іспетті. Тұтас жинақ етіп, көшіріп шыққан адам – Бақыр Мансур. Жазбаның жалпы көлемі – 182 парақ. Бұл жинақта «Сираж ал-кулуб» («Жүрек шырағы»), «Рахат ал-кулуб»

(«Жүрек рахаты»), «Неһжул ферадис» («Жұмаққа баратын жол») атты қолжазбалар үзінділері енген. Бұл жөнінде де ғалым мәліметтер беріп кетеді [2, 34].

«Гүлистан бит-түрки» («Түркі тіліндегі Гүлістан»). Қолжазба – 372 бет. Әр бетте 13 жолдан жазу бар. Авторы – Сейф Сарайи. Түрік ғалымы А.Баттал-Таймас еңбек қыпшақ тілінде жазылған деген қорытындыға келеді. Бірақ ол кездегі қыпшақтар оғыз руларымен, әсіресе түрікмен тайпаларымен мидай араласып, қатар өмір сүргендіктен, ол заманғы қыпшақ тіліне оғыз тілдерінің әсері тимей қалуы мүмкін емес еді [2, 34]. Шығарманы жан-жақты толық зерттеген профессор Ә.Наджиб оны қыпшақша да, оғызша да қолданыла беретін немесе осы екі тілдің элементтері қосылып қолданылатын әдеби тілде жазылған деп ұйғарады. Ол әдеби тіл, Ә.Наджибтің ойынша, Алтын Орда хандығы мен Египет мемлекетіне де ортақ болған.

«Оғызнама» («Оғыз тарихы»). «Оғызнаманың» түпнұсқасы, шамамен алғанда, IX-X ғасырларда жасалған болу керек. Бірақ олар біздің уақытымызға дейін сақталмаған. Оғыз – түркі халықтарының аты аңызға айналып кеткен батыры, қол бастаушысы. Ұйғыр жазуымен берілген нұсқа 21 парақтан тұрады. Әр бетке 9 жолдан жазылған. Жазылған жері жөнінде жетісу өңірін жайлаған ж дыбысымен сөйлейтін тайпалардың ортасы болу керек деген пікір бар. «Оғызнаманың» транскрипцияланған тексі мен орысша аудармасын жасап, грамматикалық ерекшеліктерін сипаттап, түсініктемелерін жазған А.М.Щербак мұны XIII ғасырдың аяғы XIV ғасырдың басында Турфан аймағында, қарлұқ-ұйғыр тілінің ортаазиялық диалектісінде жазылған дейді [2, 40].

XIII-XIV ғасырларда Сирия мен Египет жерін мекендеп билік жүргізген қыпшақтар (мамлюктер) мен оғыздар жергілікті халықтардың саяси-әлеуметтік және ғылыми-мәдениеттік өміріне, ондағы әрқилы ағымдарға қатты ықпал

жасады. Мамлюк қыпшақтарының тілінде жазылған ескерткіштер: «Терджуман түрки уа араби» («Түркіше-арабша тәржіма»), «Китаб ал-идрак ли-Лисан ал-атрак» («Түркі тілі туралы жазылған түсіндірме кітап»), Авторы араб халифатының Испаниядағы мәдени-әкімшілік орталығы гренада қаласында туған асир ад-дин Абу Хайян мухаммед ибн Али ибн Юсуф ал-Гарнати. Еңбектің мазмұны: фонетика, морфология және сөздік. Еңбекте 3500-ге тарта қыпшақ сөздері араб тіліне аударылып берілген.

Алтын Орда қыпшақтарының тілінде жазылған ескерткіштеріне «Хұсрау уа Шырын», «Мұхаббатнама», «Гүлистан бит Түрки», «Оғызнама» ескерткіштері жатады.

Түркітанушы ғалым Мұрат Сабыр «Құтыптың «Хұсрау мен Шырын» поэмасының лексика-грамматикалық сипаты» атты монографиясында ХІҮ ғасырда жазылған Алтын Орда дәуірінің құнды жазба ескерткішінің тілін жан-жақты зерттеген. Монографияда «Хұсрау мен Шырын» поэмасының жазылуы мен зерттелуіне тоқтала келе, поэманың дыбыс жүйесіне, лексика-фразеологиялық және морфологиялық сипатына талдау жасайды.

Алтын Орда дәуірінің құнды әдеби мұрасы, Низамидің парсы тілінде жазылған осы аттас поэмасының еркін аудармасы, Құтып жырлаған «Хұсрау мен Шырын» жазба жәдігерлігінің түп нұсқасы 1341-1342 жылдары Тыныбек шаһзаданың тұсында жазылған. Көшірмесі Париждің ұлттық кітапханасында сақтаулы. Оны қыпшақ ақыны Берке Фақих 1383 жылы Мамлюк мемлекетінде көшіріп алған [3, 5]. Монография авторы поэманың дыбыс жүйесіне қатысты дауысты, дауыссыз дыбыстарға тоқталу барысында қазақ тілімен салыстыра келе, ортақтықтары мен айырмашылықтарына тоқталған. Жеке дыбыстардың сипатына байланысты артикуляциялық ерекшеліктерін көрсету барысында төмендегі сөздерде қазақ тілімен салыстырады: адақ – аяқ, адаш – дос, әврәк – үйрек, ев – үй,

иемиш – жеміс, өгдү – мақтау, көкүс – кеуде, ідіш – ыдыс, үзра – үстінде, бүрүнчүклүг – бүркеншікті, табуғчы – қызметші, тегірмән – диірмен, тегүк – сияқты, тарғақ – тарак, йабрак – жапырақ, буғдай – бидай, йаваш – сабырлы, орам – көше, маңла – шақыр, ана – оған, кеңліг – байлық, кірпүк – кірпік, парвана көбелек, йыпар – жұпар, фақіһ – заңшыл, тараф – бағыт, курт – құрт, хабис – жаман, хавф – қорқыныш, хажалат – ұят, чавуш – күзетші, учғун – ұшқын, т.б. Автор поэмада қамтылған сөздердің лексикалық сипатын көрсетуде түркі сөздері (бағыр, ағыз, ана, оғул, хатун, отачы (дәрігер), авчы (аңшы), қамчы, қылыч, көзгү (айна), сипүрткә, сысын, йоғурт (айран), стрка (уксус), қобуз йалаваш (пайғамбар), йүзүк т.б.), араб-парсы сөздері (даулат (дәулет), жүфт (жұп), дост, жафа т.б.), түркі-моңғол тілдеріне ортақ сөздер (авгай – апай, аба – ата, эхе – эне, бұл – бөле, нағалы – нағашы, хатын – қатын т.б.) ретінде қарастырады [3].

Түркітануда орта түркі дәуірі болып саналатын X-XV ғасырларда түркі тайпалары араб жазуын пайдаланды. Араб жазуының Орта Азия, жетісу, шығыс Түркістан аймақтарында XI ғасырдан бастап таралып, өріс алуы руникалық көне түркі әліпбиін ығыстырып, келесі ұрпақтар санасынан жойылуына әкеп соқты. ап, түркі тілдері дербес тіл болып қалыптаса бастады. Орта түркі дәуірін түркі халықтары тілінің даму ерекшелігін ескеріп, ғылымда қарахандықтар дәуірі (X-XII ғғ.) және моңғолдар дәуірі (XIII-XV ғғ.) деп екіге бөліп қарау қалыптасқан. Бірақ X-XV ғасырлардағы ескерткіштердің жазылу ортасы мен тілдік ерекшелігін ескеріп, түркітанушы Н.А.Баскаковтың орта түркі дәуіріндегі түркі тектес халықтар жеке-жеке топқа бөліп қарастыратындығына тоқталады:

- 1) Қарахандықтар дәуірі ескерткіштері;
- 2) Алтын Орда дәуірі ескерткіштері;
- 3) Орта Азияда жазылған ескерткіштері;
- 4) Мәмлүк қыпшақтарының ескерткіштері [4, 29].

Ғалым М.Сабыр орта түркі дәуірінде жазылған Құтыптың «Хұсрау уа Шырын», С.Сарайидың «Гүстан бит-турки», Хорезмидің «Мұхаббат-наме» сияқты ескерткіштердің тілін қарастырғанда, олардың лексикалық жағында көне түркі дәуіріндегі сөздермен ортақтығы бар екендігін аңғарады. Мәселен, көне түркі тілінде кездесетін, ата, оғул (ұл), қыз, іні, йегін (жиен), йер (жер), йыл (жыл), йурт (жұрт), сү (әскер), уруш (ұрыс), қапығ (есік, қақпа), інгек (сиыр), йашыл (жасыл) т.б. сөздердің аталған ескерткіштер тілінде де қолданыста болғандығын мысалдар арқылы дәлелдейді [4, 29-31].

Түркі халықтарының рухани-мәдени, тарихи өмірінде XI-XII ғасырларда жасаған оқыл-ой мен білімнің төрт алып тұлғасы бар: М.Қашқари, Ю.Баласағұни, А.Йүгінеки және А.Иассауи [5, 4].

М.Қашқаридің «Диуани лұғат-ит түрк» еңбегі өз дәуірінде түркі ру-тайпалар тілін біріктіруде, оларды бір жүйеге түсіріп қалыптастыруда бірінші жол ашқан, тіл білімін өз алдына үлкен сала ретінде танытқан мәңгілік мұра болып есептеледі. Біздің дәуірімізге «Дианның» бір ғана қолжазбасы жеткен. Қазір ол Стамбулда. 1914 жылы түрік ғалымы Әли Әмір мұқтаждықпен сатып тұрған адамнан сатып алып, баспаға әзірлеп, жариялатады. Неміс ғалымы К.Брокельман бұл еңбекті 1919 жылдан бастап зерттейді. Түрік ғалымы Бесім Аталай 1939-1941 жылдар аралығында 3 томын жарыққа шығарады. Бұдан кейін 1960 жылы Ташкентте 3 томдық болып өзбек тілінде араб және кириллица әліппесімен жарық көреді. Аударып баспаға дайындаған – Салық Муталлибов. Ұйғыр тіліндегі аудармасы Қытайда 1981жылы жарық көрді. Қазақ тіліндегі толық аудармасы А.Егеубаевтың аудармасымен 3 том болып 1997-1998 жылдары жарияланды.

М.Қашқари бұл еңбегін 8 кітапқа жіктеген. Алғашқы кітапты әліппеден бастадым дейді. «Хамза кітабы» деп

аталады. 2-сі «Сәлім кітабы», яғни құрамында әліп/а/, уау/у/, йай/й/ әріптері болмаған сөздер, әріп қайталанбаған сөздер; 3-сі «Мұзоаф кітабы», яғни бір әрпі қайталанған сөздер кітабы; 4-сі «Мисал кітабы»; 5-сі үш әріпті кітап; 6-сы төрт әріпті кітап; 7-сі мұрын дыбысты әріптер кітабы, «Ғұнналылар» деп аталады; 8-сі екі дауыссызы қатар келген сөздер кітабы;

Ә.Құрышжановтың «Кодекс Куманикус» («Кумандардың кітабы») еңбегін жан-жақты зерттеп, диссертация қорғағаны белгілі. Половец қыпшақтарының тілінде жазылған ескерткіштер. «Игорь полкі туралы сөз» эпостық дастанынан куман тілін оқып үйрену үшін әдейі түзілген сөздіктер мен тарихи еңбектерден көне қыпшақ тілінің сан қилы сөздерін ұшыратуға болады.

Түркі тілдерінің дамуындағы X-XV ғасырлар аралығындағы тарихи жағдайларды жинақтап, тайпалардың бір-бірімен араласу деңгейін, ескерткіштердің жазылу ортасы мен тіл ерекшеліктерін ескере отырып, бір дәуірдің өзін ерекше қарап, бірнеше кезеңдерге бөлуге болады. Олар: 1) Қараханидтер дәуіріндегі түркі тілдері және сол тұстағы жазба ескерткіштері; 2) Алтын орда заманының ескерткіштері; 3) Орта Азия жазба ескерткіштері; 4) Мамлюк түркілерінің тілінде жазылған ескерткіштер. Түркі тілдерінің бұдан басқа да шоғырланған аймақтарда болғандығы анық екенін дәлелдеу үшін, мысалы, әзірбайжандағы оғыздар мен анатоль түріктерінің, Шығыс түркі қағандарының құрамындағы тайпа тілдерін т.б. айтуға болады.

Орта ғасыр түркі тілдерінің ескерткіштерін ғалымдарымыз түрліше топтастырып жүр. Мысалы, Н.А.Баскаков X-XV ғасырды екіге бөліп, монғол шапқыншылығына дейінгі (X-XII) және монғол шабуылынан кейінгі (XIII-XVI) деп даралап көрсетеді.

Ал, Ә.Құрышжанов пен Ә.Ибатов бұл дәуірді төртке бөледі:

Қараханидтер әулетіне байланысты түркі жазба әдеби тілі ескерткіштері (XI-XII ғғ.);

Орта Азия түркі жазба әдеби тілі ескерткіштері (XII-XIV ғғ.);

Алтын Орда мен Мысыр түркі жазба әдеби тілі ескерткіштері (XIII-XIV ғғ.);

Бұлай жіктеу ескерткіштердің тілдік ерекшелігіне негізделген деп айтуға келмейді, өйткені ескерткіштердің көпшілігі аралас тілде жазылғандығы түркітануда дәлелденген жай. Сонымен бірге талдау жүргізу барысында ол дәуірдегі барлық жазба ескерткіштер авторларының назарына іліне бермеген. Дегенмен де, жазылу ортасы мен уақытын, ескерткіш жазылған жердің этникалық құрамы мен тілдік сыбайластығын есепке ала отырып, соңғы жіктемені қабылдауға болады.

Мәңгілік ескерткіш әрі таусылмас әдеби көркем мұра болып қалсын деген ниетпен түркі елдерінің сөздігін жасап, кітапқа «Түркі сөздерінің жинағы» деп ат қойдым. Әр бөліктен түркі халықтарына ортақ өмір-тұрмыстың баршасына қатысты әр алуан ұғым-түсініктер мен сөздер жиынтығы орын алады. Халық ауыз әдебиетінің алуан үлгі-өрнектері беріледі. Жеті мыңға жуық түрік сөздері жинақталып (ел-жер, ру-тайпа) мағыналары айқындалады. Бәйіттер мен мақал-мәтелдер келтіріліп, тақырыптық-құрылымдық һәм мәдени-рухани маңызы ашыла түседі [6, 11] – деген көзқарасты қолдай отырып, орта дәуірдің тілдік ерекшеліктерін осы дәуірдің басты ескерткіштер тілімен сипаттауды жөн көрдік.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. – Алматы: Мектеп, 1988. – 264 б.

2 Айдаров Ғ., Құрышжанов Ә., Томанов М. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. –Алматы: Мектеп, 1971, –271 б.

3 Ескеева М.Қ. Түркі тілдері жүйесіндегі қазақ тілінің тарихи орны. – Астана: Кантана Пресс, 2011. – 420 б.

4 Сабыр М.Б. Құтыптың «Хұсрау мен Шырын» поэмасының лексика-грамматикалық сипаты. Монография. – Орал, Ағартушы, 2013. – 276 б.

5 Сабыр М., Н.Сәдуақас. Көне түркі тілі. – Орал: «Ағартушы» мемлекеттік тілді оқыту орталығы, 2007. – 160 б.

6 Дәулетбекова Ғ.А. Түркі әлемінің ортақ рухани қазынасы. «Диуани лұғат ат-түрік // Түркі әлемі- 2009.-№1.- 21 б.

Бақылау сұрақтары:

- 1 Орта түркі дәуірінің өзіне тән белгілері.
- 2 Орта түркі жазба ескерткіштері және олардың зерттелуі.
- 3 Орта түркі жазба ескерткіштерінің фонетикалық сипаты.
- 4 Орта түркі жазба ескерткіштерінің лексикалық сипаты.
- 5 Орта түркі жазба ескерткіштерінің морфологиялық сипаты.

Тапсырмалар:

1-тапсырма. *Буын үндестігі мен дыбыс үндестігіне қатысты қазіргі қазақ тілімен салыстырғандағы ұқсастық пен айырмашылықты көрсетіңіз.*

1. Мен аны емлеттім. - Мен оны емдеттім. 2. Ол йағықа толұм аңұтты. - Ол жауға (қарсы) қару-жарақ дайындады. 3. Сув ақды. - Су ақды. 4. Қой башы үтүлді. - Қой басы үйтілді. 5. Көңүл ашылды. - Көңіл ашылды. 6. Ұлұқ йағыры оғұлқа қалыр. - (Ат) жалының жауыры ұлға қалар. 7. Атан иүкі аш болса ашқа аз көрүнүр. - Атан жүгі аз (тағам) болса, ашқа аз

көрінер. 8. Ол бегке алқыш берді. - Ол бегін мақтады. 9. Еркеш еті ем болұр, ешкү еті иел болұр. - Еркеш еті ем болар, ешкі еті жел болар. 10. Ытқа ұвұт етсә ұлдаң иемәс. - Итке ұят кірсе, ұлтан жемес. 11. Мен аны евден шықардым. – Мен оны үйден шығардым.

2-тапсырма. *Араб жазба ескерткіштерінен қазақ тілімен салыстырғанда фонетикалық айырмашылығы бар сөздерді теріп жазыңыз.*

3-тапсырма. *Ж.Баласағұнның «Құтадғу біліг» дастанынан әр септік жалғауына бес сөйлемнен мысал келтіріп, қазақ тілімен салыстырыңыз.*

4-тапсырма. *Қазіргі қазақ тілі тұрғысынан қарағанда, дыбыстық айырмашылық болып көрінетін ерекшеліктерді топтап (дауысты, дауыссыз дыбыстардағы, түбірдегі, сөз басындағы, қосымшадағы ерекшеліктерді) көрсетіңіздер.*

1. Иашыл өңлүг тон. - Жасыл түсті тон, жасыл тон. 2. От тесе ағыз көймес. - От десе ауыз күймес. 3. Аңар бір оқ тегді. - Оған бір үлес тиді. 4. Ікі бег бірле ел болды. - Екі бек бір-бірімен ел болды. 5. Ағыр адзақ емрүлді. - Ауыр аяқ тыншыды. 6. Ағыз иесе көз ұиадзұр. - Ауыз жесе, көз ұялар. 7. Аушы неше ал білсе, адзық анша иол білір. - Аушы қанша айла білсе, аяқ сонша жол біледі. 8. Иырақ иер сабын арқыш келдүрүр. - Жырақ жердің хабарын керуен келтірер. 9. Емгек екінде қалмас. - Бейнет жерде (егінде) қалмас. 10. Инган іңраса ботұ бозлар. - Инген аңыраса, бота боздар. 11. Қош қылыш қынқа сығмас. - Қос қылыш (бір) қынға сыймас.

5-тапсырма. *Септік жалғауларының қолданылуындағы ерекшеліктерді көрсетіңіздер.*

1. Күмүш күнге урса, алтұн адзақын кемір. – Күміс күнге қонса, алтын аяғымен келер. 2. Бег ианығында түшма. – Бектің ашуына түспе. 3. Ол аңар иағрұ иорымас. – Ол оның маңынан жүрмес (йағрұ – маңай, төңірек). 4. Иылан иарпұздын қашар қанша барса иарпұз ұтрұ келүр. – Жылан йарпұздан қашар, қанша жортсын йарпұз алдынан тап келер

(йарпұз – жыланды өлтіретін аң). 5. Иүз ат менің ағдын кешті. – Менің аяғымның арасынан жүз ат өтті. 6. Кіші аласы іштің, иылқы аласы таштын. – Кісі аласы ішінде, мал аласы сыртында. 7. Ол менің бірле бітік оқышты. – Ол менімен бірге кітап оқысты. 8. Тағың ұқрұқын егмес, теңізні қайғықын бөгмес. – Тау арқанмен иілмес, теңіз қайықпен бөгелмес. 9. Ташың ысрұмаса өпміш керек. – Тасты шайнамаса, сую керек. 10. Тікен тоның ілді. – Тіккен тонын ілді. 11. Ол маңа сөз айды. – Ол маған сөз айтты. 12. Тайақ біле таймас, танұқ сөзүн бүтмес. – Таяқ пенен таймас, куәгердің сөзімен бітпес.

6-тапсырма. *А.Аманжоловтың «Түркі филологиясы және жазу тарихы» деген оқу құралынан «Араб жазуындағы орта ғасыр түркі ескерткіштері мен ескі жазба тіліміз жөнінде» деген тақырыпта конспект жазыңыз.*

7-тапсырма. *Көне ұйғыр жазуымен жазылған Ж.Баласағұнның «Құтадғу біліг» ескерткішінен қазақ тілімен үндес келетін сөздерді теріп жазыңыз.*

Қазақ тілі тарихының дамуындағы Жаңа түркі дәуірі

Түркі тілінің дамуындағы жаңа дәуірінде (ХҮ-ХХ ғ.) Қазақстанда патриархалдық-феодалдық қатынас моңғол шапқыншылығынан кейін қайтадан үстем бола бастады. Бұл дәуір мөлшермен XV ғасырдан бастап, XX ғасырдың 17

жылына дейінгі аралықты қамтиды. Жаңа түркі дәуірінде түркілердің ортақ одақтары ыдырап, қазіргі түркі халықтары, олардың тілдері бір-бірінен жекеленіп, бөлек-бөлек халықтар, тілдер болып қалыптасты.

XV ғасырда алғашқы қазақ хандығы құрылды. Мұның өзі бұдан бұрынғы дәуірде қалыптасқан тайпалық одақтардың халық болып бірігуіне мүмкіндік берді. Тайпалық одақтар тілінің халық тілі болып дамуы, қалыптасуы басталды. Қыпшақ тілінде, оның ішінде қыпшақ-ноғай тобындағы тілдерге тән заңдылықтарды сақтай отырып, қазақ тілі дамыды. Бұл дәуірде түркілердің одақтары ыдырап, қазіргі түркі халықтары, олардың тілдері бір-бірімен жекеленіп, бөлек халықтар, тілдер болып қалыптасты.

Батыста чуваштардың ру-тайпалар негізінде чуваш халқы қалыптаса бастады. Ал одан беріректегі қыпшақ-бұлғар тайпаларының одағы екіге бөлініп, татар мен башқұрт халықтарының қалыптасуына негіз болды. Олар XV ғасырда қыпшақ-половецтер одағынан бөлек қазақ пен ноғайларға және Кавказ өңіріндегі қыпшақтарға (қарайым, құмық, қараш-балқар, қырым тілдерінің солтүстік тобына) бөлінеді. Ноғай ордасының құрамына енген рулар қазақ, қарақалпақ, ноғайлардың халық ретінде қалыптасуына рөл атқарды. Оғыз тайпалары одағының да құрамынан әзірбайжан, түрікмен, гагауз, түрік халықтарының бөлініп шығуы осы XV ғасырға сәйкес келеді. Орта Азиядағы қарлұқтар одағы ыдырап, қазіргі өзбек, ұйғыр тілдерінің қалыптасуына негіз жасайды. XV ғасыр Шығыс түркі қағанатының құрамына енген халықтардың жеке отау тіге бастаған кезеңі болды. Ертедегі оғыз, ұйғыр мен қырғыздардың шығыста қалған ұрпақтары үш топқа: ұйғыр-түрік, якут, хақас болып өз алды бөлек шоғырланды. Ұйғыр-түрік тобынан қазіргі тува, тофалар тілдері; якут тобынан якут; хақас тобынан хақас тілі мен шор тілі, сары ұйғыр сияқты тілдер бөлініп шықты [1,178].

Жаңа түркі дәуірінде түркі халықтары мынадай тарихи оқиғаларды бастан кешірді:

1.1512-1513 жылдары Алтын Орда мемлекетінің Шығыс бөлігін құрайтын Шейбани хан бастаған көшпелі қазақ тайпалары мен өзбектер Ақсақ Темір әулетінің соңғы билеушісі Зәкіреддин Мухаммед Бабырды қуып шығып, Орта Азияны басып алады. (Бабыр өзінің әскерінің басым бөлігін сақтай отырып, 1510-1520 жылдары Ауғанстан мен Индияны өзіне бағындырды).

2.Орта Азияға Шейбани ханмен бірге келген қазақ тайпалары мен өзбектер осы жердегі Шағатай ұлысының құрамына кірген халықтармен араласып, қазіргі өзбек халқының негізін қалады. Қазіргі өзбек тілінің де негізі қарлұқ-ұйғыр-қыпшақ тілдері негізінде қалыптасты. ХҮІ-ХҮІІІ ғасырлар аралығында Орта Азиядағы түркі халықтары бірнеше ішкі шапқыншылықты, Жоңғар басқыншыларына қарсы ұзаққа созылған соғыстарды бастан кешірді.

3.Жаңа түркі дәуірінде экономикалық жағдайы төмендемеген мемлекет Түркия империясы еді. Азия мен Еуропа бұл елдің алдында әлі құрдай жорғалайтын. Түріктер империяға тән саясат жүргізіп, бір елден соң бір елді жаулап алып жатты [2].

XV-XVI ғасырларда біртұтас қазақ тілі жайында айтуға мүмкіндік туады. Бұл заманда қазақтың бай ауыз әдебиеті туды, авторлық әдебиет – жазба әдебиет пайда бола бастады. Қазақ тілінің негізгі құрамдық белгілері де осы замандарда қалыптасты.

XVII-XVIII ғасырлар халық тілінің даму дәуірі болды. Біртұтас тілдік жүйелері қалыптасқан халық тілі құрамында нормалану жүреді. Олай етпейінше, тіл сол халықтың қоғамдық қатынас құралы болмас еді. Қоғамдық-әлеуметтік, экономикалық дамудың басты шарттарының бірі де, ондай дамудың негізі де – біртұтас, сол халықтың барлық өкілдеріне ортақ, барлығына түсінікті қатынас құралы –

тілдің болуын қажет етеді. Бұл ғасырда қазақ халық тілінің бүгінгі сипатының негізі салынды. Ауыз әдебиетінің сындарлы жүйесінің ықпалымен ауызша әдеби тіл салаланды: авторлы поэзия тілі қалыптасты, түркі жазба тілінің ықпалымен тарихи-мемуарлық шығармалар пайда болды («Жамиғат тауарих», қазақ шежірелері т.б.). Қазақтың ұлттық әдеби тілі қалыптаса бастады. Қазақтың жаңа жазба әдебиетінің негізін салған А.Құнанбаев пен Ы.Алтынсарин осы дәуірде өздерінің атақты шығармаларын жазды. Сонымен, XIX ғ. жазба әдебиеті қалыптасты, қазақ баспасөзі туды. XIX ғ. соңғы жартысында басылған алуан түрлі тақырыптағы кітапшалар, қиссалар, «Түркістан уалаяты», «Дала уалаяты», «Қазақ» сияқты газеттер болды.

XV-XX ғасырлар аралығында жазылған жазба ескерткіштер мол. Олардың алдыңғы дәуір ескерткіштерінен айтарлықтай бір өзгешелігі – бұлар ертедегі жазба нұсқалар сияқты жалпы түркілік ортақ тілде жазылмай, негізінде, қазіргі түркі халықтарының әрқайсысының өзіндік сөйлеу тілінде айтылып, жазылып сақталуында [1].

XVII ғасырдағы түрік жазба ескерткішінің ішінен Әбілғазы Бахадүрдің «Түрік шежіресі» кітабының алатын орны ерекше. Бұл шығарма – Шыңғыс ханнан бұрынғы және одан кейінгі дәуірде Орта Азия, Қазақстан, Таяу Шығыс елдерінде болған ірілі-уақты оқиғалар мен сол тұстағы мемлекет басқарған қайраткерлер жүргізген саясат жайындағы жылнама. Сондықтан бұл еңбектен біз қазақ халқын құраған рулар мен тайпалардың көне тарихы, тұрмыс-тіршілігі мен мәдениеті, этнографиясы жайлы көптеген деректер табамыз. Сол сияқты «Шежіреде» қыпшақ, ұйғыр, татар, қырғыз халықтарының тарихына қатысты деректер де баршылық. Олардың монғол шабуылына дейінгі қоныстары, патшалары туралы мәліметтер бар [3].

Қазақ елінен шыққан ғұлама тарихшы, мемлекет қайраткері, ХҮІ ғасырдың екінші жартысы, ХҮІІ ғасырдың басында ғұмыр кешкен Қадырғали Қосымұлы Жалайыридың «Жами' ат-тауарих», яғни «Шежірелер жинағы» атты еңбегі қазақ халқының мәдени және рухани тарихында бірегей еңбек болып табылады [4,3].

Р.Сыздықованың «Язык «Жами' ат-Тауарих» Жалаири» деп аталатын 1989 жылы жазылған еңбегінің орны ерекше. Мұнда жылнаманың тілдік, грамматикалық, стильдік ерекшеліктеріне, графикасы мен орфографиясы бойынша ескертпелеріне тоқталып және араб графикасынан транскрипцияланған мәтінін береді [5].

М.Қойгелдиев «Қадыр Әлі Қосымұлы және оның еңбегі» атты мақаласында: «Жалпы, «Жылнамалар жинағы» ХҮІІ ғасырдан бізге жеткен мәдени ескерткіш ретінде сол кезеңдегі қазақ қоғамындағы тарихи білімнің даму деңгейінен хабар беріп қана қоймайды, заманына тән шешендік өнердің, әдеби әдістің, эстетикалық талғамының көрінісін байқатады» [6,78] деп жоғары баға берген.

Т.Қордабаевтың еңбегінде ескерткіштің синтаксистік құрылысы қарастырылған. «Тілдің синтаксистік құрылысы – өте күрделі категория. Ол белгілі бір дәуір ішінде ғана қалыптаса, жасала қоймайды. Оның қалыптасуы ұзақ заманды керек етеді және тілдің өмірі бойына бірте-бірте жетіліп, шындалып отырады. Тіл фактілері, негізінен алғанда, синтаксистік құрылыстың тұрақтылығын, оның өзгерімпаз емес екендігін байқатады [7,12].

Академик Р.Сыздықова: «Бұл нағыз татар тіліне тән, өзіндік деп көрсетілген тұлғалар мен сөздерді қазақ тілінің өзіндік ерекшеліктері деп тануға әбден болатындығын ескертуге тура келеді» дейді де, ғалым ескерткіш тілі туралы мынадай тұжырымдардың бар екендігін айтады: 1) «Жылнама» өз заманындағы кітаби тілде жазылған, (И.Н.Березин, Ш.Уәлиханов, В.В.Вельяминов-Зернов,

А.Рахим). Бұл жерде «кітаби тіл» деп ортаазиялық түркі, яғни шағатай тілі танылып отыр. 2) Ш.Уәлиханов бұл ескерткіштің тілі «джағатай тілі», яғни қырғыз тіліне өте жақын келетіндігін (яғни қазақ тіліне) айтқан. Бұл шығарма шағатайша-қазақша тілде жазылған. (Ә.Марғұлан, Ә.Масанов), бұл пікірге Ш.Уәлиханов пен М.Әуезовтің көзқарастары да жақындайды. 3) Қадырғали өз шежіресін қазақтың жазба тілінде ұсынған (Қ.Жүнісбаев, А.Жиреншин, Т.Қордабаев). 4) «Тауарих» ескі татар тілінде (М.Усманов) немесе Еділ бойы түркілерінің тілінде жазылған (З.Хисамиева) [8,60].

XVII ғасырда жазылған Әбілғазы Баһадүр ханның «Түрік шежіресіне» келсек, оның өз тұсындағы шағатай тілінен өзгешелеу тілде, өз сөзімен айтсақ, түркі халықтарына ортақ «нағыз түрік тілінде» жазылғанын көреміз. Бұл сонда қазіргі қай халықтың тіліне жақын? «Шежіре» тіліне жасаған талдауларымыз оны қыпшақ тіліне жататын тілдерге, оның ішінде қазақ тіліне жақындатуға мол мүмкіндік береді [3,3], – дейді осы ескерткіш тілін зерттеген ғалым Б.Әбілқасымов.

Қазақ тілі Қазан төңкерісіне дейін тек халықтың ауыз әдебиетінде, тұрмыс және от басында ауызекі тіл дәрежесінде кең қолданылғаны болмаса, оның мемлекеттік тұрғыдан алғандағы қызметі жоқтың қас болды, баспасөз бетіндегі өрісі де өте тар болғаны белгілі. XIX ғасырдың 2-жартысы мен XX ғасыр басындағы көркем әдебиет өкілдерінің аздаған шығармалары болмаса, Ресейдің отаршылдық заманында мемлекеттік заң, құжаттар қазақ тілінде жазылмайтын. Ол кезде мемлекеттік мәні бар мәселелер ортаазиялық түркі жазба дәстүріндегі қазақтың ескі жазба әдеби тілінде (татар тілінің ықпалы тиген шағатай тілі, жазба тіл болғандықтан, зерттеушілердің бірқатары оны «кітаби тіл» деп те атайды) жазылатын. Бірақ оның қоюданылу аясы кең болмады, тек жеңіл-желпі іс

қағаздарында, ел билеушілердің өзара немесе патша әкімдерімен жазысқан хаттарында, оларға жазған арыз-хабарламаларында, өткен ғасырдың 2-жартысы мен үстіміздегі ғасырдың басындағы баспасөзде, кейбір көркем әдебиет өкілдерінің шығармаларында қолданылды [8,31-32].

ХҮ-ХҮІІІ ғасырлардағы әдебиет бізге ауызша жетті. Шалкиіздің өлеңдері ХІХ ғасырдың соңғы ширегінде, ХХ ғасырдың басында біраз жарияланды. Доспамбет пен Жиёмбеттің жеккелеген өлеңдері 200-300 жылдай ауыздан ауызға тарап, осы Шалкиіз өлеңдерімен қатарласа жарық көрді. Ауызша өмір сүрген, ауызша жеткен әдеби шығармаларды дәуірлеуге бару оңай емес. Өйткені мына өлең Шалкиіздікі, ал мына өлең Асанқайғынікі деп кесіп-пішіп айту мүмкіндігі аз, авторын белгілей алу қиындық тудырғаннан кейін, шыққан кезеңі жөнінде де нақты бірдеңе айту қиын, айтқан күннің өзінде айтылған пікірді дәлеледейтін жазба дерек жоқ [9, 61].

«Түркі шежіресінің» тілі бірнеше қабаттардан тұрады: а) көне түркілік қабат: біті (жазу), бұдүн (халық), ав (ау), еллік (кол), үгіз (өзен), ортағасырлық қабыт: даруаза (қақпа), бұрұн (мұрын), бас (кәллә) т.б. қазақ тіліне тән қолданыстар: сүт пішім, арқан бойы т.б. Сөз тудыруда –лық, –лік, –лұқ, –лік, –и (талаби), –сыз, –шы, –даш (қарындаш) жұрнақтары қолданылған [9, 92].

З.Н.Жуынтаева осы еңбектің ситаксистік құрылысының мәтінтүзімдік сипатын жан-жақты қарастырды. Онда сөз таптарының, сөйлемдердің, лексикалық қайталаулардың мәтін байланыстырудағы ерекшеліктері сөз болады [10]. Зерттеу нәтижесінде бұл ескерткіш тілінің де қазіргі қазақ тілімен сабақтастығы бар екендігі анықталды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қайдар Ә., Оразов М. Түркітануға кіріспе. – Алматы: Мектеп, 2004, -360 б.

2. Бүркіт О. Түркітану. – Алматы: Арыс, 2003, - 140 б.
3. Әбілқасымов Б. Әбілғазы ханның «Түркі шежіресі» және оның тілі. – Алматы: Арыс, 2001. – 245 б.
4. Мингулов Н., Көмеков Б., Өтениязов С. Қадырғали Жалайыр. Шежірелер жинағы. - Алматы: Қазақстан, 1997. – 128 б.
5. Сыздыкова Р. Язык «Жами’ат-Тауарих» Жалаири. – Алма-Ата: Наука, 1989. –243 с.
6. Қордабаев Т. Қазақ жазбалары тілінің синтаксисі. – Алматы, 1966. – 164 б.
7. Сыздықова Р., Қойгелдиев М. Қадырғали би Қосымұлы және оның жылнамалар жинағы. – Алматы: Қазақ университеті, 1991. –272 б.
8. Болғанбайұлы Ә., Қалиұлы Ғ. Қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы: Санат, 1997. – 256 б.
9. Момынова Б. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: қазақ университеті, 2011. – 283 б.
10. Жуынтаева З.Н. Тарихи мәтін синтаксисі. – Қарағанды: Издатсервис. – 2009. – 252 б.

Бақылау сұрақтары:

1. Жаңа түркі дәуірінің басқа кезеңдерден ерекшеліктері
2. Жаңа түркі дәуірінде қалыптасқан түркі тілдері туралы мәліметтер.
3. Жаңа дәуірдегі тарихи оқиғалар.
4. Жаңа дәуірдегі жазба ескерткіштер және олардың өзіндік ерекшеліктері.
5. Қазақ тіліне тән жазба мұралар.

Тапсырмалар:

1-тапсырма. *Түркі тілдерінің Жаңа дәуірінің алдыңғы дәуірлерден айырмашылығына түсінік беріңіз.*

2-тапсырма *Ү.Субханбердинаның «Дала уалаяты» газеті деген еңбегінен мәтіндермен жұмыс істеп, қазіргі қазақ тілімен салыстырыңыз.*

3-тапсырма. *Латын графикасымен шыққан «Қазақ грамматикасындағы» сөз таптарын қазіргі қазақ тіліндегі сөз таптарымен салыстырып, ерекшеліктеріне түсінік беріңіз.*

4-тапсырма *«Дала уалаяты» газетінен қазіргі қазақ тілінде кездеспейтін сөздерді көшіріп жазыңыз, түсінік беріңіз.*

5-тапсырма *«Түркістан уалаяты» газетінен сөйлемдер көшіріп жазыңыз, қосымшаларды қазіргі қазақ тілімен салыстырыңыз.*

6-тапсырма. *«30-жылдары қазақ тілінде шыққан жазба нұсқаларындағы сөйлем мүшелері» деген тақырыпта конспект жазыңыз.*

7-тапсырма. *«Жами-ат Тауарих» ескерткіші тілінің лексика-грамматикалық ерекшеліктерін көрсетіңіздер.*

1.Қара хан ның оғлы Оғуз атанды. Негә йыл падшаһ лық биледі. Ба'зи қарындашлары білән бір еді лер, екі бөлек болдылар – Қараханның ұлы Оғыз атанды. Неше жылдар бойы патшалықты биледі. Кейбір туысқандарымен бірге еді, екіге бөлінді. 2.Нух пайғамбар ‘алиа ассалам йер ні жануб дын тамшалға дегәч үч қисм қылды. Ол Хамға өз оғлан лары судан атасы ерді, йа’ни кара зәңги лер. Һиндустан мамлақатында аның нәслі турур. Ортасын Самға берді, араб ның, фарсының атасы турур, йа’ни араб уа ‘ажам аның нәслі турур, уа үчүнчі сі кім Йафес атрак ның атасы турур, йа’ни китаб сыз күн туғушындағы халқ аның нәслі турур. Йафес ні күн туғыш таба йіберді – Нұқ пайғамбар ғалейһыссалам жерді Оңтүстік пен Солтүстікке қарай үш бөлікке бөлген. Әуелі Хамға өз ұлдарын, Суданның атасы болған, яғни кара зәңгірлер еді. Хиндустан мемлекетінде оның ұрпақтары тұрады. Ортаншысын Самға берді, араб, парсының атасы

болатын, яғни араб пен аджім (парсының) нәсілі еді, ал үшіншісі Йафес түріктің атасы еді, яғни кітапсыз күн шығысындағы халықтар оның нәслінен еді. Йафесті күн шығысқа жіберді. 3. Ол оғлан анасының сүтін еме башлады. Нечүк бір йашады ерсе, бағайат ару сахиб жамал уа хуб сурат лығ болды - Әлгі сәби анасының сүтін еме бастады. Емгеннен кейін шектен тыс сұлу, суреттей сұлу болып өсе бастады. 4. Атасы Қара хан өз ағасы Көр хан дын туған ғайат хуб сахиб жамал қызы бер ерді. Аны Оғузға алды —Атасы Қара хан өз ағасы Көр ханның өте әдемі сұлу қызы бар еді. Оны Оғызға айттырып алып берді. 5. Күнлерде бір күн Оғуз йазыға аңға чықды. Дайим пусте араби тілі білән хұдай та'ала ның атын тілінде йүрутур ерді – Күндерде бір күн Оғыз жазда аңға шықты. Әрдайым араб тілінде құдай тағалланың атын қайталап айтып жүрер еді. 6. Тақы Қайду білән Начин ол йерден көчті лер. Моғол ның бір четі болур. Буркужин Тукум (ге) келді лер, уа жаһат аның суы бар ерді – Сондай-ақ Қайду мен Начин ол жерден көшті. Моғолдың бір шеті болатын Буркужин Тұқымға келді, онда жаһаттың суы бар еді. 7. Хытай ләшері фи алхал бір кечә білән отхас чөб йығыб сал бағлаб Келуранны кечті. Жалайыр ны чапты – Қытай әскері түннің бірінде қамыс шөптерден сал жасап тосаттан Келураннан жүзіп өтті. Жалайырды шапты. 8. Қайду хан Дотум мәнән нің оғлы ерді. Хақ та'ала ана андағ даулат берді. Нечә йыл лар моғол арасында падшаһ лық қылды. Ол заманда анлар хытай ның Алтан хан бірлән харбқа келішті ләр – Қайду хан Дотум-Мәнәннің ұлы еді. Хақ тағала оған көп дәулет берді. Неше жылдар моғол арасында патшалық қылды. Ол заманда олар Қытайдың Алтан ханымен бірге соғысты. 9. Үчүнчі оғлы Үгетай. Чиңгиз хан дын соң он үч йашында хан болды – Үшінші ұлы Үгетай. Шыңғыс ханнан соң он үш жасында хан болды.

8-тапсырма. *"Түркі шежіресі" мәтіндегі тілдік ерекшеліктерді қазіргі қазақ тілімен салаыстырыңыздар.*

1.Бір күн Берке хан ның көңіліке мұсылманлық ның махбетні салыб өзінің нахакқ еркенін білді... Көрдікім Бұхарадын көб керуен келіб тұрұр. Ол керуен нің ічіндин екі йахшы кішіні бір аулақ йерке чақырыб илатұб мұсылманлық ның тарих уа әдебіні сұрады. 2.Әбу сағид мырзадын көңілі йарым болған шағатай елі бүзүлүб Мұхаммед жөкі мырзаға келділер. Андын соң Ташкендке барыб кірді. 3.Әмірмәзид қолға түшмей шаһарке кірді, тақы даруазалар уа біржаларға кішілер тағайын қылды. Қабыл йарағын қылды. 4.Олтұрған кішілерінің барчасы менің сөзүмні йаман көрділер. Шәріф мұхаммеднің сөзін йахшы көрділер. 5.Екісі тақы пиада (жаяу). Өзүм барыб санадым. 6.Бу Йадкар хан ұғлы Әбулғазы тұрұр. Неч қачан бізке келіб бу жамағатдын кіші қонақ болғаны йоқ ерді. Біздін барған көп тұрұр. 7.Үкеніч уәлаятында. Тарих һижри мың тақы он төртде тауышқан йылы. 8.Бердібек хан ажаб залым табиғ уа фасық ічі қара бәд ниет кіші ерді . Ақа інісінде қарынташ қрқғында неч кіші қоймады. 9.Тоқтағу хан өлкендін соң Өзбек хан хан болды. Тақы еліні он үч йашында ата бабасы ның дәстүрі бірлән забат қылды. 10.Берке сұлтан Мұхаммед жөкі мырзаны шағатай ләшкәрі бірлән тоб қылды. Өзі сол болды. Әбулхайыр хан ның қошқан черікіне Беш кенд ұғлан текенні баш қылыб оң қылды.

Қазақ тілі тарихының дамуындағы Ең жаңа түркі дәуірі

Түркі тілдерінің дамуындағы ең жаңа дәуір түркі тілінің Қазан революциясынан кейінгі кезеңін қамтиды. Оның басқа дәуірлерден айырмашылығы сол – бұл дәуірде жаңа тілдер пайда болмайды, бір тіл екінші тілден бөлініп те шықпайды. Бірақ бұл дәуірде әуелде қалыптасқан тілдер коммуникативті қызметі жағынан дамып, стильдік жағынан сараланып, шыңдала түседі. Түркі тілдерінің стильдік тармақтары

патшалық Ресей кезінде қалыптаса бастаған болатын. Мысалы, 1870 жылы Ташкенттен «Түркістан уәлаяты газеті», 1912 жылы Орынбордан «Қазақ», Омбы қаласынан «Дала уәлаятының газеті» жарық көреді де қазақ тілінің публицистикалық стилінің пайда болуына, дамуына жағдай жасады. Ал Қазан революциясынан кейін ондаған қазақ тілінде газет-журналдар шығып, қазақ публицистикалық стилінің дамуына толық мүмкіндік берді. Кей стильдік тармақтардың жаңадан пайда болғандығын да жасыруға болмайды. Мысалы қазақ тілінің төл ғылыми стилі үстіміздегі ғасырдың 30-40 жылдары қалыптасты. Әрине, Қазан революциясына дейін ондаған тарих, география пәніне байланысты ғылыми еңбектер пайда бола бастады. Мысал ретінде Ш.Уәлихановтың, Қ.Жалаиридін еңбектерін көрсетуге болады. Бірақ Ш.Уәлихановтың сол хаттары да , әдебиет пен тарихқа байланысты еңбектері де орыс тілінде жарық көрген. Жалаиридін «Жами ат-тауарихы» ескі шағатай әдеби тіл үлгісінде жазылған. Бұл сияқты жағдай өзбек, түркімен түркі тілдерінің өміріне де байланысты [1, 181].

Түркі тілдерінің бұл дәуірдегі дамуы XX ғасырдағы ірі саяси оқиға – Қазан төңкерісі және соған байланысты ел ішіндегі өзгерістерімен, түркі тілдес мемлекеттердің тәуелсіздікке қол жеткізуімен байланысты.

О.Бүркіт түркі тілдерінің бұл кезеңде қарқынды дамуына негіз болған бірнеше фактор бар деп төмендегілерді көрсетеді:

1. Кеңестер Одағының ұстанған ұлт саясаты. (Республикалар мен автономиялы республикалар тәуелсіз мемлекетке толық сәйкес келмесе де, белгілі бір дәрежеде конституциялық заңмен қамтамасыз етілген мемлекеттік құрылымдар болатын).

2. Жаппай сауатсыздықпен күрес. Аз уақыттың ішінде түркі халықтары жаппай сауатты халықтар қатарына қосылды.

3. Бұрын ұлттық алфавиті жоқ көптеген түркі халықтары жазуға ие болды. Жаңа алфавиттің пайда болуына байланысты түркі тілдерінің орфографиялық және орфоэпиялық заңдылықтары қалыптасып, тілдік жүйесі нормаға келтіріле бастады.

4. Түркі тілдерінің алфавитін жетілдіру мақсатында араб шрифтiсiнен готикалық шрифтiге, одан кириллицаға ауысу процесi жүзеге асырылды.

5. Түркі тілдес халықтардың жеке және автономиялы республикаларының пайда болуы сол мемлекеттердің ұлттық тілінің дамуына әсерін тигізді. Бірте-бірте түркі тілдерінде мемлекеттік іс-қағаздар анна тілінде жүргізіліп, соның нәтижесінде ұлттық тілдер дами бастады.

6. Түркі тілдерінде ұлттық мектептердің ашылуы, ұлттық баспасөздің дамуы, ұлттық оқулықтардың жазылуы түркі тілдерінің дамуына белгілі дәрежеде оңтайлы жағдай туғызды.

7. Кенес үкіметінің ұлт саясаты тұңғыш реет көптеген түркі халықтарының бір мемлекет аясына шоғырлануына себепші болды.

8. Түркі тілдерінің жеке салалары ерекше дами бастады. Мысалы, жаңа алфавиттердің пайда болуына байланысты бұрын таңбаланбаған түркі тілдерінің дыбыстары жеке таңбалық белгілерге ие болып, түркі тілдерінің дыбыстық жүйесі тәртіпке келтірілді. әсіресе, түркі тілдері лексикасы қарқынды дамыды [2].

О.Бүркіт түркі тілдерінің қарқынды дамуы 1990-шы жылдардан бері қарай жүзеге асырыла бастағандығын айта келе, түркі тілдерінің ең жаңа дәуірдегі даму процесін үш кезеңге бөліп қарастырады:

1. Ұлттық автономиялар мен ұлттық республикалардың қалыптасу кезеңіндегі түркі тілдері (1917-1928 жж.);

2. Социалистік қоғам кезеңіндегі түркі тілдері (1928-1990 жж.);

3. Тәуелсіз мемлекеттер кезеңіндегі түркі тілдері (1990 жылдан бері қарай).

Бұл кезеңдердің алғашқы екеуі кеңес дәуірін қамтыса, соңғы дәуірдің алатын орны ерекше. Кеңес дәуірі түркі тілдерінің дамуына қолайлы жағдай ғана туғызып қойған жоқ. Бірте-бірте түркі тілдері тоқырау процесіне ұшырай бастады. Барлық түркі тілдес республикалар мен автономиялық облыстарда орыс тіліне ерекше мән беріліп, үстем бола түсті. Түркі тілдері өздері сөйлей алмайтын дәрежеге жетті. Ұлттық тілдер автономиялық облыстар түгіл, республикалардың өзінде тұрмыстық тілге айнала бастады. әсіресе, аз ұлттардың жағдайы өте қиындады.

1990 жылдардан бастап бұрынғы Кеңестер Одағының құрамына кірген түркі халықтарының тілі жана бағытта дами бастады. Түркі тілдері енді мемлекеттің барлық саласында толыққанды қолданыла алатын шын мәніндегі ресми тілге айналу процесін басынан өткеруде. Тәуелсіз түркі мемлекеттерінің тілдері шын мәніндегі мемлекеттік қамқорлыққа ие бола бастады. Бұрынғы түркі тілдес республикалардың барлығында «Тіл туралы заң» жарық көріп, ол заңда мемлекеттік тілдің дамуының бірнеше сатысы қамтылды. Мемлекеттік тілдің дамуына игілікті жағдай жасайтын комитеттер мен басқармалар пайда болды [2, 90-91].

Қазақ тілінің тарихы да өте күрделі, ол қазақ халқының халық болып қалыптасу дәуірінде оның құрамына енген ру-тайпалар тілінің негізінде пайда болған. Ал ол ру-тайпалар өз кезінде ғұндардың құрамына енген хазарлар мен бұғарлардың одағында болғаны белгілі. Бұл тайпалар бері келе қыпшақ және Алтын Орта құрамындағы басқа тайпалармен араласты. Өзбек ордасы мен Ноғай ордасының ыдырауы негізінде дүниеге келген қазақ, өзбек, қарақалпақ, ноғай халықтарының этникалық құрылымындағы ұқсастық, ру-тайпа атауларының сәйкестігі олардың бір кездерде

этникалық туыстығына байланысты. Кейбір ру-тайпа атауларының бірнеше халықтардың құрамында кездесуі – тығыз араласудың айғағы. Мысалы, қыпшақ этнонимі қазақ, қарақалпақ, ноғай, қырым татарлары, өзбек, алтай халықтарының құрамында кездеседі. Ол топоним ретінде де көптеген түркі аймақтарында ұшырайды. Сондай-ақ қаңлы, найман, қоңырат, телеу сияқты атаулары да түркі тілдес халықтар құрамынан табуға болады. Қазақтар мен ноғайлар Алтын Ордадан бөлініп шыққанда ондағы көптеген рулар екі жарылып, бір бөлегі ноғайларға, екінші бөлегі қазақ халқының құрамына енгендігі тарихтан белгілі.

1920-30-жылдардағы саяси-қоғамдық публицистикада көтерілген мәселелер: сол кездегі қазақ халқының экономика және мәдениет саласындағы жаңалықтар – отырықшыландыру, жергіліктендіру, коллективизация, сауат ашу, әйелдердің ерлермен бірдей білім алуға, жұмыс істеуге тең құқықтығы т.б. Осы жаңалықтарға байланысты публицистикалық әдебиетте байырғы қазақтың төл сөздері жаңа мағынада қолданылып, жаңа сөздер жасады. Мәселен, құн, кеңес, жарыс, күрес, бәйге, айтыс, құрылыс, қуат, жол, үгіт табыс т.т. жаңа терминдік мәнде жұмсалды [3, 117].

1920-30-жылдары бірқатар журналдардың белсенділігі артқаны, соған орай олардың қолданылу аясының кеңейгені байқалады. Мысалы: шығарма, қондырма, басқарма, жазба, электірлендіру, қоғамдастыру, тілші, сыншы, жұмыскер, қызметкер, келісім, өзгеріс, төңкеріс, екпінді, өнерлі, ортақшыл, төрешіл т.т. [3, 118].

Бұл ғалымдар Р.Сыздықованың пікіріне келісе отырып, қазақ әдеби тілінің даму тарихын 4 кезеңге бөліп қарайды: 1) көне әдеби тіл (ХҮ-ХҮІІ); 2) ескі әдеби тіл (ХҮІІІ-ХІХ ғасырдың бірінші жартысы); 3) жаңа жазба әдеби тіл (ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың 20-жылдарына дейін); 4) қазіргі әдеби тіл (кеңес дәуірінен бері) [4, 35].

ХҮ-ХҮІІ ғасырдағы қазақ әдеби тілін сипаттайтын нұсқаларға ақын-жыраулардың шығармаларын атауға болады.

Жыраулар тілінде көп кездесетін лексиканың бір түрі – қоғамның әлеуметтік құрылысы мен жауынгерлік тақырыбына байланысты сөздер: жұрт, халық, хан, қарақшы, қызметші, құл, дұшпан, жау, ер, батыр, би, бай, жамандар, жақсылар сияқты әлеуметтік атаулар, садақ, қылшан, ала балта, жебе, жезайыр сияқты қару-жарақ атаулары жиі ұшырайды [4,51].

Тіліміздің ең жаңа дәуірінде тіл білімінде жаңа бағыттар пайда болды. Қазіргі тіл білімі құрылымдық тіл білімі, семантикалық аспект, функционалдық, коммуникативтік қырлар, тіл білімінің ғылымның басқа салаларымен түйісуінен келіп шыққан пәндер болуымен сипатталады. Қазақ тіл білімін жалпы тіл білімінің аясында қарау, қазақ тіл білімінің әлемдік тіл білімінің жетістіктерін пайдалануын, өзіндік табыстарын айқындау тіл білімінің дамуына жол ашады.

Ежелгі тіл білімі заманынан бері анықталып келе жатқан оның ең негізгі мәселесі – тіл мен ойдың байланысы. Ал тіл арқылы берілетін ойдың арғы жағында сол тілде сөйлеушінің танымы, мәдениеті, психологиясы, өмір тәжірибесі т.б. рухани-прагматикалық жүйесі жататыны белгілі. Демек, тіл қызметін сол тілде сөйлеушінің жан-жақты қызметі мен болмысынан тыс қарау мүмкін емес. Ал ол қызмет тілдің ұжымдағы коммуникативтік қызметімен ғана шектелмейді. Себебі сол ұжымды ұйыстырушы, тұтастфрушы, біріктіруші және жаңа ұрпаққа ұластырушы да тіл қызметі. Яғни тілдік ұжымда тіл коммуникативті –прагматикалық қызметпен қатар танымдық, құжаттық (кумулятивтік) т.б. қызметтер де атқарады. Мемлекеттік мәртебеге ие тілде бұл қызметтер ерекше сипатта көрініс табуы тиіс. Олай болса, қазақ тілінің жан-жақты қоғамдық, әлеуметтік қызметін негіздейтін,

дәлелдейтін, айқындайтын, жаңғыртатын, жанжандыратын арқауын анықтауды мақсат ететін жаңаша сипаттағы антропологистикалық бағыт қазақ тіл білімінде де өріс алуы қоғамдық қажеттілік [5, 8].

Қазіргі тіл біліміндегі негізгі ұстанымдар мен қағидалар Қазақстан тіл білімінде жүзеге асып жатыр. Соның бірі – антропоцентризм ұстанымы. Антропоэзектік тіл білімі таңбаланушы мен таңбалаушының арасындағы инсанның рөлін анықтау мәселесінен келіп шықты. Психоллингвистика, танымдық тіл білімі осы қағиданы ұстанады. Сөз семантикасындағы уәждеме құбылысы да антропоцентризмге сүйенеді.

Антропологиялық лингвистика – тіл ғылымындағы антропоцентристік тәсілдің заманауи кезеңдегі ғылыми көрінісі – өзара айырмашылығы бар, алайда «адам мен оның тілі» деген мәселеге қатысты қызығушылығы бір көптеген бағыттар мен мектептердің, лингвистикалық ілімдер мен концепциялардың шартты ортақ атауы; міне, осы қатынас антропологиялық лингвистиканың нысаны болып табылады.

Антропологиялық лингвистика шартты түрде келесі бағыттарды біріктіреді: 1) «тіл және этнос» мәселесі: этнолингвистика, әлемнің тілдік бейнесі туралы теория, тілдік менталитетті зерделеу және т. б.; 2) «тіл және мәдениет» мәселесі: лингвокультурология, «мәдениет семантикасы», «мәдениет семиотикасы» және т. б.; 3) «тіл және таным» мәселесі: когнитивті лингвистика, әлемді тілдік тұжырымдау теориясы, тілдік миф теориясы және т. б.; 4) «тіл және қоғам» мәселесі: социоллингвистика, тілдік идеологизация теориясы, тілдік саналы қолдану, гендерлік лингвистика және т. б.; 5) «тіл және тұлға» мәселесі: психоллингвистика, тілдік тұлға теориясы, сананың өзгерген күйінің лингвистикасы және т. б.; 6) «тіл және қызмет» мәселесі: лингвистикалық грамматика, сөйлеу актілері теориясы, лингвистикалық функционализм,

коммуникативтік лингвистика және т. б.; 7) «адам – тіл – мәтін» мәселесі: мәтін лингвистикасы, лингвистикалық поэтика, эстетикадағы рецептивті талдау, герменевтика, көркем сөз прагматикасы, мәтін семиотикасы, интертекстуалдық теориясы және т. б.

Г.Смағұлова ұлттық тіл мен ұлт мәдениетінің тоғысуындағы өзара байланысты анықтап, мәдениет ұғымын мағыналас фразеологизмдердің бойынан тіл аспектісінде қарастырған. Ол өз еңбегінде лингвомәдениеттану пәнінің ерекшелігін былайша көрсетеді: «Лингвомәдениеттану – этномәдени және этнопсихологиялық факторлар мен тілдегі ұлттық мәдени мағына компоненттерін тіл арқылы мәдениеттану бағытында зерделеп, тілдің дәл қазіргі қолданыс қызметін көрсететін ұлттық ерекшелігін ешбір идеологиясыз, заманға сай келбетін таныту. Бұл ретте тіл-ұлт мәдениет дейтін үштік (триада) лингвомәдениеттану пәнінің зерттеу нысаны болмақ» [6, 147].

Лингвомәдениеттанудың өркениетте, қоғамдық ғылымдармен қатар дамуын тілдік тұрғыдан сөз ету пәнінің зерттеу объектісін нақтылай түседі. Осы жайт тұрғысында, сондай-ақ, көне тіл деректері лексикамызда сөзжасам саласының қызметін арттыруда халқымыздың мәдени өмірімен байланысты екенін тілші А.Салқынбайдың мына пікірі толықтырады: «Тілдік деректерді лингвомәдени аспектіде зерттеу – ең әуелі тілдер арасындағы жалпыадами гуманитарлық, мәдени, өркениеттілік қырларды айқындау болып табылады. Табиғаттағы, әлемдегі құбылыстар, қоғамдағы сана мен салт, бәрі де тілде өз көрінісін табадындықтан, атау мен оның жасалу сипаты лингвомәдени аспектіде қарастырады» [6, 41].

Этнолингвистика жалпы тіл байлығын толық қамти отырып, қызығушыны этностың болмысына байланысты тілінде қалыптасып, оның қат-қабат қойнауларында

сақталып келе жатқан көненің көзіндей сыры мол дүниеге тереңірек үңілуге бағдарлайды.

Тұрақты сөз орамдарының мәдени-ұлттық мазмұнын халық тілінің байырғы лексикасының сан алуан сырына байланысты көптеген нақты пікірлерді осы саланы “індете” зерттеп жүрген маман-ғалым Н.Уәлиевтің еңбегінен табамыз. Автор: «Халық өзінің өткен дәуірлердегі наным-сенімін, түйсік-түсінігін, ой-қиялын, тыныс-тіршілігін аз сөздің аясына сыйдырып, әрі нәрлі, әрі әрлі етіп ерекше өрнектей білген. Түп төркіні беймәлім сөздердің сәті түсіп, кілті табылғандай болса, көп нәрсені баян етіп, халықтың өткендегі ой-қиялы, тыныс-тіршілігі, дүниетанымы туралы сыр шертіп тұрады» [7, 12].

Қазақ тіл біліміндегі жаңа бағыттар жайында Б.Момынованың еңбегін атауға болады [8].

Қазіргі кезеңде де тіліміздің даму тарихына сыртқы жағдайлар өз әсерін тигізбей қоймайды. Сондықтан лексика саласында көптеген жаңа сөздердің еніп жатқан белгілі. Қоғам өзгеруі, онымен байланысты сана жаңғыруы рухани құндылық рухани құндылықтарымызды бағалауға қатысты бұның қалыптасқан қағидалары мен ғылыми зерттеу нәтижелеріне де ұлттық таным мен мүдде тұрғысынан қарауды қажет етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 Қайдар Ә., Оразов М. Түркітануға кіріспе. – Алматы: Мектеп, 2004. – 360 б.

2 Бүркіт О. Түркітану. – Алматы: Арыс, 2003. – 140 б.

3 Мажитаева Ш. XX ғасыр басындағы қазақ әдеби тілі. – Қарағанды: қарағанды университеті, 2004. – 189 б.

4 Әбілқасымов Б., Мажитаева Ш. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Қарағанды: ҚарМУ, 2009. – 242 б.

5 Манкеева Ж. Қазақ тіліндегі этномәдени атауларды танымдық негіздері. – Алматы: Жібек жолы, 2008. – 356 б.

6 Смағұлова Г. Мәтін лингвистикасы. – Алматы, 2002.

7 Уәлиев Н. Фразеология және тілдік норма. – Алматы, 1996.

8 Момынова Б. Тілдегі жаңа бағыттар мен типтік қатынастар. – Алматы: Арыс, 2009. – 159 б.

Бақылау сұрақтары:

1 Қазақ әдеби тілі жайындағы пікірлер.

2 Әдеби тілдің грамматикалық нормалары.

3 Қазіргі тіліміздің дамуындағы жаңа бағыттар.

Тапсырмалар:

1-тапсырма. *Түркі тілдерінің дамуындағы Ең жаңа түркі дәуіріне сипаттама жасаңыз. Төмендегі мәселелерді қамтыңыз.*

1. Қай мерзімді қамтиды?

2. Өз ішінен қандай кезеңдерге бөлінеді?

3. Түркі тілдерінің 90 жылдардан бергі кезеңдегі зерттелуі.

4. Қазақ тілінің бүгінгі жай-күйі.

5. Түркі халықтары қолданылатын әліпби мәселесі.

2-тапсырма. *Ең жаңа түркі дәуірінің үш кезеңіне сипаттама беріңіз.*

3-тапсырма. *Түркі тілдері дамуының ең жаңа дәуірінде қалыптасқан түркі тілдерінің фонетикалық жүйесіндегі өзгерістерді көрсетіңіз.*

4-тапсырма. *Түркі тілдерінің лексикалық жүйесіндегі өзгерістерді көрсетіңіз.*

5-тапсырма. *«Түркітану ғылымындағы (лингвистикалық) соңғы зерттеулер» деген тақырыпта баяндама дайындаңыз.*

6-тапсырма. *Төмендегі мәтінге этнолексикаға байланысты талдау жасаңыз.*

Сүтін жайлап, ілегенін төгіп. Күлін шығарып, ыдыс аяғын жуып болған соң, Алтынай пештің түбіндегі шекпен жапқан кара аяққа ұн салып алып, жүресінен отырып, тоқырандап бауырсақ иледі. Қолдары машинаша жылпылдап, дереу есіп кесті де, шошалаға барып от жақты. Молданың үйінің үлкен бақырын әкеп, алқымына көсеу тіреп, қоңырсытып, бауырсақ пісіріп отырғанда талтандап, қалталақтап, көзін ашып- жұмып, манаурап, жалаңбұт Медеужаны да келді.

Күнікейге камзол, көйлек, өзіне кебіс, шапан, Жұматайға күпі керек. Құлтуманы қойшы, о түгілі Күнікейге жаңа көрпе, жастыққа тыс, кестелі орамал, ақ шымылдық, сары қол сандық, қызыл сал керек. Тұяқ: «Есік көрсет, малыңды алып, қалыңдығымды бер», - деп қыңқылдағалы қашан. Қысқы азығы, соғымы тағы келеді. Үш канат желкөз баспананың туырлығы жұлдыз- жұлдыз: бүктеумен, жазумен, артумен, тігумен, сұрғылданып, өзі үлдіреп тозығы жеткен құрымға қой сүйкеніп, лақ секіріп, сиыр мүйіздеп, сау тамтығын тастамады. Бір жағынан бозбаласы түскір іргенің сикын кетіріп бітті: шиде қирамаған аяқ, үзілмеген бау қалған жоқ.

Өздік жұмыс тақырыптары:

1. Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі дыбыстық сәйкестіктердің қазіргі түркі тілдеріндегі сипаты.
2. Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі дауысты дыбыстардың қазіргі қыпшақ тілдеріндегі сипаты.
3. Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі дауыссыз дыбыстардың қазіргі қыпшақ тілдеріндегі сипаты.
4. Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі дауыссыз дыбыстардың қазіргі қарлұқ тілдеріндегі сипаты.
5. Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі дауыссыз дыбыстардың қазіргі қырғыз-қыпшақ тілдеріндегі сипаты.
6. Руникалық көне түркі алфавитінің құрамы жайлы көзқарастар

7. М.Қашқаридің «Диуани лұғат-ит-түрк» еңбегінің зерттелу жайы. Сөздіктің түркі халықтары үшін маңызы.

8. Орхон-Енисей жазба ескерткіштеріндегі туыстық атаулар.

9. Көне ұйғыр жазба ескерткіштерінің фонетикасы.

10. Көне түркі жазба ескерткіштерінің фонетикасы.

11. Араб жазуындағы XI-XVI ғасыр түркі тілдес ескерткіштері, олардың тіл ерекшеліктері.

12. Түркі тілдерінің қоныс ыңғайына қарай орналасуы.

Бақылау жұмыс тақырыптары:

1. М.Қашқаридің «Диуани лұғат-ит-түрк» еңбегіндегі фонетикалық құбылыстар.

2. Орхон-Енисей жазба ескерткіштеріндегі үндестік заңының қазіргі қыпшақ тіліндегі сипаты.

3. М.Қашқаридің «Түрік сөздігіндегі» мақал-мәтелдер.

4. Қ.А.Иассаuidің «Диуани хикметіндегі» септік жалғаулары.

5. Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі есімдіктің септелуі.

6. Алтай тілдерінің ортақ белгілері.

7. Түркі-моңғол тілдеріндегі лексикадағы ұқсастықтар.

8. Түркі-моңғол тілдеріндегі фонетикадағы ұқсастықтар.

9. Түркі-моңғол тілдеріндегі грамматикадағы ұқсастықтар.

10. Көне жазба ескерткіштерінің зерттелуі.

12. М.Қашқаридің «Диуани лұғат-ит-түрк» еңбегіндегі туыстық атаулардың қазіргі тілдердегі қолданысы.

13. Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі дауысты дыбыстардың қазіргі түркі тілдерінде қолданысы.

14. Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі дауыссыз дыбыстардың қазіргі түркі тілдерінде қолданысы.

15. Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі сан есімдердің қазіргі түркі тілдерінде қолданысы.

ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР:

Негізгі әдебиеттер:

1. Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. – Алматы: Мектеп, 1988. – 264 б.

2. Томанов М. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 190 б.

3. Баскаков Н.А. Историко-типологическая фонология тюркских языков. – Москва: Наука, 1988. – 146 с.

4. Серебренников Б.А., Гаджиева Н.З. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. – Москва: Наука, 1986. – 302 с.

5. Айдаров Ғ., Томанов М., Құрышжанов Ә. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. – Алматы: Мектеп, 1971. – 272 б.

6. Базылхан Н. Қазақ және моңғол тілдерінің салыстырмалы-тарихи грамматикасы. – Алматы, 1999. – 165 б.

7. Баскаков Н.А. Введение в изучение тюркских языков. – Москва: Высшая школа, 1969. – 383с.

8. Сабыр М. Құтыптың «Хұсрау мен Шырын» поэмасының лексика-грамматикалық сипаты. Монография. – Орал: Ағартушы, 2013. – 276 б.

9. Шаймердинова Н. Репрезентация в языке древнетюркской картины мира. - Астана: Арман-ПВ, 2009. - 250 с.

10. Сабыр М. Көне түркі тілі. – Орал: Ағартушы, 2007. – 157 б.

11. Жуынтаева З.Н., Тұрсынова М.А. Көне түркі тілі. Оқу-әдістемелік құрал. – Қарағанды: ЖІШС «Санат-Полиграфия», 2009. – 135 б.

12. Ескеева М. Көне түркі және қазіргі қыпшақ тілдерінің моносиллабтық негізі. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007. – 360 б.

13. Сағидолда Г. Түркі-моңғол дүние бейнесінің тілдік фрагменттері. - Астана: Сарыарқа, 2011. - 302 б.

14. Сағидолда Г. Түркі-моңғол тілдік байланысы: топонимия және фразеология. - Астана: Кантана Пресс, 2011. - 354 б. Ерімбетова, А. Х. Түркі тілдеріндегі дауыссыз дыбыстардың архитиптері. - Астана: Сарыарқа, 2011. - 172 б.

15. Сулейменов О. Атамзаманғы түркілер (Тарихқа дейінгі түркілер). - Алматы : Олжас кітапханасы, 2011. - 352 б.

16. Ескеева М. Көне түркі жазба мұраларының лингвофилософиялық негізі. - Астана : Сарыарқа, 2011. - 319 б.

17. Исабекова Ұ. К. Орта ғасырдағы түркі тілдерінің даму тарихы. - Астана : Сарыарқа, 2011. - 223 б.

18. Тұрсынова М.А. Түркі тілдерінің дыбыс жүйесі. – Қарағанды, 2011. – 100 б.

19. О.Бүркіт О. Түркітану. – Алматы: Арыс, 2003. – 140 б.

20. Тектіңұл Ж. Қазақ тіліндегі түркі негізді аффикстердің эволюциясы. – Алматы: Ғылым, 2002. – 302 б.

21. Ескеева М.Қ. Түркі тілдері жүйесіндегі қазақ тілінің тарихи орны. – Астана: Кантана Пресс, 2011. – 420 б.

Қосымша әдебиеттер:

1. Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков. – Москва: Наука, 1978. – 349 с.

2. Ысқақов А. Қазақ тілінің фономорфологиялық құрылысын тарихи тұрғыдан сараптау. – Алматы: РБК, 1999. – 186 б.

3. Айдаров Ғ. Күлтегін ескерткіші – Алматы: Ана тілі, 1995. – 232 б.

4. Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы, 1998. – 304 б.
5. Древнетюркский словарь. – Ленинград: Наука, 1969. - 676 с.
6. Қашқари М. Түрік сөздігі. – Алматы: Хант, 1998. – 590 б.
7. Сартқожаұлы Қ. Байырғы түрік жазуының генезисі. - Астана: Арыс, 2007. - 301 б.
8. Сағындықұлы Б. Фонологические закономерности развития лексики тюркских языков. - Алматы: Арыс, 2009. - 305 с.
9. Тұрсынова М.А. Қазақ, қырғыз, өзбек тілдерінің салыстырмалы фонетикасы. Оқу құралы –Қарағанды: ЖШС «Санат-Полиграфия», 2006. – 116 б.
10. Құлжанова Б.Р. XI-XII ғасырлардағы түркі әдеби ескерткіштері тіліндегі зат есімдер. - Алматы: Қазақ университеті, 2008. - 131 б.
- 9 Түрік бітік [Электронды ресурс]. - Алматы: Қазақ ұлттық пед. ун-ті, 2008.
10. Бизаков С. Түбі бір түркілер [Электронды ресурс] - - Алматы: Қаз.энцикл., 2000. – 319 б.

Дұрыс жауабымен тест үлгілері

\$\$\$ 1

Орхон-Енисей ескерткіші тән дәуір:

- A) Алтай дәуірі.
- B) Көне түркі дәуірі.
- C) Ғұн дәуірі.
- D) Орта түркі дәуірі.
- E) Жаңа түркі дәуірі.

\$\$\$ 2

Алтай дәуірінің мерзімі:

- A) I-III ғасыр
- B) Мерзімі белгісіз
- C) III-IV ғасыр
- D) I-II ғасыр
- E) IV-V ғасыр

\$\$\$ 3

«Диуани лұғат-ит-түрк» пен «Құтадғу біліктің» авторы:

- A) Қ.Иассауи.
- B) Ж.Баласағұн.
- C) М.Қашқари.
- D) М.Замахшари.
- E) А.Х.Андалусий.
- F) А.Байтұрсынұлы.
- G) С.Малов.

\$\$\$ 4

Орта түркі дәуірінің кезеңдері:

- A) Бұлғар, хазар.
- B) Көне ұйғыр.
- C) Түріктер.
- D) Қараханидтер.
- E) Моңғолдар.
- F) Қыпшақтар.

\$\$\$ 5

Ескерткіштер тіліндегі дене мүшелеріне байланысты сөз:

- A) Адағ.
- B) Құлғақ.
- C) Йаз.
- D) Қапығ.
- E) Күмүш.
- F) Сач.
- G) Алтун.
- H) Будун.

\$\$\$ 6

Көне түркі тіліндегі табиғат құбылыстарына байланысты сөз:

- A) Адақ.
- B) Йер.
- C) Қыз.
- D) Себ.
- E) Баш.
- F) Таш.
- G) Чөл.
- H) Оғул.

\$\$\$ 7

Көне түркі тіліндегі мал атаулары:

- A) Адағ.
- B) Таш.
- C) Адғыр.
- D) Қапығ.
- E) Йонт.
- F) Іңгек.
- G) Таш.
- H) Чөл.

\$\$\$ 8

Көне түркі тіліндегі соғыс ісіне байланысты атаулар:

- A) Сү.
- B) Таш.
- C) Оғул.
- D) Қапығ.
- E) Сүнүш.
- F) Ок.
- G) Йер.
- H) Қыз.

\$\$\$ 9

Ғұн дәуірі мен Алтай дәуірінің мерзімі:

- A) Мерзімі белгісіз
- B) Б.д.д III ғ.-б.д. V ғ.
- C) Б.д.д. II ғ.
- D) V-VI ғ.

Е) II-III ғ.

Ғ) 1917 жылдан бері.

\$\$\$ 10

Жаңа түркі дәуірі мен Ең жаңа түркі дәуірінің мерзімі:

А) X-XY ғ.

В) XII-XY ғ.

С) X-XX ғ.

Д) XY-XX ғ.

Е) Y-X ғ.

Ғ) 1917 жылдан бері.

Г) Мерзімі белгісіз.

\$\$\$ 11

«Диуани лұғат-ит-түрк» ескерткіші жазылған дәуір:

А) Орта түркі дәуірі.

В) Жаңа түркі дәуірі.

С) Көне түркі дәуірі.

Д) Ең жаңа түркі дәуірі.

Е) Ғұн дәуірі.

Ғ) Алтай дәуірі.

\$\$\$ 12

«Құтадғу біліг» ескерткіші тиісті дәуір:

А) Көне түркі дәуірі.

В) Жаңа түркі дәуірі.

С) Ең жаңа түркі дәуірі.

Д) Ғұн дәуірі.

Е) Орта түркі дәуірі.

Ғ) Алтай дәуірі.

\$\$\$ 13

Көне түркі дәуірінің мерзімі:

А) Y-X ғ.

В) YI-X ғ.

С) X-XI ғ.

Д) XII-XIII ғ.

Е) IY-YI ғ.

F) XIX-XX ғ.

\$\$\$ 14

Ең жаңа түркі дәуірінің мерзімі:

A) XY ғ.- қазіргі кезеңге дейін.

B) 1980 жылға дейінгі кезең.

C) 1917 жылдан қазіргі кезеңге дейін.

D) 1917 жылға дейінгі кезең.

E) X-XY ғ.

F) Y-X ғ.

\$\$\$ 15

«Мухаддимат ул-адаб» еңбегінің авторы:

A) М.Қашқари.

B) Андалусий.

C) Замахшари.

D) Ә.Баһадүр.

E) В.Радлов.

F) Ж.Баласағұн.

\$\$\$ 16

Көне түркі жазуының сыры ашылған күн:

A) 15 желтоқсан 1895.

B) 15 желтоқсан 1892.

C) 15 желтоқсан 1899.

D) 15 желтоқсан 1898.

E) 15 желтоқсан 1893.

F) 15 желтоқсан 1890.

\$\$\$ 17

Көне түркі тіліндегі дыбыс үндестігі сақталмай тұрған сөз:

A) Үгүзке.

B) Бардым.

C) Болты.

D) Қағанға.

E) Келті.

F) Қағаным.

G) Сабым.

Н) Йолдан.

\$\$\$ 18

Қараханид түріктерінің тілінде жазылған ескерткіш:

А) Кодекс Куманикус.

В) Дивани лұғат ит-түрк.

С) Мұқадиммат ал-адаб.

Д) Тефсир.

Е) Мухаббатнама.

Ғ) Китаб тарджуман фарси уа түрки уа моғоли.

Г) Алтын йарук.

\$\$\$ 19

Орта Азия түріктерінің тілінде жазылған ескерткіш:

А) Кодекс Куманикус.

В) Дивани лұғат ит-түрк.

С) Мұқадиммат ал-адаб.

Д) Тефсир.

Е) Мухаббатнама.

Ғ) Китаб тарджуман фарси уа түрки уа моғоли.

Г) Алтын йарук.

\$\$\$ 20

Құман қыпшақтарының тілінде жазылған ескерткіш:

А) Кодекс Куманикус.

В) Дивани лұғат ит-түрк.

С) Мұқадиммат ал-адаб.

Д) Тефсир.

Е) Мухаббатнама.

Ғ) Китаб тарджуман фарси уа түрки уа моғоли.

Г) Алтын йарук.

Сұрақ нөмірі	Дұрыс жауап	Сұрақ нөмірі	Дұрыс жауап
1	В	11	А
2	В	12	Е
3	ВС	13	А

4	DE	14	C
5	ABF	15	C
6	BFG	16	E
7	CEF	17	ACE
8	AEF	18	BDG
9	AB	19	CEF
10	DF	20	A

МАЗМҰНЫ:

Алғысөз	3
Тіл тарихын дәуірлеу мәселесі	7
Шумер жазуы мен көне түркі жазуының арасындағы сабақтастық	12
Қазақ тілі тарихының дамуындағы Алтай дәуірі	21
Қазақ тілі тарихының дамуындағы Ғұн дәуірі	33
Қазақ тілі тарихының дамуындағы Көне түркі дәуірі	39
Қазақ тілі тарихының дамуындағы Орта түркі дәуірі	59
Қазақ тілі тарихының дамуындағы Жаңа түркі дәуірі	72
Қазақ тілі тарихының дамуындағы Ең жаңа түркі дәуірі	82
Өздік жұмыс тақырыптары	92

Бақылау жұмыс тақырыптары	92
Дұрыс жауабымен тест үлгілері	96

Репозиторий Қарғу

О қ у б а с ы л ы м ы

Жуынтаева З.Н., Тұрсынова М.А.

ҚАЗАҚ ТІЛІ ТАРИХЫН ДӘУІРЛЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Авторлық түпнұсқадан басылды.

Репозиторий қарту